

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Пәлсапаттық және
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор

Алуа Жолдыбалина,

ҚР Президенті жанындағы

ҚСЗИ-дің бөлім жетекшісі

Шығаруға жауапты:

А. Арзықұлов

Редакция мекенжайы:

Қазақстан Республикасы,

010000, Астана қаласы,

Бейбітшілік көшесі, 4

ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20

Факс (7172) 75-20-21

E-mail: office@kisi.kz

www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының

Мәдениет, ақпарат және қоғамдық

келісім министрлігінде 2003 ж.

19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы

№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414 - 5696

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды

көшіріп басқан, микрофильмдеген

жағдайда журналға сілтеме жасалынуы

міндетті. Жарияланған мақала

авторларының пікірі редакция

көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

ҚБ «ҚСҚ» «Бұланды» КФ

басылып шығарылды.

Макинск қ.,

Громов көш., 73,2.

Таралымы 500 дана.

Қоғам &
Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Дана Әшімханова

NEET санатындағы жастардың пайда болу факторлары мен қоғамға қауіп-қатер дәрежесі туралы жастардың өз пікірі.....6

Ольга Калдыбаева

Қазіргі заманғы қазақстандық жастардың еңбек мәдениетінің маңызды құраушысы ретіндегі еңбек қатынастары.....18

Бахытжамал Бектұрғанова,

Мадина Нұрғалиева

Тәуелсіздіктің құрдастары: қазақстандық жастардың ұлттық-діни бірегейленуі.....29

ПэрТешендорф, Толғанай Үмбеталиева,

Ботагөз Рақышева, Айнұр Мажитова

Қазақстан жастары: саяси құндылықтар, қызығушылықтар және белсенділік.....43

Абзал Нүкенов

Қазақстан жастары: бүгін басталған болашақ.....79

Бектай Орманов

Мемлекеттік жастар саясаты: аймақтық проблемалар.....87

ҚОҒАМ. ТАРИХ. ФИЛОСОФИЯ

Қарлығаш Нұрмұхамет

«Азамат» ерлер философиясы.....95

Рауан Кемербай

Мәңгілік Ел идеясы – Жерұйық.....110

СОДЕРЖАНИЕ

Дана Ашимханова

Факторы появления молодежи категории NEET и мнение самой молодежи о степени ее угрозы обществу.....6

Ольга Калдыбаева

Трудовые установки как важнейшая составляющая культуры труда молодежи современного Казахстана.....18

Бахытжамал Бектурғанова,

Мадина Нурғалиева

Ровесники независимости: этнорелигиозные идентификации казахстанской молодежи.....29

Пэр Тешендорф, Толғанай Үмбеталиева,

Ботагөз Рақишева, Айнұр Мажитова

Молодежь Казахстана: политические ценности, интересы и активность.....43

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Пәсілденіп Қолданғанда,
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

Абзал Нукенов
Молодежь Казахстана:
будущее начинается сегодня.....79

Бектай Орманов
Государственная молодежная политика:
региональные проблемы.....87

ОБЩЕСТВО. ИСТОРИЯ. ФИЛОСОФИЯ

Карлыгаш Нурмухамет
Понятие «Азамат» в казахском миропонимании.....95

Рауан Кемербай
Жеруыйық – идея Мангилик ел.....110

CONTENTS

Dana Ashimkhanova
Factors for the emergence of NEET youth and
the opinion of the youth about degree of threat to society.....6

Olga Kaldybayeva
Work attitudes as the most important
component of labor culture of young people
of modern Kazakhstan.....18

**BakhytzhamaI Bekturganova,
Madina Nurgaliyeva**
Coevals of Independence: Ethnic and Religious
Identities of Kazakhstan's Youth.....29

**Peer Teshendorf, Tolganai Umbetalieva,
Botagoz Rakisheva, Ainur Mazhitova**
Youth of kazakhstan: political values,
interests and activity43

Abzal Nurkenov
Kazakhstan's Youth: Founding the Future Now.....79

Bektai Ormanov
State youth policy: regional issues.....87

SOCIETY. HISTORY. PHILOSOPHY

Karlygash Nurmukhamet
Concept of «Azamat» in Kazakhs' Worldview.....95

Rayan Kemerbai
Zheruыйық – The Idea of Mangilik El.....110

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- Ерлан ҚАРИН** – Редакциялық кеңестің төрағасы,
«Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрағасы,
саяси ғылымдарының кандидаты
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – Бас редактор, ҚР Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер
институтының бөлім жетекшісі, Ph.D
- Гүлназ ҚАСЫМОВА** – редактор, ҚР Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер
институты Әлеуметтік-саяси зерттеулер
бөлімінің ғылыми қызметкері
- Уямо ТОМОХИКО** – Хоккайдо университеті жанындағы Славян
зерттеулер орталығының профессоры
(Жапония), Ph.D
- Уильям ФИЕРМАН** – Индиана университетінің профессоры
(АҚШ), Ph.D
- Сон ЮНХУН** – Ханкук университетінің профессоры
(Оңтүстік Корея), Ph.D
- Буркитбай АЯГАН** – ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы
институтының директоры, тарих
ғылымдарының докторы, профессор
- Казбек ИСАЕВ** – ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның
стратегиялық зерттеулер институтының
ғалым хатшысы, тарих ғылымдарының
кандидаты
- Мейрам ҚАЖЫКЕН** – Қазіргі заманғы қоғамды зерттеу
институтының директоры, экономика
ғылымдарының докторы
- Ботагөз РАКИШЕВА** – «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының
жобалар директоры, әлеуметтану
ғылымдарының кандидаты
- Айгуль САДВОКАСОВА** – ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік
басқару академиясының Орталық
Азия өңіріндегі этносаралық және
конфессияаралық қатынастарды зерт-
теу жөніндегі орталықтың басшысы,
әлеуметтану ғылымдарының докторы

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Ерлан КАРИН** – председатель Редакционного совета, председатель правления АО «РТРК Казахстан», кандидат политических наук
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – шеф-редактор, руководитель отдела Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D
- Гульназ КАСЫМОВА** – редактор, научный сотрудник Отдела социально-политических исследований Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК
- Уямо ТОМОХИКО** – профессор Центра славянских исследований Университета Хоккайдо, Ph.D (Япония)
- Уильям ФИЕРМАН** – профессор университета Индиана, Ph.D (США)
- Сон ЮНХУН** – профессор Ханкукского университета, Ph.D (Южная Корея)
- Буркитбай АЯГАН** – директор института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук, профессор
- Казбек ИСАЕВ** – ученый секретарь Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, кандидат исторических наук
- Мейрам ҚАЗЖЫКЕН** – директор Института исследований современного общества, доктор экономических наук
- Богагоз РАКИШЕВА** – директор проектов исследовательского института «Общественное мнение», кандидат социологических наук
- Айгуль САДВОКАСОВА** – руководитель Центра по изучению межэтнических и межконфессиональных исследований в Центральноазиатском регионе при Академии государственного управления при Президенте РК, доктор социологических наук

THE EDITORIAL BOARD

- Yerlan KARIN** – Chairman of Editorial Board, CEO of “Kazakhstan” Broadcasting Corporation, Candidate of Political Sciences
- Alua ZHOLDYBALINA** – Chief Editor, Head of Department of Kazakhstan Institute for Strategic Studies under President of Kazakhstan (KazISS), Ph.D
- Gulnaz KASSYMOVA** – Editor, Research Fellow of Department of Social and Political Analysis of KazISS under President of Kazakhstan
- Uyamo TOMOHIKO** – Slavic-Eurasian Research Center, University of Hokkaido (Japan), Ph.D, Professor
- William FIERMAN** – Department of Central Eurasian Studies, Indiana University Bloomington (USA), Ph.D Professor
- Song YONGHONG** – University of Hankuk, Ph.D (South Korea), Professor
- Burkitbai AYAGAN** – Director of Institute of History of State, Ministry of Education and Science of Kazakhstan, Doctor of History, Professor
- Kazbek ISSAYEV** – Secretary for Research and Academic Affairs of KazISS under President of Kazakhstan, Candidate of Historical Sciences
- Meiram KAZHIKEN** – Director of Institute of Contemporary Societal Studies, Doctor of Economics
- Botagoz RAKISHEVA** – Projects Director, “Public Opinion” Research Institute, Candidate of Sociology
- Aigul SADVOKASSOVA** – Head of Center of Inter-ethnic and Inter-confessional Studies in Central Asia, Academy of Public Administration under President of Kazakhstan, Doctor of Sociology

ҒТАМР
04.41.61

Дана Әшімханова
*ғылыми-әдіснамалық басқарма басшысы,
«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы,
Астана қ., Қазақстан*

NEET САНАТЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУ ФАКТОРЛАРЫ МЕН ҚОҒАМҒА ҚАУШ-ҚАТЕР ДӘРЕЖЕСІ ТУРАЛЫ ЖАСТАРДЫҢ ӨЗ ПІКІРІ

Аңдатпа. Мақалада NEET санатындағы жастардың пайда болу факторлары, жұмыспен қамтылған жастар тарапынан бұл құбылыстың бар болу фактісін қабылдауы қарастырылған. Жұмыспен қамту келешектері және жұмыссыздық себептері туралы NEET жастары өкілдерінің пікірлеріне назар аударылған. Мақала Қазақстанда 2016 жылдың жазында жүргізілген әлеуметтік зерттеу деректеріне негізделген. Әлеуметтік зерттеудің негізі ретінде 2000 адам көлемін қамтитын кездейсоқ репрезентативті іріктеуді қолдану арқылы жүзеге асырылатын жаппай сауалнама үлгісі қолданылды.

Түйін сөздер: жастар, NEET санатындағы жастар, еңбек нарығы, еңбекке әлеуметтенуі, жұмыссыздық, жұмыспен қамтамасыз ету.

Дана Ашимханова **ФАКТОРЫ ПОЯВЛЕНИЯ МОЛОДЕЖИ КАТЕГОРИИ NEET И МНЕНИЕ САМОЙ МОЛОДЕЖИ О СТЕПЕНИ ЕЕ УГРОЗЫ ОБЩЕСТВУ**

Аннотация. В статье рассматриваются факторы возникновения молодежи категории NEET, восприятие факта существования данного явления со стороны занятой молодежи. Уделено внимание мнению представителей молодежи NEET о перспективах трудоустройства и о причинах безработицы. Основу статьи составили данные социологического исследования, проведенного летом 2016 г. в Казахстане. Базовым методом социологического исследования выступил массовый опрос с применением случайной репрезентативной выборки объемом 2000 человек.

Ключевые слова: молодежь, молодежь категории NEET, рынок труда, трудовая социализация, безработица, трудоустройство.

Dana Ashimkhanova

NEET YOUTH: FACTORS OF EMERGENCE AND THREAT POTENTIAL IN YOUTH'S OPINION

Abstract. This article examines the factors of the emergence of the NEET youth and the perception of this phenomenon either by the young people who are employed or are in education and training. A particular attention is paid to the opinion of NEET youth themselves about their employment opportunities and the causes of their unemployment. The article is sourced by the data collected through the survey of 2000 people conducted in the summer of 2016 in Kazakhstan.

Key words: youth, NEET-youth, labor market, labor socialization, unemployment, employment

Кіріспе

Қазіргі Қазақстан қоғамының өзекті мәселелерінің бірі – еңбекке қабілетті жастағы, бірақ жұмыс істейтін немесе оқитындар қатарына жатқызуға келмейтін жастар категориясының болуы мәселесі болып табылады. Заманауи ғылымда аталған категория өкілдерін қысқаша NEET деп белгілеу қабылданған, ол «not in education, employment or training» деп оқылады (білім беру саласынан, оқудан, жұмыспен қамтылудан тысқары).

NEET категориясының жастарын девиация (қалыптан ауытқу) деп сипаттауға болады, өйткені қазіргі Қазақстанның жастары арасында жалпы қабылданаған форма ретінде білім алу мен одан арғы жұмыспен қамтылу қарастырылады.

Осы мақаланың аясында аталған санаттағы жастардың пайда болу факторлары, жұмыспен қамтылған жастар тарапынан бұл құбылыстың бар болу фактісін қабылдауы, жұмыспен қамту келешектері және жұмыссыздық себептері туралы NEET жастары өкілдерінің пікірлері қарастырылады.

Жастар арасында NEET категориясының пайда болуының себептерін құрылымдық сараптама жүргізу мүмкіндігін жүзеге асыру үшін, олардың барлығы шартты түрде екі топқа бөлінеді:

объективті және субъективті. Объективті себептер – бұл адам өмірінің сыртқы жағдайлары, қоғамның өзіндегі макрофакторлар, әлеуметтік институттардың әрекетсіздігі, қоғамның саяси, экономикалық, мәдени жағдайы.

Субъективті факторларға біз адамның өзінің тұлғасындағы, оның әлеуметтенуінің, мінез-құлығының, мотивацияларының, сұраныс деңгейінің және еңбек мәдениетінің даму деңгейінің ерекшеліктерінде берілген микрофакторларды жатқызамыз.

Зерттеу әдістері


Кешенді әлеуметтік зерттеу классикалық әлеуметтік әдісті – жастарға жаппай әлеуметтік «Қазақстан жастарының еңбектік құндылық бағдарлары» атты сауалнама жүргізуден тұрды.

Жаппай әлеуметтік сауалнама әдісі қазіргі Қазақстан жастарының құндылықтарының құрылымы туралы, олардың еңбекке қатыстылығы туралы, жұмысқа тұру барысында туындайтын мәселелері туралы репрезентативті мәліметтерді алуға мүмкіндік берді. Жаппай сауалнама жүргізу мәселенің келбетін тек қана әлеуметтік-демографиялық тұрғыдан (жынысы, жас мөлшері, этникалық шығу тегі, білім деңгейі, мамандығы) ғана көрсетіп қоймай, сонымен бірге Қазақстан аймақтары бойынша да мәліметтер алуға жол берді.

Жастарға жаппай сауалнама жүргізуге арналған «Қазақстан жастарының еңбектік құндылық бағдарлары» анкетасы әлеуметтік құрал құрастыруға қажетті талаптарға сәйкес жасалып, мазмұны бойынша 31 сұрақтан және әлеуметтік-демографиялық бөлімнің 12 сауалынан тұрды. Анкета екі тілде: мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

Нәтижелер

Жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелерінің көрсетуі бойынша, жастардың өздерінің көзқарастарына сәйкес, кейбір жас адамдардың не жұмыс істемеуінің не оқу оқымауының елеулі үш маңызды объективті себептері: жастардың нақты жұмысқа тұра алтын жұмыс түрлеріндегі еңбек ақының төмен болуы (таңдау жағдайының 54,2 %), жұмыс тәжірибесінің жоқтығы (51,9 %) және жұмыс орындарының жетіспеушілігі (50,82 %) (*1-сурет*).




1-сурет. Жастардың пікірі бойынша, жастардың жұмыс істемеуінің және білім алмауының объективті себептері (адам)

Жастар арасында NEET санатының пайда болуының аталған үш себебінен өзге, жастардың пікірлері бойынша алдыңғы ондыққа сондай-ақ мыналар кіреді: білімінің жоқтығы, алған немесе алу жолындағы білімінің сапасының төмендігі, тиімді кәсіби бағдар жүйесінің жоқтығы, қоғамдағы патернализм, жастардың қандай да бір діни ұйымның тәуелділігіне тап болуы.

Арақатынастылықты сараптай келе, жасы ұлғайған сайын жас адамдардың еңбек ақысының көлеміне қатысты үміттері арта түседі деп қортынды жасауға болады. Жастар арасында NEET санатының пайда болуының төменгі еңбекақы секілді объективті себебінің мәні респонденттердің жас мөлшері өскен сайын ұлғая түседі.


Егер бұл себеп 14 пен 19 жас аралығындағы респонденттердің 50,3 %-ы үшін елеулі болса, 20 мен 23 жас аралығында ол сұралғандардың 54,4 %-ында аталып өтілсе, ал 24 пен 29 жас аралығындағы жастар үшін ол тіптен маңызды (56,7 %).

Жас мөлшері ұлғайған сайын, жастар арасында NEET санатының пайда болуының жұмыс тәжірибесін мен білімінің жоқтығы секілді объективті себептердің азаю барынша заңдылықты, өйткені жас мөлшері ұлғайған жастар білім және кәсіби тәжірибе алып үлгереді немесе оқи және жұмыс істей бастайды (*2-сурет*).



2-сурет. Жастар арасында NEET санатының пайда болуының объективті себептері жас мөлшері тұрғысынан қарағанда (%)

Жастардың оқу оқымауының және жұмыс істемеуінің субъективті себептерінің арасында жастардың санасындағы ең елеулілері мыналар: қандай да бір кәсіби қызығушылықтың болмауы (жағдайлардың 43,2 %-ы), қалаған жұмысының болмауы (26,7 %), біреудің асырауында болушылық (25,1 %), жастардың өмірден артық үміттенуі (25 %), нашар денсаулық (23,8 %) (3-сурет).




3-сурет. Жастар арасында NEET санатының пайда болуының субъективті себептері (адам)

Бұдан тыс, жастар арасында NEET санатының пайда болуының субъективті себептері қатарына, респонденттер: еңбек тәрбиесінің жоқтығын (жағдайлардың 21,3 %-ы), алкагольге, есірткіге немесе құмар ойындарға тәуелділіктің болуын (19,2 %), күйзеліске бейімділікті (15,9 %), қарым-қатынастағы қиындықтарды (15,3 %) және әлеуметтік қарсылық білдіруді (7,2 %) жатқызады.

Жастардың бір бөлігінің жұмыс істемейтінінің және білім алмайтынының аталып өтілген басты субъективтік факторларынан өзге, жас респонденттер: жанұялық мәселелердің болуын, жалқаулықты, кәсіпті дұрыс таңдамауды, өзіне деген сенімсіздікті және тамыр-таныстықтың жоқтығын атап өтті.

Арақатынастылықты сараптау, респонденттердің жас мөлшері ұлғайған сайын жастар арасында NEET санатының пайда болуының зиянды әдеттерге тәуелділік және қарым-қатынастағы қиындық секілді субъективті себептердің төмендеу үрдісін және қалауы бойынша жұмыстың жоқтығы мен күйзеліске бейімділік мәселелерінің мәнінің сәл артқандығын атап өтуге мүмкіндік береді (4-сурет).



4-сурет. Жастар арасында NEET санатының пайда болуының субъективті себептері, жас мөлшері тұрғысынан (%)

Зерттеулер нәтижелеріне сәйкес, сауалнама алынған NEET санатына жататын жастар жетістікке жету және мансап сатысымен көтерілуге болатын өлшемдерді сыни бағалайды. Мысалы, сау-

алнама алынған осы санаттың басым көпшілігі өмірде жетістікке қол жеткізу үшін жақсы білім алу қажет деп санайды (73,1%). Сауалнама жүргізілген NEET санатындағылардың жартысына жуығы (49,7%) мансаптық өсу үшін жоғарғы санаттылық пен кәсіби дайындылықтың маңыздылығын атап көрсетті.

Тілдік дайындықтың маңыздылығын тең дәрежеде сауалнама алынған жастардың негізгі бөлігі де (28,0%), сондай-ақ NEET санатындағылар да (28,9%) атап өтті. Сауалнама алынғандардың, үш тілді – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білу, бір немесе екі тіл білетіндерге қарағанда мамандардың бәскеге қабілеттілігін едәуір арттыра түсетіндігі жөнінде пікірлерін атап өту маңызды.

Сауалнама алынған NEET санатындағылардың 23,4%-ы ауқатты ата-аналардың болуын және 28,9%-ы заңдық тұрғыдан сауатты болуды барынша маңызды санайды.

Жастардың кәсіби қалыптасуы мен өсуі шамасына қарай, талант оның едәуір маңызды құрмдас бөлігіне айналады. Дегенмен, еңбек нарығын «ілініп» кету үшін байланыстар, алғашқы көтермелеулер қажет, ал егер ол жоқ болса кірігудің алғашқы кезеңіне көп энергия жұмсауға тура келеді. Осыдан келіп, көптеген талантты жас мамандар бастапқы бейімделудің техникалық мәселелеріне қымбат уақыттары мен күш-қуаттарын шығындайды. Айталық, Сингапурда арнайы «SPRING» бағдарламасы бар, ол таланттарды табуға және өсіруге мүмкіндік беріп, оларды ғылым мен жоғарғы технологиялық бизнестің «алыптарына» айналдырады (1-кесте).

1-кесте. «Жастардың жетістікке жетуі мен мансаптық өсуі үшін не қажет деп санайсыз?» – сауалына жауаптардың бөлінісі (%)

	Барлық жастар	NEET
Жақсы білімнің болуы	67,8	73,1
Жоғарғы санаттың, кәсіби дайындықтың болуы	46,0	49,7
Қазақ, орыс және шет тілін білу	28,0	28,9
Қажетті байланыстар мен таныстықтың болуы	24,1	26,4
Заңдық сауатты адам болуы	22,6	28,9
Ауқатты ата-ананың болуы	19,6	23,4
Талант, айрықша қабілеттің болуы	15,2	12,7
Қазақ тілін білу	7,8	9,1
Жолы болғыш адам болуы	7,8	7,1
Қазақ және орыс тілдерін білу	7,7	2,0

	Барлық жастар	NEET
Тартымды келбетке ие болу	7,2	4,1
Физикалық күшті, епті болу	3,8	1,0
Сәтті үйлену / тұрмысқа шығу	3,2	5,1
Басқа (жетістікке жетуді қалау; еңбекқор, қайтпас, табанды болу; пәтер, баспананың болуы)	0,6	1,0
Жауап бере алмаймын	1,1	0,5

Түлектер үшін тағы бір мәселе – бұл жұмыс орындарының жетіспеушілігі. Жоғарғы білім туралы дипломы бар мамандардың асып кетуі бар. Біздің жүйе жаңа технологиялық құрылысқа қажетті мамандарды жасау үшін белсенді жұмыс жүргізіп жатқанда, елде техникалық мамандар – электриктер мен сантехниктер жетіспейді. Нәтижесінде шетелдік оқу орындарының түлектері қазақстанда өзін таба алмай, шетелге кетеді. Бұдан тыс ауылдық жерлерде мамандар қажет, ал олар керісінше қалаға кетуге тырысады.


Әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, сауалнама алынған NEET санатындағы жастардың жартысына жуығы (46,7%) тұрғылықты аудандарында жұмыс орындарының жетіспеушілігі туралы айтады. Жұмыс орынының шектеулілігі жемқорлыққа жол ашады. Бұл мәселені сұралған NEET санатындағылардың 35%-ы атап өткен. Тек еңбекақысы төмен жұмыс орындары қалады. Сауалнама алынған NEET санаты жастарының 38,6%-ы еңбекақы төмен болғандықтан жұмысқа тұрғылары келмейтіндігін айтқан (2-кесте).

2-кесте. «Сіздің тұрғылықты жеріңізде жастардың жұмысқа тұруына не кедергі келтіреді?» – деген сауалға жауаптардың бөлінісі (%)

	Барлық жастар	NEET
Жұмыс тәжірибесінің жоқтығы	52,8	54,3
Еңбекақының төмендігі	38,5	38,6
Тұрғылықты ауданда жұмыс орындарының жоқтығы	34,0	46,7
Алынған білім мен бос жұмыс орынының атқарымдық талаптарының сай келмеуі	27,3	22,3
Парақорлық, жұмыс берушілердің жемқорлығы	26,8	35,0
Еңбек нарығындағы жас мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі	24,2	21,8
Этникалық (ұлттық) белгілері бойынша кемсітушілік	6,3	2,0
Денсаулық жағдайы	5,3	4,1

	Барлық жастар	NEET
Жас мамандардың жоғарғы менмендігі	5,3	6,6
Әйел немесе еркек жынысты болуына байланысты кемсітушілік	4,9	3,0
Кішкентай баласының болуы	3,4	5,1
Ешқандай кедергі жоқ	4,8	1,0
Басқа (жастардың жұмыс істеуге құлқының болмауы, Ақтөбедегі лаңкестік, жастардың құқығының қорғалмауы, баспана мәселесі)	0,3	-
Жауап бере алмаймын	3,3	3,0

Осы зерттеудің міндеттерінің бірі – жастар арасында NEET санатының болуының қоғам үшін қауіп деңгейін Қазақстан жастарының бағалауын айқындау болатын. Зерттеу жүргізу барысында, жастардың 70%-дан астамының оқымайтын және жұмыс істемейтін жастардың қоғам дамуына қауіп төндіреді деп санайтындықтары анықталды. Тек сауалнама алынғандардың 10%-ы ғана жастар арасында NEET болуының қоғам үшін ешқандай нақты қауіпі жоқ деп есептейді (5-сурет).



5-сурет. Жұмыс істемейтін және оқу оқымайтын жастар қоғам дамуына қауіп бола ма? (%)

Жастарға әлеуметтік сауалнама жүргізу барысында, жастарға оқымайтын және жұмыс істемейтін жастардың бейәлеуметтік қимылдарға тартылу тәуекелі дәрежесін бағалау ұсынылды. Бұл жер-

де бейәлеуметтік әрекеттер ретінде келесі әумесерлік мінез-қылық түрлері қарастырылды: радикалдық діни ағымдар, жезөкшелік, ұрлық, қайыр тілеу, қаңғыбастану, есірткі саудасы, қарақшылық, бопсалаушылық, өзіне-өзі қол жұмсау.

Қазіргі қазақстандық жастарға әлеуметтік сауалнама жүргізу нәтижелерінің көрсетуі бойынша, жастардың өздерінің пікірлерінше, жұмыс істемейтін және оқымайтын жастар үшін ұрлыққа тартылу тәуекелі жоғары (сауалнама алынғандардың 37,1%-ы тәуекелдің ең шеткі дәрежесін көрсетті), одан кейін бопсалаушылық (36,2%-ы бұл тәуекелді елеулі көреді), қарақшылық (35,2 %), радикалдық діни ағымдар (35,1 %), есірткі саудасы (34,4%).

Сауалнама алынғандардың пікірінше, NEET санатындағы жастар үшін ең төменгі тәуекелдер бейәлеуметтік әрекеттің мына түрлеріне тиесілі: қаңғыбастану (15,5 %-ы бұл тәуекелдің төмен екенін көрсетті) өзіне-өзі қол жұмсау (14,3 %), қайыр тілеу (11,2 %), жезөкшелік (10,6 %).

Этникалық тұрғыдан алғандағы арақатынастылықты сараптау бойынша, басқа ұлт өкілдері (қазақтар мен орыстардан өзге) орташа есеппен NEET жастарының ұсынылған әрбір бейәлеуметтік әрекет түрлерінің әрқайсысына тартылу тәуекелі дәрежесін едәуір елеулі санайды. Бұл тек радикалдық діни ағымға тартылудан (бұл тәуекелді қазақтар елеулі санайды) және өзіне-өзі қол жұмсау тәуекелінен (басқа этникалық топтардың көрсеткіші орыстардың көрсеткішімен бірдей) өзге әумесерлік мінез-құлықтың барлық түрлеріне қатысты.

Саны жағынан басым болып табылмайтын этникалық топтардың жастарының осындай елеулі бағалаулары, міне осы топтардың қазақтар мен орыстарға қарағанда қоғамда өздерін барынша әлсіз сезінетіндіктерінің көрсеткіші болуы мүмкін, бұл олардың көпшілігінің азсандылығына, ұйысып орналасуына, басқа этникалық топтармен байланыстарының әлсіздігіне, тілдік мәселенің болуына және басқаларға байланысты туындаған болуы керек. Қалай болғанда да, жастармен жұмыс жүргізуге жауапты атқарушы органдар бұдан былайғы жұмыстарын жоспарлауда осы көрсеткішті ескергендері жөн.

Аймақтық тұрғыдан алғандағы арақатынастылық сараптама келесі қортындылар жасауға мүмкіндік береді. Егер NEET жастарының радикалдық діни ағымдарға тартылу тәуекелін қарастыратын болсақ, онда бұл тәуекелді ең елеулі ретінде Қызылорда облысы (сауалнама қатысқандардың 56,2 %-ы бұл тәуекелді елеулі санайды) мен Ақмола

облысының (50 %), сондай-ақ Қарағанды, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарының (45 %-дан) жастары қарастырады.

Жұмыс істемейтін және оқымайтын жастардың ұрлыққа тартылу тәуекелін бағалай отырып, оны әсіресе елеулі деп Жамбыл (52,5 %), Павлодар (53,2 %), Алматы (48,4 %), Қызылорда (47,2 %) және Оңтүстік Қазақстан (46,9 %) облыстарының тұрғындары санайды.

NEET жастарының қайыршылыққа тартылу тәуекелін жоғары деп Қызылорда (44,9 %), Павлодар (34,2 %) облыстарының және Алматы қаласының (33,6 %) жас тұрғындары есептейді.

Қаңғыбастыққа салыну тәуекелін Қызылорда (48,3 %), Қостанай (38,5 %) және Павлодар (35,4 %) облыстарының, сондай-ақ Алматы қаласының (33,6 %) жас тұрғындары елеулі деп атап көрсетті.

NEET жастарының есірткі саудасына тартылу тәуекеліне келетін болсақ, оны негізінен Қызылорда (58,4 %) және Павлодар (51,9 %) облыстарының тұрғындары елеулі деп қарастырады.

NEET жастарының қарақшылыққа тартылу тәуекелін Жамбыл (57,4 %), Қызылорда (53,9 %), Оңтүстік Қазақстан (45,7 %) облыстарының жастары елеулі көреді.

Бопсалаушылыққа тартылу тәуекелін елеулі деп Павлодар (57 %), Қарағанды (55,3 %), Қызылорда (47,2 %) және Қостанай (46,9 %) облыстарының жас тұрғындары санайды.

Жұмыс істемейтін және оқымайтын жастардың өзіне-өзі қол салу тәуекелін бағалай отырып, оны елеулі деп Қызылорда (74,2 %), Ақмола (55,1 %), Қостанай (44,8 %) облыстарының және Алматы қаласының (43,1 %) жас тұрғындары есептейді.

Жүргізілген арақатынастық сараптама негізінде жастары білім алуға қолжетімдіктің шектеулігі мен жұмыссыздық мәселелерін барынша өткір қабылдайтын, жұмыс пен оқу жоқ жағдайда әртүрлі бейәлеуметтік әрекетке тартылудың елеулі тәуекелдері деп бағалайтын қазақстандық аймақтарды анықтауға мүмкіндік береді. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша бұл мағынадағы ерекше мәселелі аймақтар: Қызылорда, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан, Қостанай облыстары және Алматы қаласы.

Бұл қортындылар сауалнама жүргізілген жастардың пікірі негізінде жасалды, олар елдің әртүрлі аймақтарындағы жастар өмірінің әлсіз тұстарын, NEET санаты жастарының тарпынан болатын аталған бейәлеуметтік әрекеттердің алдын алу бойынша қосымша шараларды жүргізу қажеттілігі деңгейін, сондай-ақ еңбек нарығындағы жастарды қолдау бойынша жергілікті деңгейде

жүргізілетін мемлекеттік шаралардың тиімділік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытындылар

Сонымен, жас адамдардың өздерінің пікірінше, кейбір жас адамдардың жұмыс істемеуінің және оқымауының маңызды объективті себептері мыналар: жастар шынымен де орналаса алатын жұмыс түрлеріндегі еңбекақының төмендігі, жұмыс тәжірибесінің жоқтығы және жұмыс орындарының жетіспеушілігі.

Жастардың жұмыс істемеуі мен оқымауының субъективті себептерінің арасында жастардың санасындағы едәуір маңыздылары: қандай да бір кәсіби қызығушылықтың болмауы, қалаған жұмыстың болмауы, біреудің асырауында болу, жастардың өмірден үміттерінің жоғарылығы, әлсіз денсаулық.

NEET санатындағы жастардың көпшілігі өмірде жетістіктерге жету үшін жақсы білімге, мансаптық өсу үшін жоғарғы санатқа және кәсіби дайындыққа ие болу қажет деп санайды.

Аталған санаттың жастары үшін сәтті жұмысқа тұру үшін тілдерді білу (қазақ, орыс және шетел), қажетті байланыстар мен таныстықтың болуы да маңызды шарттардың бірі.

NEET санатындағы жастардың сәтті жұмысқа тұруының кедергілерінің бірі – жемқорлықтың артуына ықпал ететін олардың өмір сүретін аудандардағы жұмыс орындарының жеткіліксіздігі және жұмыс тәжірибесі мен еңбек өтілі жоқ жас мамандар үшін еңбекақының төмен болуы.

Қаржыландыру көзі

Осы мақалада қолданылған материалдар «Қазақстан жастары Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамының стратегиялық қоры ретінде» жобасын жүзеге асыру аясында алынған. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. Зерттеулер 2016 жылы жүргізілді.

ҒТАМР
04.51.31

Ольга Калдыбаева

*доценттің м.а., Л. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан*

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ЕҢБЕК МӘДЕНИЕТІНІҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАУШЫСЫ РЕТІНДЕГІ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы қазақстандық жастардың еңбек қатынастарына талдау жасалынған. Қазақстанның қазіргі заманғы жастарының еңбек қызметінде өз алдарына қоятын мақсаттарына, заманауи Қазақстан жастарының болашақ мамандық таңдау факторларына, жастардың мамандық беделі туралы түсініктері талдауына назар аударылған. Мақала Қазақстанда 2016 жылдың жазында жүргізілген әлеуметтік зерттеу деректеріне негізделген. Әлеуметтік зерттеудің негізі ретінде 2000 адам көлемін қамтитын кездейсоқ репрезентативті іріктеуді қолдану арқылы жүзеге асырылатын жаппай сауалнама үлгісі қолданылды.

Түйін сөздер: еңбек қатынастары, жастар, еңбек құндылықтары, еңбек мәдениеті, мамандық беделі, еңбек нарығы, еңбек қызметінің мақсаттары, мамандық, еңбекке әлеуметтендіру, бәсекеге қабілеттілік.

Ольга Калдыбаева

ТРУДОВЫЕ УСТАНОВКИ КАК ВАЖНЕЙШАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ КУЛЬТУРЫ ТРУДА МОЛОДЕЖИ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА

Аннотация. В статье проводится анализ трудовых установок современной молодежи Республики Казахстан. Уделено внимание анализу целей, которые ставит перед собой в трудовой деятельности современная молодежь Казахстана, факторам выбора молодежью современного Казахстана будущей профессии, представлений молодежи о престижности профессии. Основу статьи составили данные социологического исследования, проведенного летом 2016 г. в Казахстане. Базовым методом

социологического исследования выступил массовый опрос с применением случайной репрезентативной выборки объемом 2000 человек.

Ключевые слова: трудовые установки, молодежь, трудовые ценности, культура труда, престижность профессии, рынок труда, цели трудовой деятельности, профессия, трудовая социализация, конкурентоспособность.

Olga Kaldybayeva

ATTITUDES TOWARDS WORK AS CRUCIAL COMPONENT OF LABOR CULTURE OF KAZAKHSTAN'S YOUTH

Abstract. The article provides the analysis of the attitudes towards work predominant among the young people living in contemporary Kazakhstan. A particular attention is paid to the analysis of the life aspirations of Kazakhstan's youth, to the factors impacting their life choices especially in terms of their future profession, and to their ideas about professional prestige. The data collected during the survey of 2000 people conducted in the summer of 2016 in Kazakhstan were the major source of the sociological research that is the method the article is based on.

Key words: labor installations, youth, labor values, culture of work, professional prestige, labor market, purpose of work, profession, labor socialization, competitiveness.

Кіріспе

Еңбек мәдениеті деңгейі тұлғаның маңызды сипаттамасы және оның еңбек қарекетіне дайындығының негізі болып табылады. Қоғамның еңбек мәдениеті жоғары тұлғаға сұранысы дербес еңбек өміріне жастарды дайындаудың қажетті деңгейін айқындайтын ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогрестің талаптарынан туындайды. Мұндай талаптарға: қоғамдық өндірістің күрделенуі, еңбектің мазмұнының, сипатының және шарттарының өзгеруі, өндірістің тікелей қатысушыларына, олардың жалпы білімділік, кәсіби және мәдени деңгейіне және басқаларына жаңа талаптардың пайда болуын жатқызуға болады.

Қазақстан Президенті Н.А. Назарбаев бастамашылық жасаған «Қазақстан – 2050» Стратегиясында, «Қазақстанның әлуметтік жаңғыруы: Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына жиырма қадам» бағдарламалық мақаласында және басқа да стратегиялық құжаттарда

жастар саясатының негізгі басымдылықтары айқын көрініс тапқан, жаңғыру жолындағы Қазақстанның базалық ресурсы ретінде жастарға үлкен үміт пен жауапкершілік жүктеледі.

Жастар бүгіннің өзінде көп жақтан қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылымын айқындайды. Қазақстан жастарының еңбек мәдениетін зерттеу қажеттілігі екі маңызды фактормен негізделеді. Біріншіден, жас адамдар Қазақстанның еңбекке жарамды бүкіл тұрғындарының үштен бір бөлігін құрайды. екіншіден, жастар – елдің болашағы, кейінгі даму олардың іс-әрекетіне байланысты.

Жастардың еңбек мәдениеті іс-әрекеттің негізінде және еңбек нормаларын, әрекеттің үлгілері мен стандарттарын, еңбек дәстүрлерін меңгеру мен қолдау арқылы қалыптасады. Еңбекте адам өзінің статустық және рөлдік әрекетінің талаптарын сіңіреді және меңгереді. Еңбек – тұлғаның мәдениеттеленуі және әлеуметтендіруі, мұнда ол тек мәдени құндылықтармен араласып және оларға бағыт алып қана қоймай, сонымен бірге өзін болашаққа ұмтылдыратын өзіндік құндылықтар мен идеалдарды қалыптастырады. Бұл өзіндік рухани әлеуетті дамыту үшін объективті алғышарттар туғызады және жас адамға қайшылықсыз және қақтығыссыз (ішкі және сыртқы) әлеуметтік еңбек бөлінісі мен қатынастар жүйесіне енуге, барлық әлеуметтік институттармен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.

Жастардың еңбек мәдениетін қарастыру оның еңбек мақсаттарын зерттеуден тұрады. Н. Аберкромби, С. Хилл және Б.С. Тернердің Әлеуметтің сөздігі бойынша, «еңбек мақсаттары» түсінігіне жұмысқа қатысты бағдар, уәждеме, жұмысқа қанағаттанушылық кіреді. Авторлардың көрсетуінше, ұзақ уақыт бойы әлеуметтану мен психологияда адамдардың жұмыс орынындағы сұраныстары әмбебап және тұрақты деп саналып келді. Мұны теориялық тұрғыдан түсіндіру ретінде зерттеушілер көбінесе А. Маслоу ұсынған қажеттіліктер иерархиясы тұжырымдамасын пайдаланып келді, оның мәні әрбір жұмысшыға қатысты азды-көпті ұқсас әрекет ететін әмбебап қажеттіліктердің бар екенін мойындау болып табылады [1].

Біраз уақыттан соң, XX ғасырдың екінші жартысында Дж. Голдторп бастаған зерттеу тобы еңбек мақсаттары мен бағдарлары барлық жұмысшылар үшін әмбебап емес және олардың жұмыстан тыс әлеуметтік тәжірибесімен айқындалады деген идея айтты. Аталған зерттеудің авторларының пікірінше, жұмысқа қатысты негізгі екі бағдар – ниеттестік (солидаризм) және инструментализм болып табылады. Ниеттестік ұжымға тән екендігінен де, сонымен бірге жұмыс үдерісінің өзінен де қанағаттанушылық күтетін

адамдарға тән. Инструментализм тек жоғарғы еңбекақыға және әлеуметтік қамсыздандыруға бағытталған, жұмыстың мазмұнына енжар қарайтын және ең алдымен өзінің мүдделерін көздеуге көңіл бөлетін жұмысшыларға тән. Зерттеушілердің айтуынша, бұл екі тип те негізінен дене еңбегімен айналысатын жұмысшыларда кездеседі.

Кейін келе Дж. Голдтроп еңбек мақсаттарының үшінші типін ұсынады – бюрократтық бағдарлар, бұл жұмыспен қамтылу, қызмет бабымен өсу перспективасының кепілдігіне және еңбекақының кепілденген жоғары жылжуы үшін өздерін толықтай ұйымдастыру істеріне арнаған адамдарға тән, бұл жағдайда жалдау қатынастары сенім қатынастары болып табылады. Мұндай бағдарлар көбінесе орта таптың «ақ жағалыларына» тиесілі [1].

Толық жұмыс күнінде істейтін адамдардың еңбек мақсаттарын америкалық ұлттық зерттеудің мәліметтерін сараптау негізінде, Дж. Голдтроп адамдар үшін азды-көпті маңызды мәні бар, жұмыстың алты белгісін атап көрсетеді. Оларға: ішкі өлшеу (жұмыс тапсырмалары қызғылықты ма, және де оларды орындауда жұмысшының шеберлігі қолданыла ма), қолайлылық (жұмыс уақыты, оған жету жеңіл ме, жұмыс орынына көңіл тола ма), қаржылық өлшеу (еңбекақы мен жұмыстың кепілдігіне қатысты), әріптестермен қатынастар (араласу үшін мүмкіндіктер бар ма), мансап (қызмет бабымен өсу мүмкін бе) және ресурстардың барабарлығы (жұмысты тиісінше атқару үшін қажетті ресурстарды жұмыс беруші қамтамасыз ете ме [1].

Зерттеу әдістері

Жұмысшылардың еңбек мақсаттарын зерттеуге ұсынылған теориялық тұжырымдамалардың негізінде «жастардың еңбек мақсаттары» түсінігіне осы мақаланың шеңберінде келесі құрауыштар енгізілді: еңбек әрекетіндегі жастардың мақсаттары, жастардың мамандық таңдау факторлары (кәсіби бағдардың агенттері), жастардың мамандықтың беделі туралы түсінігі, жастардың мінсіз мамандыққа (жұмысқа) талаптары.

Жастарға жаппай әлеуметтік сауалнаманы «Молодежь» ҒЗО-сы 2016 жылдың 9-22 тамызы аралығында Қазақстанның 14 облысында, Астана мен Алматы қалаларында репрезентивті іріктеу бойынша жүргізді. Қазақстанның барлық аймақтарынан толтырылған әлеуметтік анкеталар толық көлемде жинақталды, алынған мәліметтерді кодтау мен өңдеу бойынша жұмыс жүргізілді.


Жаппай әлеуметтік сауалнама жүргізу барысында 2000 адам сұралды. Олардың ішінде 1136 адам қалада тұрады, 864 адам – ауыл

жастарының өкілдері. Іріктеу құрылымында 1003 адамды ерлер, 995 адамды әйелдер құрады. Сауалнама алынғандардың жиынтығы үш санатқа бөлінді: 14–19 жас аралығында 498 адам, 20–23 жастағы жастар – 632 адам, 24–29 жас аралығындағы 862 адам сауалнамаға жауап берді. Тұрғылықты жері, жынысы және жас мөлшері бойынша іріктеу жиынтығын бөлу қоғамның прапорциясына сай келеді, бұл қолданылған іріктеуді репрезентативті деп саауға мүмкіндік береді, демек бұл іріктелген әлеуметтік сауалнаманың нәтижелерін Қазақстанның бүкіл жастарына таратуға болады дегенді білдіреді.

Зерттеудің сыртқы кезеңі аяқталғаннан кейін, жапай әлеуметтік сауалнама жүргізудің нәтижесінде алынған мәліметтер кодталды, SPSS компьютерлік бағдарламасының макетіне салынды және тиісті түрде өңделді.

Нәтижелерді талдау

Қазақстанның қазіргі жастарының **еңбек қарекетінде алдарына қоятын мақсаттарын** сараптау барысында, жастардың еңбектегі басты мақсаттарының бірі өз ісінің шеберлері болу екені екені анықталды. Жауаптың бұл нұсқасын сауалнама алынғандардың 45%-дан астамы таңдады (904 адам). «Ақша табу және ары қарай жылжу» және «Мансап қуу және басшылыққа дейін өсу» мақсаттарын тиісінше 33,6 % (672) және 32,4 % (649) таңдаған. Елеулігі жағынан төртінші орында «Білім алу және өз біліктілігін көтеру» мақсаты тұр, оны таңдағандар 20,6 % (412) (*1-сурет*).



1-сурет. Еңбек қарекетіндегі жастардың мақсаттары (адам)

Еңбек қарекетінде басшылық мансапқа бағдарланған жас қазақстандықтардың басым бөлігі Қосанай және Атырау облыстарында тұрады. Өз кәсіби сапаларын дамыту құндылығы әсіресе Ақмола, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының жас тұрғындарына тән. Олар еңбек қарекетінің негізгі мақсаты ретінде «Өз ісінің майталманы болу» мақсатын таңдаған. Еңбек қарекетінің мақсаты ретінде жоғарғы табысты таңдағандардың басым көпшілігі – Оңтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарының тұрғындары. Білім құндылығын жоғары, еңбек қарекетінің басты мақсаты ретінде білім алу және өз біліктілігін көтеруді қоятын жастар негізінен Ақмола және Атырау облыстарында, ал аө бөлігі – Қостанай, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында шоғырланған.

Респонденттердің басымды еңбек мақсаты (еңбек қарекетінің мақсаты) мен жұмыспен қамтылу аясы арасында тәуелділік бар екені айқындалғанын атап өтуіміз қажет. Жалпы көрініске сай, мемлекеттік, ғылыми, әлеуметтік, қаржы салаларының, халықаралық ынтымақтастық пен қызмет салаларының жұмысшыларының көпшілігі кәсіби жетілу мен мансаптық өсуді артық санайды. Еңбекақыға деген еңбек бағдарының жоғарғы деңгейін ауыл шаруашылығының, құрылыс саласының, ЖКХ, жылжымайтын мүлік саласы, өнеркәсіп, сауда саласы, БАҚ, бизнес өкілдері және уақытша жұмыс істемейтіндер, қазіргі уақытта жұмыс іздеушілер көрсетті.

Сондай-ақ таңдаған еңбек қарекетінің мақсаты мен респонденттердің жас мөлшері арасындағы арақатынастылық айқындалды. Негізінде кәсіби өсу құндылығын таңдаудың ортақ үрдісі барлық үш бөліп қарастырылған жас мөлшерлік топтардың жастарына тән. «Білім алу және өз біліктілігін көтеру» секілді еңбек қарекетінің мақсатына келер болсақ, оның құндылығы респонденттердің жас мөлшері ұлғайған сайын төмендейді. 14–19 жас аралығындағы жастардың 27,1%-ы осы мақсатты еңбек мақсаты ретінде таңдаса, 20-23 жастағылар – 19,8%, 24–29 жастағылар – 16,5%. Мұны 14 пен 20 жас аралығында жас адамдардың өзінің білім алуын жоспарлайтын және жүзеге асыратын, мектеп бітіретін, мамандық таңдайтын, орта арнайы және жоғарғы оқу орынында оқитын кезеңмен сай келетіндікпен түсіндіруге болады.

Қазіргі Қазақстан жастарының болашақ мамандық таңдау факторларын сараптай келе, жас адамдарды кәсіби бағдарлаудың

агенттеріне, яғни болашақ талапкерлерді бар мамандықтардың саналуандыға бағыттайтын нақты адамдардың рөліне назар аударылды.

Жүргізілген әлеуметтік сауалнама барысында респонденттерге «Сізге Сіздің мамандықты таңдау барысында кім көмектесті немесе Сіз кімнің кеңесіне құлақ асасыз?» деген сауал қойылды. Зерттеу нәтижелерін сараптау, қазіргі заманғы Қазақстан жастарының кәсіби бағдарының басты агенті ата-аналары (немесе басқа жақын туыстары) екенін көрсетті, сауалнама алынғандардың 57,5 %-ы (1152 адам) сұрақтың осы нұсқасын таңдады.


Жастардың үштен бір бөлігінен астамының мамандық таңдауы үшін өзінің тәжірибесінен келіп шыққан, болашақ еңбек қарекеті туралы өзіндік түсінігі ең маңызды болған, сауалнама алынғандардың 32%-ы (639) мамандық таңдауда ешкімнің көмектеспегендігін, шешімді дербес қабылдағанын (немесе қабылдайтындығын) мәлімдеген. Жас адамдардың 16 % (320) мамандық таңдауда достарының кеңестерін тыңдайды, 10,7 % (214) – мектептегі мұғалімдерінің ұсыныстарына, 4,2 % (85) – ЖОО-дығы немесе колледждегі ұстаздарының кеңесіне, 1,6 % (33) – психологтың кеңесіне жүгінеді.

Жастарға кәсіби бағдар жүргізудегі жастар ұйымдарының рөлінің төмендігін атап өтуіміз қажет. Жастардың бір пайыздан азы өздерінің кәсіби бағдарында Жастардың ресурстық орталығының өкілдерінің кеңесіне сүйенгенін (немесе сүйенетінін), және соншалықтысы Жастардың еңбек биржасының немесе тағы қандай да бір жастар ұйымдарының ұсыныстарына құлақ түретінін көрсеткен.

Аймақтық сараптама көрсеткендей, мамандық таңдау үдерісінде ата-аналарының немесе басқа туыстарының кеңестерін тыңдайтындар саны әсіресе Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстарының жас тұрғындары арасында көп, ал Батыс Қазақстан облысында аз. Болашақ мамандық туралы шешімді дербес қабылдайтындар саны Павлодар, Қостанай, Ақмола облыстарында және Астана қаласында басым, ал Атырау және Қызылорда облыстарында төмен.

Болашақ мамандықты таңдау факторларымен **жастардың мамандықтың беделі туралы түсініктері** тығыз байланысты, өйткені тап осы болашақ мамандығының беделі көбінесе оның қалауын айқындайды. «Мамандықтың беделі» түсінігі барынша бір мағыналы емес және сан қырлы екенін айта кетуіміз керек. Ол бірнеше компоненттен тұрады: мамандықтың сұранысқа ие болуы, жоғарғы еңбекақы, қоғамдағы бедел, басқа адамдарға ықпал ете алу және басқалары.

Әлеуметтік зерттеулер барысында алынған мәліметтерге сәйкес, қазіргі қазақстандық жастардың түсінігінде «мамандықтың беделі» түсінігі үш негізгі құрауыштан тұрады: молшылық (ауқаттылық) (45,9 %, 919 адам), жоғарғы дәрежелі мамандық (45,4 %, 908) және кәсібилік (43,4 %, 868). Әлеуметтік сауалнаманы толтыру кезінде респонденттерге жауаптың бірнеше нұсқасын таңдау мүмкіндігі берілді, демек жалпы алғанда жауап саны 100 % асып кетеді (2-сурет).



2-сурет. Кәсіптің абыройлылығының компоненттері (адам)

Мамандықтың беделдігіннің көрсеткіші ретінде жоғарғы еңбекақының мәні респонденттердің жас мөлшері ұлғайған сайын артады – 14 пен 19 жас аралығындағылардың 43,1 %, 20 мен 23 жас аралығындағылардың – 44,2 %, 24 пен 29 жас мөлшеріндегілердің – 48,8 %-ы осыған көңіл аударады.

Жас мөлшері ұлғайған сайын мамандық беделінің кәсібилік секілді құрауышының құндылығының кемитіні байқалады. Егер 14 пен 19 жас аралығында мамандықтың беделінің компоненті ретінде оны жастардың 46,1 %-ы көрсетсе, ал 20 мен 23 жас аралығында – 43,4 %, 24 пен 29 жас аралығындағылар – 41,5 %.


Сауалнама алынған жастардың 35,9 %-ы мамандық беделінің бәсекеге қабілеттілік секілді компонентін көрсеткен. Мамандық беделінің оның бәсекеге қабілеттілігі секілді мұндай қасиеті жоғарғы білім деңгейіне ие (магистр, кандидат, ғылым докторы

немесе доктор PhD дәрежелері бар) жас адамдар үшін маңызды. Респонденттердің бірдей дерлік көлемі мамандықтың беделінің көрсеткіші ретінде әйгілілік (21 %) және билікті (21,2 %) атаған. Жас респонденттердің 5,9 %-ы мамандық беделінің оның сиректігі мен «экзотикалығы» секілді құрауышын көрсеткен. Мамандықтың беделдігінің қосымша құрауыштары ретінде респонденттер тұрақтылық кепілдігін, жақсы әлеуметтік пакетті, мамандықтың техникалыққа жататындығын атаған.

Беделді мамандықтың белгісі ретінде материалдық молшылықтың маңыздылығын Маңғыстау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарының, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларының жас тұрғындары мойындайды. Бәсекеге қабілеттілік қасиетіне Ақтөбе және Батыс-Қазақстан облысының тұрғындары айрықша көңіл бөледі, ал мамандық беделінің жоғарғы мамандық иесі және кәсібилік секілді белгілерін көбінесе Ақмола, Атырау, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау және Қызылорда облыстарының жастары назар аударады.

Классикалық еңбек мақсаттарының бірі – **болашақ мамандық немесе жұмысқа белгілі бір талаптар жиынтығының болуы**, ол жастардың санасында бірқатар факторлардың ықпалымен қалыптасады – ата-аналардың тәжірибесі, ұстаздарының, достарының, әріптестерінің ұсыныстары. Шын мәнінде, бұл жиынтық мінсіз жұмыстың образын көрсетеді, ал оны сараптау жастардағы жұмысқа деген талаптардың нақтылық дәрежесін, олардың ұтымдылығы мен барабарлығы дәрежесін айқындауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік сауалнаманың: «Мінсіз мамандық қандай талаптарға сай болу керек?» деген сауалға сұралғандардың басым бөлігі (58 %) жақсы еңбекақы мәнін белгілеген. Респонденттердің 35 %-ы үшін мамандық пен жұмысқа маңызды талап өзін-өзі жетілдіру мүмкіндігі болып табылады. Сауалнама алынғандардың 27 %-ға жуығы жұмыстың сүйікті іспен айналысу мүмкіндігі секілді шартына назар аударған (3-сурет).



3-сурет. Жастардың мінсіз мамандыққа/жұмысқа талаптары (адам)

Таңдау саны бойынша төртінші орында мінсіз мамандыққа талап ретінде қызметтік өсу мүмкіндігінің болуы (22,7 % жағдайда таңдалған), бесінші орында – тыныш және қамсыз өмір кепілдігі (22,5 %), алтыншы орында – айналадағылардың құрметі (17,9 %), жетінші – қоғамдағы жоғарғы жағдайды қамтамасыз ету (14,1 %), сегізінші – еңбектің нәтижелілігі (12,5 %) тұр. Жастардың мінсіз қызметке (жұмысқа) талаптарының ондығын қоғамға пайда (11,9 %) және өзін-өзі көрсету мүмкіндігі (11,6 %) аяқтайды. Сауалнама алынған жастардың көзқарастары бойынша, мінсіз мамандыққа талаптардың ең елеусіздері: жұмыс уақытын еркін пайдалану (6,5 %), жұмыстың жеңілдігі (6,5 %) және шығармашылықты көрсету мүмкіндігі (5,5 %).

Қорытындылар

Жалпы алғанда, қазіргі Қазақстан жастарының еңбек мәдениетінің маңызды бөлігі ретіндегі еңбек мақсаттарының барынша оңтайлы, инструменталды сипатта екенін көреміз. Қазіргі жастардың еңбек қарекетінің басымды мақсаттарының төрттігіне: өз ісінің майталманы болу, ақша табу уәждемесі, мансаптық өсу, сондай-ақ білім алу және өзінің кәсіби деңгейін көтеру кіреді. Атап өтілген мақсаттардың барлығы болашаққа бағытталған, бұл көптеген жас қазақстандықтардың болашақ мансабын барынша ұтымды жоспарлағанын көрсетеді.

Жастардың кәсіби бағдарының негізгі агенттері ата-аналары (немесе жақын туыстары), достары, мектеп мұғалімдері, психологтар болып табылады. Жастардың үштен бір бөлігі болашақ мамандықты таңдауда болашақ еңбек қарекеті туралы өз түсініктеріне және өз тәжірибелеріне сүйенеді.

Қазақстандық жастардың түсінігінде «мамандықтың беделі» түсінігінің негізгі үш құрауышы ретінде материалдық молшылық, жоғарғы мамандық иесі және кәсібилік аталады.

Қазіргі қазақстандық жастардың санасында мінсіз жұмысқа деген басты талап жоғарғы табыс болып табылады, яғни еңбек қарекетіне деген инструменталдық мақсат басымдылық көрсетіп тұр. Бұдан тыс, мамандық пен жұмысқа маңызды талап ретінде өзін-өзі жетілдіру мен сүйікті іспен айналысуға мүмкіндіктің болуы аталады.

Осылайша, жалпы алғанда қазіргі қазақстандық жастардың жұмысқа деген талаптарының орынды, инструменталды сипатта екенін көреміз. Жастардың санасында мінсіз жұмыстың жоғарғы табыс кепілдігі секілді шартының басым болуын, жұмысқа тұру мен мамандықты жас адамдар өздерінің өмірлік жоспарларын жүзеге асырудың шарты ретінде, тік әлеуметтік ұтқырлықтың каналы ретінде, қоғамдағы жоғарғы жағдайға жетудің амалы ретінде мойындауының көрінісі деп қабылдау керек.

Қаржыландыру көзі

Осы мақалада келтірілген мәліметтер «Қазақстан жастарының еңбек және құндылық бағдарлары» бұқаралық әлеуметтік сауалнамасының нәтижелері болып табылады, ол 2016 жылы тамызда «Жастар» Ғылыми-зерттеу орталығымен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан жастары Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамының стратегиялық ресурсы ретінде» гранттық жобасын жүзеге асыру аясында жүргізілді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Аберкромби, Н. Социологический словарь [Текст]: словарь / Н. Аберкромби, С. Хилл, Б.С. Тернер; Пер. с англ. под ред. С.А. Ерофеева. – М.: Экономика, 2000. – 414 с.

ҒТАМР
04.51.59

Бахытжамал Бектұрғанова¹, Мадина Нұрғалиева²

¹ Қазақстан әлеуметтанушылары мен саясаттанушылары қауымдастығының төрайымы, философия ғылымдарының докторы, ҚР Әлеуметтану академиясының академигі

² ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының Алматы қаласындағы өкілдігінің бөлімшесінің жетекшісі, саяси ғылымдарының кандидаты

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ КҰРДАСТАРЫ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ЭТНОСТЫҚ-ДІНИ БІРЕГЕЙЛЕНУІ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның ауылдық және аймақтық жерлердегі жастарының ұлттық-діни бірегейленуі сәйкестенуі мәселесі талданған. Бұл құбылыстардың таралауы бір жағынан этно-қазақтық сәйкестілікті жаңарту қажеттілігі, ал екінші жағынан жалпыазаматтық негіздегі ұлттық сәйкестілікті қалыптастыру қажеттілігі арасындағы қарама-қайшылықтың артуы жағдайында жүріп отыр. Аймақтағы жастарды бөліп тұрған арадағы ұлттық-діни «қабырғалардың» болуына қарамастан, қазіргі таңда елімізде ұлтаралық және дінаралық бейбітшілік пен түсіністікті сақтап қалу қажеттілігі түсінігі бар, сонымен қатар қазақстандықтардың азаматтық қоғамын құру арналған әлеуметтік база да қалыптасқан.

Түйінді сөздер: ұлттық-діни сәйкестену, аймақтық жастар, азаматтылық, патриотизм, этникалылық, діни, жастар саясаты.

Бахытжамал Бектурғанова, Мадина Нурғалиева РОВЕСНИКИ НЕЗАВИСИМОСТИ: ЭТНОРЕЛИГИОЗНЫЕ ИДЕНТИФИКАЦИИ КАЗАХСТАНСКОЙ МОЛОДЕЖИ

Аннотация. В данной статье анализируются этнорелигиозные идентификации сельской и региональной молодежи Казахстана. Их распространение происходит на фоне усиливающегося противоречия между потребностью в возрождении этноказахской идентичности, с одной стороны, и необходимостью формирования национальной идентичности на общегражданской основе – с другой. Несмотря на наличие разделяющих региональную молодежь этнорелигиозных «перегоро-

док», в стране на данный момент все же существует общее понимание необходимости сохранения межэтнического и межконфессионального мира и согласия и имеется социальная база для формирования гражданской нации казахстанцев.

Ключевые слова: этнорелигиозные идентификации, региональная молодежь, гражданственность, патриотизм, этничность, религия, молодежная политика.

Bakhytzhamal Bekturganova, Madina Nurgaliyeva **COEVALS OF INDEPENDENCE: ETHNIC AND RELIGIOUS** **IDENTITIES OF KAZAKHSTAN'S YOUTH**

Abstract. The article discusses the ethnic and religious self-identifications of rural and smaller towns' youth in Kazakhstan that are being formed amid growing contradiction between the necessity for the revival of the ethnic Kazakh identity, on the one hand, and the common national civic identity on the other. The authors argue that, although the rural youth experience a number of ethnic and religious fractures, there is still a common understanding of the crucial importance of preservation of inter-ethnic and inter-religious peace and harmony and, therefore, a social base for formation of a civic nation of Kazakhstan.

Key words: ethnic and religious identification, rural youth, citizenship, patriotism, ethnicity, religion, youth policy.

Кіріспе

Соңғы он жылда Қазақстан жастары арасында этностық-діни бірегейленуді тарату өсімі байқалады. Қазақстандағы этноконфессиялы плюрализмнің деңгейі әлемдегі ең жоғарыларының бірі екенін ескере отырып, жастар арасындағы этностық-діни бірегейлену өсімі әр түрлі салдарға – жастардың этностық топтарының өзара аккумуляциясына немесе, керісінше, бір бірінен оқшаулануы мен өзара қақтығыс тудырушы қарым-қатынастардың күшеюіне әкелуі мүмкін. Сондай-ақ, теріс нәтижелі үрдістер жаһандану әлеміндегі күшейіп келе жатқан жағдайды қиындатады, ал жастар сол «айқаспалы атыстың» астында қалып, насихаттаудың басты нысаны болып отыр. «Гуманитарлық интервенция» мінезіне ие болған христиандар қауымының миссионерлік ынтасы мен ислам дінін саясаттандыру басты трендке айналып отыр.

Қазақстан жастарының аймақтық сегментінің маңыздылығы мен жеткілікті зерттелмеуі, этностық-діни бірегейленудің сандық және

сапалық бағалау мәселесінің пікірталастағы зерттеудің өзектілігін, оның ғылыми және тиімді маңыздылығын анықтайды.

Зерттеу әдістері

Мақала «Тұрмысың қалай, жастар?» – зерттеу жобасының нәтижелері негізінде дайындалды¹. Зерттеуге жастар арасындағы жаппай сауалнама жүргізу, және де жастардың бейресми жетекшілерімен жартылай нысандандырылған сұхбат жүргізу кірді. Ақпарат жинау тұрғылықты жері бойынша қазақ және орыс тілдерінде стандартталған үлестірме сауалнама тарату (жастар үшін), және де жұмыс орны бойынша ашық және жабық сұрақтары бар бланк-сұхбат (қазақ және орыс тілдерінде) арқылы (жастардың жетекшілерінен сұхбаттар алу үшін) жүргізілді. Сауалнама алу әдісі – *Face-To-Face*. Іріктеу құрылымын қалыптастыру үшін көп сағылы аумақтық кездейсоқ іріктеу қолданылды. Географиялық іріктеуге негіз ретінде ҚР Ұлттық экономика министрлігінің статистика комитеті қабылдаған, Қазақстанның әкімшілік-аумақтық облыстарға бөлінуі қолданылды. Статистикалық қателер 1%-дан кем. Барлығы – 15–29 жас аралығындағы 1404 адамнан сауалнама алынды². Оның ішінде 393 адам – қала сұхбаткерлері, 1011 адам – ауыл сұхбаткерлері. Сараптамаға барлығы 1398 сауалнама тіркелді. Республиканың 14 облысындағы жастардың бейресми көшбасшыларынан, жартылай нысандандырылған диктофонға жазу тәсілі арқылы сұхбат алынды. Жастар қайраткерлерінің іріктемелі жиынтық көлемі – 15 адам.

Әдіснамалық тәсіл және негізгі ұғымдар зерделенімі

Этностық және діни бірегейлену тығыз байланысты, бірақ олардың өзара әрекеттестігі тарихтың әр кезеңінде өзгеріп отыр-

¹ Әлеуметтанулық зерттеу «Сорос – Қазақстан» қорының қаржылық/сараптамалық қолдауымен жүргізілген «Тұрмысың қалай, жастар?» – атты Қазақстанның әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар қауымдастығының (ҚӘСК) зерттеу жобасы аясында дайындалды.

² ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің 2015 ж. мәліметтеріне сәйкес Қазақстанның шағын қалалары мен ауылды жерлерінде 15–29 жас аралығындағы 2.475,6 мың жастар тұрады – осы жастағы қазақстандықтардың жалпы санының 58,9% құрайды. Олардың ішіндегі әрбір 2-сі (1.206,6 мың адам) – Оңтүстік өңір тұрғыны. Өзінің қоныстану құрамы бойынша аймақтық жастар көп жағдайда ауыл тұрғыны (72,4%, немесе 1.791,8 мың адам). Ресми статистика бойынша 15–29 жас аралығындағы аймақтық жастардың ұлттық құрамы туралы мәлімет жоқ. Үлгі ретінде ұлттық топтардың жалпы аймақтың халқы құрамындағы мөлшері алынды. Аймақтық тұрғындар құрамындағы барлық жастағы қазақтардың жалпы саны 7.155,8 мың адам немесе 69,4%. Сәйкесінше, 15–29 жас аралығындағы аймақтық жастардың басым бөлігі – қазақтілді қазақтар.

ды. Авторлар этностық және діни бірегейлену бір қатардағы феномен деген позицияны қолдамайды. Біздің көзқарасымыз бойынша, этностық бірегейленуді автоматты түрде діни тиемелдікке байлаулы немесе керісінше қарастыратын позицияда әсіре жайдақ ретінде танылады. Этностық және діни бірегейлену қарқынды сипатқа ие және де әртүрлі түрткіжайттардың әсерімен, соның ішінде өмір сүру ортасының ауысымен де өзгеріске ұшырай алады.

Мақала аясында бірегейленудің түпнегізгі түрі этностық бірегейлену болатыны алға тартылды, этностық бірегейлену кез келген адамның діни, азаматтық және басқа да тиемелдігінің бар/жоқ болуына қатыссыз өзін-өзі айқындауының негізін құрайды және өзін «тамырымен», қандастарымен байланыстыратын тығыз қатынас болып табылады. Діни және азаматтық бірегейлену дегеніміз саналы/санасыз түрде өзін-өзі білгілі бір конфессияға/ұлттық қауымға жатқызуы болып табылады (ұлттық қауым түсінігінде бір саяси ұлттың/бір елдің өкілі болуы).

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша жастардың бірегейлену құрылымының мынадай 3 мәнді өлшемінің эмпирикалық негіздемесі алынды: азаматтық, этностық және діни. 3 өлшемді амалдың басты артықшылығы – іріктемелі жиынтықтың барлық элементтерін, дінге сенбейтін жастардың сегментін назарсыз қалдырмай талдауға енгізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу қорытындысы бойынша эмпирикалық түрде қазақ топтарының құрылымы бөлшектік сипатта екені анықталды, бұл құрылым ішінде тілдік қажеттілік қана емес, сондай-ақ конфессиялық қажеттілік бойынша ажыратылатын бірқатар діни топтар құрылды: ислам дінін және оның белгілі-бір бағытын ұстанатын қазақтілді қазақтар – саны бойынша басым топ болды; орыстілді қазақтар арасында ислам дінін ұстанушылар, православиелік христиан және діни азшылықтың қатарындағылар кездесті (өзінің ділдік сипатынақарай олар орыстарға жақын келеді).

Тәуелсіздік жастары

15–19 және 20–29 жас аралығындағы аймақ жастары тәуелсіз елдің ұрпағы болып табылады. Зерттеу жұмысының деректері бойынша олардың ортақ сипаттамасы – бастапқы және табиғи бірліктің (этностық және конфессиялық) ұйысуына деген жоғары ынтаның болуы. Олар

Қазақстанның дербес саяси өмір сүру жағдайында осы жасқа жетіп отыр. Басқаша айтқанда, жастардың есею кезеңі мемлекеттің этностық-қазақ бірегейлікті қайта өркендету қажеттілігін жаңа ұлттық бірегейлікті құру қажеттілігімен қатар жүргізу амалдарын жалпыазаматтық негізде қолдана бастаған кезеңге сай келді. Сәйкесінше, олардың ділі мен өзіндік бірегейленуі азаматтық ұлт құрудағы үрдістер арнасында, қазақ ұлтының және ұлттық діннің жаңару қарсаңында қалыптасып келеді (немесе қалыптасқан).

90-жылдардың бірінші жартысында, аймақ жастарының ең жоғары жас санаты әлі зердесіз жаста болған кезде, ұлт құрылысында қазақ этносының қайта өркендеуі мен саясаттандырылуына көп көңіл аударды. Мемлекеттік егемендік декларация (1990 жылғы 25 қазандағы) негізінде қазақтарға мемлекеттік ұлт мәртебесі бекітілді. «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық заң бойынша (1991 жылғы 16 желтоқсандағы) қазақ ұлтының өзін-өзі билеу құқығы мойындалды. Бірінші Конституцияда (1993 жылғы 28 қаңтардағы) Қазақстан Республикасының мемлекеттілігі қазақ ұлтының мемлекеттілігі формасында анықталды.

1995 жылдан бастап, қазіргі 29 жастағылар бастауыш мектепте оқығанда, ұлт құрылысы саласындағы басымдықтар ұлтты танудың либералды аспектісіне қарай ойысты. ҚР жаңа Конституциясы бойынша этнократиялық тәсіл ұлт құрылысының саяси-аумақтық қағидасы – мемлекетпен ауыстырылды. Осы сәттен бастап, мемлекет азаматтарының ұлты (қазақстандықтар) республика субъектісі ретінде санала бастады. Азаматтық бірегейленудің айқындалушы өлшемі титулдық ұлт қатарына жату емес, мемлекет пен мемлекеттік қазақ тілі болып саналды. Бұл өлшем Қазақстанның тек қазақтардың ғана емес, сондай-ақ ұлты қазақ емес қазақстандық азаматтардың мемлекеті болып табылатынын көрсетеді.

Анықтама үшін:

2015 ж. бойынша ресми статистикаға сәйкес, 15–29 жас аралығындағы жастар үлесі көрсетілген жастағы жастардың жалпы санынан 58,9% құрайды.

Құрамы: қазақтар (69% – 70% шамасында), ауылды мекен тұрғындары (72,4%), республиканың оңтүстігі мен батысы (барлығы 65,3%).*

** Ұлт бойынша халық саны деректері ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің ағымдағы есебі бойынша құралмайды. Келтірілген деректер аймақтағы тұрғындар құрамындағы қазақтардың жас шамасынан бөлек жалпы санын көрсетеді. Сұралған қазақтардың 86,8% – қазақ тілінде сөйлейді.*

Де-юре басымдықтар орын алмасты. Қазақстанның этноұлттық қайта өркендеуін жүзеге асыруға бағытталған шаралар жүйесі (қазақтар мен орыстар тұратын облыстарды біріктіру арқылы республиканың әкімшілдік-аумақтық бөлінісін ірілендіру, қандастарды тарихи отанына қайтару жөніндегі бағдарлама, мемлекеттік қазақ біртүлділігіне ауысу және т.б.) қазақтың ұлттық бірегейлігінің қайта өркендетуіне алғышарттар енгізді. Қолданыстағы ҚР Конституциясы қабылданғаннан бері, 20-жылдан астам уақыт ішінде, елдің этностық-демографиялық құрылымы қазақтілді қазақтардың үлесіне қарай өзгерді. Бұл 15–29 жас аралығындағы аймақ жастарының этнодемографиялық үлгісінде көрсетілген.

Сыртқы миграция серпіні мен халықтың табиғи өсуін айқындайтын этнодемографиялық үрдістер ұлт құрылысының жалпыұлттық немесе этноұлттық «келбеті» болатындығын анықтайды. Аймақ жастарының этнодемографиялық құрылымы қазіргі таңда ұлтқұру үрдісі этнос негізінде жүзеге асуы мүмкін екендігін айтуға мүмкіндік береді. Бұл даму сценарийін жүзеге асыруға қажетті негіздің болуы аймақ жастарының қазақтілді сегментіндегі этностық және азаматтық бірегейленуінің бірігу трендін (Қазақстан азаматтығымен бірегейленетін 83,4% адамның 52,3%-да осы тренд байқалады) мақұлдайды. Бұл жағдай қазақтілді жастардың этнодәстүрлі құндылықтары мен саяси ұлт құру жүйесі құндылықтары арасындағы алшақтықты көрсетеді.



1-сурет. Назардағы топ незініндегі жастардың жекетұлғалық/ топтық бірегейленуінің құрылымы

Зерттеу жұмысының нәтижелеріне талдау жасау, бүгінгі таңда Қазақстанда азаматтық негізде қазақстандықтар ұлтын қалыптастыратын әлеуметтік негіздің болуын дәлелдейді. Бұны мына тіркелген басым үрдістер айқындайды:


- Этностық бірегейленудің отаншыл құрамдас бөлігі «Сіз үшін Отан нені білдіреді?» сұрағы арқылы тексерілді. Алынған деректер бойынша, қазақ, орыс және басқа этностық топтардың этностық өзіндік бірегейленулері позитивті бағдарға ие.
- Қазақ-орыс екітілділігіне қатысты жастар арасындағы, соның ішінде, қазақтілді жастар сегментінің жоғары толеранттылығы.
- Этноконфессиялық топтардың өзге этностық/конфессиялық топтарға және оның өкілдеріне деген жоғары толеранттық қарым-қатынасы.
- Айқын көрінетін ұлтшыл ұмтылыс жастардың басым бөлігінің этностық-діни сана-сезіміне жат болып келеді. Алайда, қазақтілді жастар арасында ұлтшыл-отаншылдық көңіл-күйдің болуы әбден мүмкін.



2-сурет. Жастардың жекетұлғалық/топтық бірегейленуінің құрылымы

Жастар арасындағы этносты саясаттандырудың бірнеше дереккөзі бар:

Біріншіден, Қазақстанның этноұлттық қайта өркендеуі барысында этностық саяси түрткіжайт ретіндегі рөлі артады. Қазіргі таңда, зерттеу деректері бойынша қазақтілді жастар арасында ұлтшыл-отаншылдық сезімнің өсуі байқалады (52,3% өзін ұлтшыл-отаншыл деп санайды. Мысал үшін: орыстілді қазақтар арасында өзін ұлтшыл-отаншыл санайтындар – 15,3%, яғни, көрсеткіштер аралығы 3,4 есені құрайды).



3-сурет. Ұлтшыл-отансүйгіштерге қатынас


Екіншіден, әлеуметтік саладағы реттелмеген мәселелер және оған байланысты әлеуметтің түңілуі, әділеттілік іздеу, өзін-өзі танытуға ұмтылу, радикализм («ақ-қара» шешімдерді қабылдау жастарға тән болып келеді).

Үшіншіден, саясаттандыруды жүйеден тыс арнаға (соның ішінде экстремизм мен терроризм формаларында) бағыттайтын мықты дереккөз – исламдық білім беру жүйесі мен дәстүрі бар мемлекеттердің Қазақстанның қоғамдық және білім беру саласына идеологиялық және діни өктемдік жүргізуі (экспансиясы). Исламдық саяси білім беру Қазақстан жастарына бітіспес қарсылық жағдайындағы адамдарға тән мінез-құлық (мұсылман – мұсылман емес) пен дүниетаным негіздерін орнатады. Оңтүстік аймақтағы жабық оқу орындарының контингенті – қазақтілді ауыл жастары өкілдері.

Тиісінше, зерттеу жұмысының нәтижелері көрсеткендей, қазақтілді жастар орыстілді жастарға қарағанда этностық-діни негізде этнофобияның, бейтолеранттылықтың, дауласу потенциалының жоғары көрсеткіштерімен ерекшеленеді. Ақпараттық дереккөздердің хабарламасы бойынша аймақ жастарының жеке тұлғалары мен топтары деструктивті оқиғаларға жиі ілінеді (этносаралық қақтығыстар негізінде жаппай тәртіпсіздіктер; радикалды діни топтар ұйымдастыратын террористік акциялар; идеологиялық мәлімдемесіз және қолдаушы байланыстары жоқ «харекетшіл терроризм»...).

Кезінде қазақ ұлтының қайта көтерілуі мен ислам дінінің ұлттық дін ретіндегі қайта жандануы арасындағы байланысты көрсету орын алған болатын. Қазақстанның қоғамдық өміріне ислам тек ру-

хани дүниетаным түрінде ғана емес, сонымен бірге ұлттық қайта жанданудың этностық-конфессионалдық және жұмылдырушы идеологиясы ретінде де енді. Қоғамда ислам туралы «жаңа егеменді қазақтық бірегейлігі» түріндегі көзқарас пайда болды. Ислам этно-қазақтық өзін-өзі танудың («этно-мәдени бірегейлендіруші» құрамдас, ажырамайтын бөлігі ретінде қабылданды. Қазақ жастары арасында этностық және діни бірегейленуді теңдестіру діндарларға ғана тән емес. Сараптама көрсеткендей, 15–30 жас аралығындағы әрбір қазақ, дінге сенбегеннің өзінде, ислам дінін өзі ұлтының (ата-баба діні) дәстүрлі діни ретінде мойындайды.



4-сурет. Жастардың діншілдігінің деңгейі

Діндарлардың көпшілігі екі ата-анасы да немесе бірі дінге сенетін діни отбасыдан шыққандар болып табылады.

Оладың этностық-діни топтардағы үлесі: қазақтілді қазақтар тобында – 82,3%, орыстілді қазақтарда – 81,4%, орыстарда – 85,4%, басқа ұлт өкілдерінде – 85,9%.

Басым көпшілігі (57,9%) өздерін жанұядағы тәрбиеге байланысты дінге келгендер санатына жатқызады. Бұл зерттелген барлық топтардағы басым үдеріс болып табылады. Ал сауал алынғандардың әрбір сегізіншісі дінге әртүрлі себептер ақылы келген:

- Ішкі түйткілдер ықпалымен (12,7%), оған рухани ізденістер мен діни кітаптарды оқу әсер ерткен. Негізінен басқа ұлт (қазақ немесе орыс емес) жастарының өкілі: ер бала; 20–29 жас аралығы; негізінен ауылдық жерден шыққан; республиканың орталығы мен солтүстік аймағынан.

- Сыртқы факторлар – қоршаған орта мен жағдай, кейде аздаған уағыз ықпалымен (12,5%). Негізінен орыс ұлт өкілдері арасында көп кездеседі: әйел адам; 20–029 жас аралығы; республиканың солтүстігі мен оңтүстігі тұрғыны.

▪ Саналы түрде емес, нақты бір ықпал ететін себептерсіз. Әлі нақты шешім қабылдамағандар шығыста 7,1%-дан оңтүстіктегі 56,3% аралығында ауытқып отыр. Негізінен орыстілді қазақтар арасында кездеседі; ер бала; 15–19 жас аралығы.

Діни жанұядан шыққандар негізінен өз ата-аналары қандай дін ұстанса, сол дінге берілген: қазақтар негізінен – ислам дінін, орыстар – православиелік христиандық, басқа ұлт өкілдері – ислам және православие дінін ұстанады. Іріктеме құрамын – негізінен қазақтар құрайды. Сәйкесінше сауал алынғандардың басым бөлігінің діні – ислам, әсіресе батыс пен оңтүстік аймақтар үшін. Православиелік христиан – діни сенімі бар әрбір бесінші сауал алынушы. Олардың шоғырлану аймағы – солтүстік, орталық және біршама шығыс аймақ. Басқа діндер³ қазақ-орыс ортасында айтарлықтай бір кең таралған жоқ. Бұл дінге негізінен басқа ұлт өкілдері – олардың құрамындағы әрбір сегізінші адам. Басқа дін өкілдері негізінен солтүстік және орталық аймақтарда көптеп кездеседі.



5-сурет. Қандай дінге тиесілігі

Бір айта кетерлігі этностық-ұлттық қайта өрлеу үрдісінде табиғи түрде жастар арасында этностық-діни бірегейлік алгоритмі салынған болатын. Сауалнамаға қатысқан жастардың қоғамдық белсенді


³ **Ескертпе:** басқа діндер — католицизм, протестантизм, буддизм, дәстүрлі емес діни бағыттар.

өкілдерінің пікірінше тәуекелдерді басқаруға қатысты шаралардың өз уақтылы жүзеге асырылмауы жағдайдың өз бетімен дамуына алып келген. Үрдіс мемлекеттің қатысуынсыз өз бетінше жүрген.

Қоғамдық санада жастардың екі негізгі этностық қауымындағы этностық және діни бігейлік қазақтар – ислам, орыстар – православиелік христиандық дінде деген сипаттағы ұстаным дәстүрлі түрде сіңіп қалған. 2016 жылғы зерттеудің нәтижесі бойынша екі қауымда да жаңа жол ұстанушылар (неофиттер) санының өсімі тіркелген. Жаңа дін қабылдауға негізінен – орыстілді қазақтар мен басқа ұлт өкілдері (аздаған орыстар да) бейім келеді.

Қазақстандағы этностық-діни плюрализм деңгейі – әлем бойынша ең жоғарғы көрсеткіштердің бірі. Зерттеу мәліметтері бойынша аймақ жастары ішіндегі 3–4 діндар діни ұйымның⁴ мүшесі, тіпті бұл ұйымдардың жұмысына қыздар ер балалармен салыстырғанда 1,3 есе артық тартылған.

Сіз діни ұйымның мүшесісіз бе? (діндарлардың %)



6-сурет. Діни ұйымдарға араласу деңгейі

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес респонденттердің жартысынан артығы суннит жолындағы исламдық ұйымдар өкілдері (40%), олардың дені қазақтілді қазақтар; әйелдер; 15–19 және 25–29 жас мөлшерлі; республиканың батыс аймағынан. Әрбір бесінші – православиелік-христиандық бағыттағы ұйым мүшесі (19,3%). Негізінен орыстар; әйелдер; 25–29 жаста; шағын қалалар тұрғыны; орталық аймақтан. Топтың «салмақты» сегменті – өз діни ұйымын

⁴ Тіркелген және тіркелмеген құрылымдар да есепке алынып отыр. Діни ұйымның қызметіне қатысу көлемін анықтау үшін мүшелік сипаты да нақтыланды (тіркелген/тіркелмеген).

таңдамағандар немесе оны атаудан бас тартқандар (17,6%). Олар негізінен қазақтілді қазақтар арасында басым; ер бала; 15–19 жас; ауыл тұрғыны; елдің оңтүстігі мен солтүстігінен.

Сонымен бірге әрбір алтыншы респондент (жалпы алғанда 15,5%) өзінің мойындауы бойынша дәстүрлі емес исламдық, протестанттық, оккульттік, ориенталистикалық бағыттағы⁵ ұйымдардың, оның ішінде деструктивті тоталитарлық секталар («Иегова куәгерлері», «Сайентология шіркеуі», «Кришнаны танудың халықаралық қауымдастығы» және т.б.) мүшесі болып табылады.



7-сурет. Діни ұйымдардың конфессионалдық бағыттары

Жауап беруге қиналғандар мен өз ұйымының конфессионалдық бағытын атаудан бас тартқандар көрсеткішінің жоғары екендігін есепке ала отырып көрсетілген санның төмендетілгендігін айтуға болады. Діни ұйым мүшелерінің арасындағы әрбір сегізінші өзінің ұйымға кіруін психологиялық қысым мен мәжбүрлеу сипатында болғандығын (12,8%), ал әрбір оныншы жауап беруден жалтарған (10,3%).

⁵ Дәстүрлі емес діни ұйымдар — «жаңа ілімдер», «балама діндер». Оның ішінде, протестанттық бағыттағы бірлестіктер — лютерандар, евангелисттер, пресвитериандар, елүліктер, адвентисттер, Иегова кәугерлері, мормондар және т.б., деструктивті бағыттағы — сайентология, «жаңа өмір» және т.б. шығыстық мәндегі ұйымдар — кришнаиттер, Шри Чинмоя ілімі, Сатья Саи Бабы және т.б. ілімдер.

Жастардың бейресми басшылармен сұқбаттың нәтижесі аймақтық жастардың қоғамдық белсенділері өкілдерінің діндарлығының аса жоғары деңгейін байқатты (93,3%), олардың ішіндегі 86,7% исламды ұстанады. Сонымен қатар олардың жартысы (46,7%) – белсенді/ұстанушы діндар (мешітке/шіркеуге барады, жұма намазға ұдайы қатысады, садақа және т.б. береді).

Сауалнама алынғандардың басым бөлігі жастар арасындағы этностық-діни бірегейлену үрдісінің күшеюі жағдайына ықпал ететін себептер мен факторлар: жұмыссыздық, әсіресе ауылды жерде, ауылдық еңбек мигрантарының қалада маргиналдандуы, білім деңгейінің төмендігі, діни уағызға бейімділігі, Интернеттегі және әлеуметтік желідегі деструктивтік ақпараттың басым болуы, Интернетті жасөспірімдердің бақылаусыз пайдалануы секілді жағдайлардың болуына қарамастан оң қабылдайды. Сонымен қатар барлық аймақтық көшбасшылар жастар ортасындағы діндарлар арасында радикалды көзқарастағылар санының өсуіне қатысты еліміздің қауіпсіздігіне төнген қауіп-қатерлерді көрсетеді. Барынша салмақты қатерлердің қатарына конституциялық тәртіпті өзгерту (зайырлы мемлекеттен біртіндеп діни мемлекетке ауысу); діни ұстанымдар күшейген жағдайында азаматтық ұстанымдардың кемуі, шынайы емес діни ілімдердің көбеюін жатқызамыз. «Шиеленістік ошағы» негізінен республиканың батысында: Атырау, Ақтөбе, Манғыстау, Батыс Қазақстан облыстарында орналасқан (осындай көзқарасты сауалнама алынған сарапшылардың барлығы ұстанады).

Респонденттердің шамамен 71% өздерін діндар деп санағанымен де, діниліктің жоғары көрсеткішінің артында жастардың саналы түрде дінге келуі көрінбейді. Жастар көп жағдайда өздерін белгілі-бір дінге қатыстылығын көрсеткенімен де, негізінен өздерін діндар деп санамайды. Өңірлер жастарының этностық-діни бірегейлігінде дін мен сенім арасындағы нақты байланыстың болмауы тән. Жастардың діндарлығының үстірт және сенімсіздеу болуы діннің «эностық маркер» сапасындағы рөлін айқындайды. Дін жастар қарым-қатынасын реттеудегі жүйекалыптастырушы тетікке айналған жоқ. Діни бірегейлік дегеніміз қазіргі «діндар» жастардың бойынан танылып отырғанмен салыстырғанда барынша ұтымды-әдістік мінез-құлықты білдіреді. Олардың діни мінез-құлқында сыртқы көрінісі, діни-салттық тарапы басым болып отыр. Соған қарамастан діни ғұрыптарды орындау қасиетті мәтіндерді жүзеге асыруға деген талпыныс болып табылмайды. Олардың басым бөлігі негізгі дереккөздерді (Құран, Інжіл және т.б.), жалпы діни әдебиеттерді білмейді және оқымайды.

«Діндарлардың» басым бөлігі өздерін еркін сезінеді немесе барлық діни заңдар мен ережелерді сақтамайды. Сондықтан да жасатардың дінге қатыстылығы мен дінге сенімі бір нәрсе емес. Ол өзінің түпкі, классикалық стандартынан алыс жатқан барынша өзіндік құбылыс болып табылады. Шын мәнінде, жастар орындауындағы дін өзінің қасиетті мәнінен арылып, барынша секуляризацияға ұшырай келе тұрмыстық ғұрып тәжірибесіне айналады.

Қорытынды

Діни бірегейлік мәселесі қауіпсіздіктің жаңа қатерлері алдында елдегі және әлемдегі саяси өзгерістерге ықпал ететін қатарына жатады. Бұл жағдайды есепке алу жастар арасындағы, әсіресе әлеуметтік-демографиялық сипаттары әлеуметтік маргиналдық бағытына ойысқан топта этностық-діни бірегейліктің таралуын ынталандыратын себептерді түсінуге қажетті ақпараттық негізді қалыптастыру қазеттілігін байқатады. Бұл мемлекеттік жастар саясатының қаржысына этностық-діни бірегейлік азаматтыққа кедергі келтірмейтін, керісінше оның құрамдас толықтырушысы болатындай жағдай жасау үшін қажет. Егер де жастарды азаматтық қауымға біріктіру ісі мемлекеттік жастар саясатының мақсаты болмаса, Қазақстан этностық-діни бірегейліктің перманенттік қақтығысы аймағына айналады, ал ол барлық кезде толеранттық пікіралмасулар арқылы жүрмейтіндігі белгілі.

Қазіргі таңда қазақ этносы тіпті өз ішінде де біртұтас қауым емес, ол этностан тыс белгілер бойынша да (мысалы, экономикалық – кедергілер мен байлар), сонымен қатар әрбір ұлтты нақтылауға мүмкіндік беретін сипаттарды қамтитын этностың ішкі белгілері (мысалы, мәдени-ғұрыптық) бойынша а бөлінеді.

Қазақ жастарының этно-ұлттық санасының дамуы мүмкін бағыттары қазіргі таңда әлі айқын болып көрінбейді. Мемлекеттің өзіне қажетті мәнде елдегі жағдайға ықпал ету мүмкіндігін арттыру оның тарапынан шұғыл түрде реттеуші тетіктерді қолданып, жағымсыз жағдайлардың алдын алу мақсатында жастардың этно-ұлттық санасының дамуы мен ұлтқұрылысының модальды бағытына сәйкестігін қамтамасыз етуі қажет.

FTAMP
04.41.61

**ПэрТешендорф¹, Толғанай Үмбеталиева²,
Ботагөз Рақышева³, Айнұр Мажитова⁴**

¹Фридрих Эберт атындағы қордың

¹Қазақстан мен Өзбекстан бойынша өңірлік директоры

*²Фридрих Эберт атындағы қордың Алматы қаласындағы
өкілдігінің басшысы (Алматы қ., Қазақстан)*

*³Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты*

*⁴«Қоғамдық пікір» зерттеу институты
(Астана қ., Қазақстан)*

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ: САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР, ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ БЕЛСЕНДІЛІК (әлеуметтік зерттеулер негізінде)

Аңдатпа. Бұл мақалада Ф. Эберт атындағы Қордың тапсырысы бойынша «Қоғамдық пікір» зерттеу институты жүргізген «Орталық Азия жастары» жобасы шеңберінде Қазақстан жастарынан алынған сауалнама нәтижелері берілген. Зерттеудің мақсаты қазіргі жаңа шынайылық жағдайында жас қазақстандықтардың құндылықтары мен көзқарастарын зерттеу болып табылады. Қойылған мақсатқа жету үшін сандық (жеке сұхбат әдісі арқылы жастардан сауалнама алу) және сапалық (фокус-топтар, терең сұхбат алу) зерттеу әдістері қолданылды.

Түйін сөздер: Қазақстан жастары, сауалнама, саяси құндылықтар, бағдарлары.

**Пэр Тешендорф, Толғанай Умбеталиева, Ботагөз Ракишева,
Айнур Мажитова**

МОЛОДЕЖЬ КАЗАХСТАНА: ПОЛИТИЧЕСКИЕ ЦЕННО- СТИ, ИНТЕРЕСЫ И АКТИВНОСТЬ

(на основе социологического исследования)

Аннотация. В данной статье представлены результаты опроса молодежи Казахстана в рамках проекта «Молодежь Центральной Азии», проведенного Исследовательским институтом «Обществен-

ное мнение» по заказу Фонда им. Ф. Эберта. Целью исследования является изучение ценностей и взглядов молодых казахстанцев в условиях сегодняшней действительности. Для достижения поставленной цели исследования использованы методы количественного (опрос молодых людей методом личного интервью) и качественного исследования (фокус-группы, глубинное интервью).

Ключевые слова: молодежь Казахстана, опрос, политические ценности, ориентации.

Peer Teshendorf, Tolganai Umbetalieva, Botagoz Rakisheva, Ainur Mazhitova

YOUTH OF KAZAKHSTAN: POLITICAL VALUES, INTERESTS AND ACTIVITY

(Based on Survey Findings)

Abstract. The article provides the analysis of the findings reached during the survey conducted among Kazakhstan's youth in the framework of the "Youth of Central Asia" project by the "Public Opinion" Research Institute and commissioned by Friedrich Ebert Foundation. The focus of the survey and, therefore, of the article is on the values and attitudes of younger citizens of Kazakhstan in the context of contemporary reality. The data, which the article is based on, has been received through the application of various quantitative methods, namely survey of young people using personal interviews and qualitative methods such as focus groups and depth interviews.

Key words: Youth of Kazakhstan, survey, political values.

Кіріспе

Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің қазіргі жастары – бұрынғы кеңестік республикалар өміріндегі бетбұрысты кезеңде туып-өскен балалар. Бұл ұрпақ саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістер тудырған әлемдік қауымдастықтың күрделі трансформациясы, технологиялардың күрт дамуы кезеңінде дүниеге келіп, ер жетуімен қызығушылық танытады. Жоба шеңберінде көрші аймақ елдері жастарының ұқсас әрі жақын ұстанымдарын анықтау, сонымен бірге қоғам дамуындағы көзқарастар мен үрдістердің елеулі айырмашылықтарын зерттеу жоспарланып отыр. Бұл келешекте

Орталық Азия елдерінің даму ерекшелігін түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдіснамасы. Зерттеу жұмысында Қазақстан жастарының әлемі, оның әртүрлі қырлары, өздерінің мақсаты мен міндеттерін шешу үшін таңдайтын стратегиялары басты назарға алынды.

Қазіргі таңда жастардың саяси өмірде белсенді емес екендіктері айтылады. Бұл жайтты әртүрлі сарапшылар бірқатар себептер арқылы түсіндіреді, солардың ішінде мынадай себептер басым түрде атап көрсетіледі: жастардың қызығушылығын оятарлықтай нақты саяси күштердің жоқтығы; жастардың саяси процестерге ықпал етуге өздерінің дәрменсіз екендіктерін білуі және т.б. Сол себептен аталмыш тарауда зерттеу назары жастардың саяси көзқарастарына, олардың ел ішіндегі, елден тысқары орын алған саяси оқиғаларға деген қызығушылығына, сондай-ақ жастардың сайлау алдындағы науқан барысындағы белсенділігіне аударылды.

Қойылған мақсатқа жету үшін зерттеу жұмысында сандық (жастардан жеке сұхбат алу негізінде сауалнама жүргізу) және сапалық (фокус-топтар, терең сұхбат алу) зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері.

1. Саяси құндылықтар

Азаматтардың саяси белсенділігіне қатысты алуан түрлі зерттеулерде олардың саясатқа қатысу деңгейі мен саясатқа деген қызығушылық деңгейінің статистикалық арақатынасы анықталған еді. Саясатқа көбірек қызығушылық танытатын адамдар оған қатысуға да бейімдірек келеді. Бірақ сонымен қатар ондай зерттеулерде жасалған қорытындыда саясатқа қатысудың әртүрлі формалары мен ел азаматтарының саясатқа деген қызығушылығы арасындағы байланыс әртүрлі деңгейде болатындығы ерекше атап көрсетіледі.

Мысалы, саясатты қызықтайтын адамдар сайлау алдында мемлекеттік билік органдарына хат не өтініш бағыттау, демонстрациялар, қоғамдық қозғалыстарға қатысу сияқты басқа формаларға көбірек көңіл бөліп, әдетте басты науқанға тікелей қатыса қоймайды. Мұны дәлелді қатысу деп атауға болады. Ал әдетте саясатқа көп қызығушылық таныта қоймайтын азаматтар сайлауға жиірек барады, бұл жоғарыдағы формаға қарағанда символикалық қатысу болып табылады. Мұндай қорытындылар алуан түрлі елдерде кең көлемде жүргізілген салыстырмалы зерттеулер барысында жасалған. Бірақ бұл жерде мұндай арақатынастардың ересек буынға қарағанда жастар арасында әлсіз көрсетілгенін атап өтеміз.

Сондықтан жастардың елдегі саяси өмірге деген қызығушылығын зерттеумен қатар басқа да арақатынастарға да ден қойылды. Мәселен, бір жағынан Қазақстан жастарының саясатқа деген қызығушылық деңгейі мен саясатқа қатысу деңгейінің арасында өзара ықпал бар ма, екінші жағынан жастардың саясатқа деген қызығушылығы мен жастар арасындағы саясатқа қатысудың белгілі бір формаларының «танымал» деңгейі арасында өзара қатынас бар ма деген сұрақтарды атауға болады. Яғни, жастар арасындағы саясатқа қатысудың символикалық және дәлелді формаларының арақатынасы зерттеледі. Мәселенің бұл қырларын сараламай тұрып, алдымен жастардың саяси құндылықтарына көңіл бөлеміз.

Зерттеудің маңызды міндеті саяси оқиғаларды түсінулеріне және елдің болашақ саяси дамуына қатысты көзқарастарына әсер ететін жастардың саяси құндылықтары мен сенімдерін анықтау мәселесі болды. Осыған байланысты жұмыстың бұл тармағында маңызды үш сұрақты саралаймыз. Бірінші сұрақ – жастардың елдегі демократияның даму деңгейіне беретін бағасы және қазақстандық қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардың құқықтарына қатысты мәселе. Екіншіден, жас буын арасындағы дарашылдық және ұжымшылдықтың (*орыс тілінде индивидуализм и коллективизм – ауд. ескертуі*) арақатынасын зерттеуге тырысамыз. Ал үшінші маңызды сұрақ жас қазақстандықтардың саяси көзқарастарын олардың оңшыл, солшыл және орта бағытқа бөлінуі тұрғысынан сараптау болып табылады. Бұл атап көрсетілген үш фактор жас буынның көзқарасындағы саяси өзгерістердің деңгейін зерделеуге мүмкіндік береді.


1-кесте. Қазақстан Республикасында демократияның дамуына жалпы алғанда қаншалықты қанағаттанасыз немесе қанағаттанбайсыз?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Толық қанағаттанамын	98	9,8
Қанағаттанамын	423	42,3
Біршама деңгейде қанағаттанамын	256	25,6
Қанағаттанбаймын	48	4,8
Мүлде қанағаттанбаймын	4	0,4
Жауап беру қиынға соғады / Жауап жоқ	171	17,1
Барлығы	1000	100,0

Зерттеуге қарағанда жастар елдегі демократияның даму деңгейіне

оң баға береді. Нәтижелер көрсеткендей, жастардың басым бөлігі – респонденттердің 77,7 % – өздерінің ризашылығын білдірді. Сұраққа респонденттердің 17,1 % жауап бере алмады, қанағаттанбайтындардың үлесі 5,2 %. Демократияның даму деңгейіне разы респонденттердің көпшілігі – өздерінің қаржылай жағдайына жоғары баға бергендер, олардың үлесі 26 %, бірақ сөйте тұра сұраққа жауап беру қиынға соққандар арасында өзінің қаржылай жағдайын «жақсы» (16 %) және «жаман» (12,3 %) деп бағалаған жастармен салыстырғанда «өте жақсы» деп бағалағандардың үлесі көбірек (33,3 %). Қаржылай жағдайы «жақсы» және «жаман» деп көрсетілген жастардың арасында демократияның даму деңгейіне оң баға берген респонденттердің саны бар болғаны 9,5 % және 0,9 %.

Әлеуметтік жағдай индексі ауқатты әлеуметтік топқа жататын жастардың да, әлеуметтік төмен топқа жататын жастардың да елдегі демократияның дамуына қанағаттану деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Олардың үлесі 44,8 % (төменгі әлеуметтік топтар) – 55,8 % (жоғарғы әлеуметтік топтар) аралықты құрайды. Жастардың өмір сүру шарттарына қанағаттану деңгейіне қатысты пайыздық үлес те осыған ұқсас. Ол шарттарды «өте жақсы» деп бағалайтындардың ішіндегі демократияның дамуын толық қанағат тұтатындардың саны 24,5 % болса, өмір сүру шарттарын «жақсы», «орташа» және «жаман» деп бағалайтын респонденттердің үлесі сәйкесінше 11,2 %, 3,3 % және 0%. Сауалнама нәтижелері демократияның дамуына қанағаттану деңгейі материалдық жағдайдың көрсеткіштеріне байланысты деп ұйғаруға мүмкіндік береді. Жастар өз материалдық жағдайын неғұрлым төмен бағалаған сайын демократияның даму деңгейіне соғұрлым аз қанағат танытады. Сонымен қатар жас респонденттер Қазақстанда әйелдердің (84,8 %), этникалық азшылық (71,5 %) пен дінге сенетін адамдардың (69,3 %) құқықтары жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілген деп сенеді. Кедейлер мен мүгедектердің құқықтары одан азырақ деңгейде қорғалған деп саналады. Жастардың 55,6 % және 59 % соңғы екі топ өкілдерінің құқықтары жеткілікті дәрежеде қорғалған деп санаса, сәйкесінше 33,9 % және 28,7 % олардың құқықтары жоқ деп біледі. Оң жауаптардың ең аз бөлігі гомосексуалистер мен сексуалдық азшылық өкілдерінің құқықтарын бағалауда байқалады: 27,9 % бұл категорияның құқықтары жеткілікті, 9 % – құқықтары өте көп, 38,6 % – құқықтары жоқ деп санайды. Сондай-ақ жастардың жауап беруге ең көп қиналған тобы да осы категория болды – білмеймін дегендердің үлесі 24,5%. Басқа деңгейлерде жалпы елдік көрсеткіштерден айта қоярлық ауытқушылықтар байқалған жоқ.



1-сурет. Тізімдегі әр топтың құқықтары қандай?

Респонденттердің қоғамды ұйымдастырудың маңызды қағидалары мен нормаларына қатысты келісемін / келіспеймін деген формада берген жауаптары да – назар аударуға тұрарлық жайт. Бұл сұрақтың жауаптарын екі өлшем – оңшыл-солшыл-орта және дарашылдық-ұжымшылдық секторларына бөлу – тұрғысынан жіктеп қарастырамыз.


2-кесте. Төмендегі ойлармен қаншалықты деңгейде келісесіз немесе келіспейсіз?

	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Мүлде келіспеймін	Ж/б қиын
Әділдік адамдардың өмір сүру деңгейінің ұқсастығында көрініс табады.	28,7	37,4	27,5	3,0	3,4
Адамдардың өмір сүру деңгейіндегі айырмашылық олардың қабілеттеріне байланысты, сондықтан да әділ.	17,6	46,4	26,5	5,2	4,3
Мемлекет кедейлерге өмір сүрудің лайықты деңгейін қам-тамасыз етуге тиіс. Байлар өз мүліктерін кедейлермен бөлісуге міндетті.	36,2	37,8	19,1	3,2	3,7
Мемлекет мүлік бөлісіне араласпауға тиіс. Адамдар өз материалдық жағдайы үшін өздері жауап береді.	15,6	34,5	39,7	6,5	3,7
Қоғам мүддесі жеке адам мүддесінен маңызды.	24,1	32,0	34,0	5,6	4,3
Жеке тұлғаның құқығы қоғамның ұжымдық мүдделерінен жоғары.	10,0	33,5	41,5	8,3	6,7

	<i>Толық келісемін</i>	<i>Келісемін</i>	<i>Келіспеймін</i>	<i>Мүлде келіспеймін</i>	<i>Ж/б қиын</i>
Қоғам мемлекет бекіткен ережелер бойынша өмір сүруге тиіс.	25,1	38,2	26,8	4,1	5,8
Қоғам өзін-өзі ұйымдастыруға, ал мемлекет тек шарттарды қамтамасыз етуге тиіс.	29,5	39,3	18,8	6,7	5,7
Еркіндік қауіпсіздіктен маңызды.	14,9	32,6	39,2	8,3	5,0
Қауіпсіздік еркіндіктен маңызды.	20,4	40,9	28,2	4,8	5,7

Бірінші өлшем бойынша аталмыш сұраққа берілген жауаптар оңшыл, солшыл және орта бағытқа бөлу тұрғысынан жастардың саяси көзқарастарының арақатынасын саралауға мүмкіндік береді. «Оңшыл» саяси секторды ең алдымен мемлекеттен көмек күткенше өзінің күш-жігері мен отбасына сенуді артық санайтын жастар құрайды, оларға либералдық идеялар мен құндылықтар жақын. Мемлекет қолдауын өз мақсаттары мен мұраттарын жүзеге асыру жолындағы міндетті шарттардың біріне балайтын «солшыл» сектор өкілдерінің ұғымында ұжымдық сипат басымырақ және оларға кеңестік дәуір құндылықтары мен мазмұндары жақын.


Төменде көрсетілген графиктен «оңшыл» жастардың үлесі респонденттердің 35,8 %; «солшыл» жастардың үлесі 46,4 %; көзқарастарында «оңшыл» сипат та бар, сөйте тұра кеңес дәуірінің құндылықтарынан толық бас тартпаған «бейтарап» топ жалпы алғанда респонденттердің 17,8 % құрайтындығын көруге болады.



■ Оңшыл/консервативтік көзқарас ■ Солшыл көзқарас ■ Орталық көзқарас

2-сурет. Қоғамды ұйымдастырудың нормалары

Сауалнама нәтижелері бойынша оңшыл сектордың құндылықтарына арқа сүйейтіндермен салыстырғанда солшыл көзқарасты қолдайтын жастардың саны басымырақ. Қазақстандық жастардың арасында солшыл көзқарастың басым болуының себебі қоғамның әлеуметтік жіктелуінің және әлеуметтік теңсіздіктің өсіп келе жатқандығымен байланысты болуы керек, жастар бұл жайтқа қарап әлеуметтік әділдік жоқ деп көреді. Сауалнама елдегі жас буынға солшыл бағыттағы құндылықтар жақынырақ екендігін көрсетті. Сөйтіп жастардың идеологиялық көзқарастары қалыптасу сатысында болса да және Қазақстан жастарының белгілі бір бөлігі «оңшыл» көзқарастармен құндылықтарды жақтаса да, жастар арасында «солшыл» идеяларға деген бағдардың басымдылығы байқалатындығын айтуға болады.



3-сурет.

Сауалнама сондай-ақ жас буын көзқарасында дарашылдықпен салыстырғанда ұжымдық құндылықтардың аз да болса басым екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Ұжымдық сипаттың басымдылығы, әсіресе, төмендегі екі тұста айқын аңғарылады: «Мемлекет мүлік бөлісіне араласпауға тиіс. Адамдар өз материалдық жағдайы үшін өздері жауап береді»-ге (50,1 %) қарағанда «Мемлекет кедейлер үшін өмір сүрудің лайықты деңгейін қамтамасыз етуге тиіс. Байлар өз мүліктерін кедейлермен бөлісуге міндетті» (74 %) және «Еркіндік қауіпсіздіктен маңызды»-ға (47,5 %) қарағанда

«Қауіпсіздік еркіндіктен маңызды» (61,3 %) деген пікір басым. Басқа тұжырымдамалар бойынша ұжымдық құндылықтарды қолдайтын жастар мен дарашылдықты сипаттайтын тұжырымдамалармен келісетін жастардың үлесі шамалас, ұжымшылдық жағындағы басымдылық сәл ғана артық.

Мәселен, «Әділдік адамдардың өмір сүру деңгейінің ұқсастығында көрініс табады» деген тұжырымдамамен келісетін респонденттердің саны (66 %) мен «Адамдардың өмір сүру деңгейіндегі айырмашылық олардың қабілеттеріне байланысты, сондықтан да әділ» деген ойды қолдайтындардың саны (64 %) шамалас. Тағы бір мысал – жастардың 56 % «Қоғам мүддесі жеке адам мүддесінен маңызды» деген пікірді қолдаса, 43,5% «Жеке тұлғаның құқығы қоғамның ұжымдық мүдделерінен жоғары» деп санайды. «Қоғам мемлекет бекіткен ережелер бойынша өмір сүруге тиіс» (63,3 %) және «Қоғам өзін-өзі ұйымдастыруға, ал мемлекет тек шарттарды қамтамасыз етуге тиіс» (68,8 %) деген тұжырымдамалар арасында да аз ғана пікір айырмашылықтары байқалады.

3-кесте. Сіздің саяси көзқарасыңыз ата-анаңыздың ойларымен сәйкесе ме?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Толық сәйкеседі	119	11,9
Біршама деңгейде сәйкеседі	428	42,8
Аздап сәйкеседі	214	21,4
Мүлде сәйкеспейді	71	7,1
Жауап беру қиынға соғады / Жауап жоқ	168	16,8
Барлығы	1000	100,0

Респонденттердің саяси көзқарастары мен ата-аналарының көзқарастары өзара сәйкесе ме деген сұраққа қатысты берген жауаптарынан да осындай арақатынасты көруге болады. Сауалнамаға қатысушылардың ішінен тек 11,9 % толық сәйкеседі, респонденттердің жартысынан сәл азырақ бөлігі біршама деңгейде сәйкеседі десе (42,8 %), аздап қана сәйкесетіндердің үлесі 21,4 %, мүлде сәйкеспейтіндердің үлесі 7 %. Жастардың 16,8 % үшін бұл сұраққа жауап беру қиынға соқты. Сөйтіп жас буын мен ересек буын арасында көзқарас айырмашылығы байқалады деуге болады, бұл айырмашылық барған сайын өсе беретін болуы мүмкін.

2. Саяси қызығушылықтар және белсенділік

Сауалнама көрсеткендей, жастар саясатқа жалпы алғанда не кейде ғана (45,9 %) ынта білдіреді, не оны мүлде қызықтамайды (33,6%). Бірақ саясатқа деген ынта респонденттердің жас мөлшерімен байланысты өсе түседі: мәселен, 14-16 жас аралығындағы респонденттер ортасында саясатқа немқұрайлы қарайтындардың үлесі көп, олар 52,8 – 47,3 % арасында болса, 29 жасар респонденттер арасында мұндай үлес 17,6 % дейін төмендеді.

Сауалнама деректеріне қарағанда жастар өздерінен гөрі ата-аналарының саясатты көбірек қызықтайтындығына сенімді. Жастардың 30,5 % ата-аналарының саясатқа үнемі ынталы екенін, 48,4 % кейде ынта танытатындығын, 16,7 % мүлде қызықтамайтындығын білдірді. Қыздарға (16,4 %) қарағанда жігіттер (19 %) саясатқа көбірек қызығушылық танытады, бірақ жігіттерге (10,8 %) қарағанда қыздардың (13 %) саяси көзқарастары ата-аналарының көзқарастарымен көбірек сәйкеседі.

4-кесте. Ата-анаңыз саясатқа қатысты мәселелерді қызықтай ма?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Иә, үнемі қызықтайды	305	30,5
Кейде ғана қызықтайды	484	48,4
Мүлде қызықтамайды	167	16,7
Жауап беру қиынға соғады / Жауап жоқ	44	4,4
Барлығы	1000	100,0

Саясат пен әлемде болып жатқан оқиғалар туралы ақпарат алатын басты көздер телевизия (89,2 %), интернет (60,5 %), отбасылық пікір алмасулар (33,1 %), ағайын-туыс пен достармен әңгіме (16 %) болып табылады. Әлеуметтік желілерді саяси ақпараттардың көзі ретінде қолданатын жастардың үлесі респонденттердің 10 % ғана құрайды. Интернет, радио және әлеуметтік желілер саяси ақпараттар алатын құрал ретінде қалалық жастар арасында көбірек танымал болса, ауыл жастары үшін телевизия мен күнделікті газеттердің маңызы артық. Ауыл тұрғындарының интернетті белсенді қолданбауы не оның ауылдық елді мекендерде жоқтығынан немесе қызметінің ауыл тұрғындары үшін қымбаттылығынан. Ауылдық жастар ақпарат алу үшін өздерінің қалалық құрдастарына қарағанда отбасылық пікір алмасулар, дискуссиялар және достармен әңгіме-дүкен секілді жолдарды көбірек қолданады.




4-сурет. Саяси оқиғалар туралы ақпараттардың басты көздері қандай?

Жастар үшін саясат пен азаматтық бастамаларға қатысу маңыздылығының деңгейі мен саяси ақпараттарға деген қызығушылық деңгейінің пайыздық арақатынасы ұқсас. Саясатпен айналысып, азаматтық бастамаларға қатысу «онша маңызды емес» (45,9 %) және «мүлде маңызды емес» (35,5 %) деп санайтын респонденттердің саны мен саяси ақпаратты кейде қызықтайтын (45,9 %) және «мүлде қызықтамайтындардың» (33,6 %) үлесі өте ұқсас. Сондай-ақ қалалық замандастарына қарағанда ауылдық жастардың азаматтық ұстанымдары белсендірек екендігі қызықты. Гендерлік деңгейде елдік көрсеткіштермен салыстырғанда айта қоярлық айырмашылықтар байқалған жоқ.

Жастардың саясат пен азаматтық бастамаларға қатысуының қалаулы деңгейі мен нақты қатысу деңгейін салыстырып қарау белгілі бір айырмашылықтың бар екенін көрсетеді. Саясатқа қатысу қалалық жастардың 15 %, ауылдық жастардың 21,3 %, азаматтық бастамаларға қатысу қалалық жастардың 18,5 %, ауылдық жастардың 25,6 % үшін маңызды. Волонтерлық іс-әрекеттерге нақты қатысқандардың үлесі респонденттердің 9,3 % құрайды. Ал қала/ауыл деңгейінде пайыздық арақатынас төмендегідей: 10,8 % – қалалық жастар және 7,5 % – ауылдық жастар. Жалпы саннан 46,2 %


қоғамдық орындарды тазалаумен айналысқан; 38,7 % азаматтардың белгілі бір категориясының өкілдеріне көмек пен қолдау көрсеткен; 33,3 % көшет отырғызып, оларды күтумен айналысқан.



5-сурет. Соңғы 12 айда волонтерлық іс-әрекеттерге қатыстыңыз ба?


Ақысыз қоғамдық-пайдалы еңбекпен айналысқан респонденттердің үлесі 12,7 %, бұл сан волонтерлыққа қатысты сұрақтың жауабына қарағанда сәл көбірек. Қала-ауыл деңгейінде арақатынас төмендегідей: қалалықтардың 11 % мен ауылдықтардың 14,7 % ақысыз еңбекке араласқан. Олардың бестен бірге жуық бөлігі қоғамдық-пайдалы еңбекпен ай сайын немесе үш айда бір рет айналысқан; респонденттердің жартысынан көбірек бөлігі жарты жылда бір рет ақысыз жұмыс істеп көрген.

Қоғамдық-пайдалы еңбекке ат салысу, %



6-сурет.

Ақысыз қоғамдық еңбекпен қаншалықты жиі айналысасыз? (127 респондент), %



7-сурет.

Волонтерлықпен айналысудың басты себебі қоғамдық еңбекті (қоғам өміріне қатыстылықты) сезініп көру тілегі болып табылады. Бұл себепті волонтерлықпен айналысқан респонденттердің жартысынан көбі атап көрсетті (52,7 %). Екінші орында жиі аталған себеп

басқаларға деген адалдық сезімі болды (11,8 %), бұл сезім жастарды ақысыз ерікті жұмыспен айналысуға итермелеген.



8-сурет. Соңғы 12 айда қандай волонтерлық іс-әрекеттермен айналыстыңыз?

Волонтер-респонденттердің 8,6 % отбасылық дәстүрлерді сақтау жолын басты себептердің бірі ретінде атап көрсетуі қызықты дерек болып табылады. Қазақстандық қоғамда тәжірибе жүзінде волонтерлық салттың жоқ екендігін ескерсек, бұл біздің ойымызша жоғары көрсеткіш. Волонтерлық іспен айналысу себептерінің қатарында сондай-ақ діни қағидалар, жаңа достар табу, кәсіби білімді сынау тілегі атап көрсетілді. Сауалнама нәтижелеріне қарағанда жастар волонтерлық істің маңыздылығын түсінеді, бірақ оларда оған қатысудың себептері әлі қалыптаспаған немесе оны саналы түрде ұға қоймаған.

5-кесте. Сізді волонтерлық іс-әрекеттермен айналысуға итермелейтін басты себептер қандай?

(бұл сұраққа соңғы 12 айда волонтерлық істермен айналысқан респонденттер ғана жауап береді – 93 респондент (9,3 %))

Жауа нұсқалары	Саны	Пайызы
Белсенділік / қоғамдық істермен айналысуды сезіну тілегі	49	52,7
Басқаларға деген адалдық сезімі	11	11,8
Отбасылық дәстүр	8	8,6
Діни қағидалар	7	7,5
Жаңа достар табу тілегі	5	5,4

Жауа нұсқалары	Саны	Пайызы
Кәсіби біліммен айналысу тілегі	4	4,3
Кейінірек сізге жұмыс ұсынуы мүмкін жеке жұмыс берушілермен танысу, оларға ұнау тілегі	-	-
Кейінірек сізге жұмыс ұсынуы мүмкін мемлекеттік жұмыс берушілермен танысу, оларға ұнау тілегі	1	1,1
Кейінірек сізге жұмыс ұсынуы мүмкін халықаралық институттардың басшыларымен танысу, олармен кездесу тілегі	-	-
Жауап беру қиынға соғады / Жауап жоқ	8	8,6
Барлығы	93	100,0

Гендерлік деңгей жастардың волонтерлық іс-әрекеттерге қатысу себептеріне қатысты қызықты жайтты көрсетеді, ал басқа деңгейлер бойынша елдік көрсеткіштерден көп айырмашылық байқалған жоқ. Жастарды волонтерлық іс-әрекеттерге ең алдымен қоғамдық іспен айналысуды сезіну тілегі итермелейді, респонденттердің жартысынан сәл көбірек бөлігі (58 %) осы себепті атап көрсетті. Екінші орынға жас қазақстандықтардың ойынша волонтерлық істерге қатысуға ықпал ететін діни қағидалар орын тепсе (сауалнамаға қатысқандардың 14 %), респонденттердің 9,3 % үшін бұл сұраққа жауап беру қиынға соқты.

Берілген жауаптарға қарап мынадай ұйғарымға келуге болады: жастар волонтерлық іс-әрекеттерді қоғамға пайда әкелу мен ел дамуына өзіндік үлес қосу тұрғысынан емес, мақсаты Жоғары жақтан келген бұйрыққа – «Құдай солай болуын қалайды» – бағынуды көрсету болып табылатын міндет ретінде түсінеді. Қыздар арасында алғашқы үштік сәл өзгеше: 1) қоғамдық іспен айналысуды сезіну тілегі (48 %); 2) басқаларға деген адалдық сезімі (18 %); 3) отбасылық дәстүрлер (10 %). Жігіттер мен қыздардың жауаптары сондай-ақ бүгінгі таңда дін қыздарға қарағанда жігіттерге көбірек ықпал етеді деген жорамал жасауға мүмкіндік береді.

Жастардың өмірдің саяси және қоғамдық салаларына қатысуының басқа формалары – мемлекеттік құрылымдар, үкіметтік емес ұйымдар мен саяси партиялар қатарында болу – жас респонденттердің пікірінше орташа деңгейде. Нәтижелерге қарағанда респонденттер жастардың жоғарыда аталған ұйымдардағы қатыстылық деңгейін жалпы алғанда жоғары деңгейде емес деп бағалайды. Жастардың тек аз бөлігі ғана – 5,6 % (үкіметтік емес ұйымдар) - 8,2 % (мемлекеттік органдар) аралығында – бұл ұйымдардағы жастардың үлесі жеткілікті деңгейде жоғары де-

ген пікірде. Респонденттердің үштен бір бөлігі (шамамен 34 %) аталмыш құрылымдардағы жастардың қатысу үлесіне «біршама деңгейде», соған таяу бөлігі (шамамен 32 %) «аздап», сауалнамаға қатысқан респонденттердің тек 10 % «мүлде жоқ» деген баға береді.

**6-кесте. Жастар саясатқа қандай деңгейде қатыстырылады?
(саяси партиялар құрамындағы жастар, жастар ұйымдары және басқа да үкіметтік емес ұйымдар)**

	<i>Жоғары</i>	<i>Біршама деңгейде</i>	<i>Төмен</i>	<i>Мүлде қатыстырылмайды</i>	<i>Білмеймін/ Жауап жоқ</i>
Мемлекеттік ұйымдар	8,2	34,7	31,9	11,5	13,7
Саяси партиялар	7,2	33,4	32,0	11,7	15,7
Үкіметтік емес ұйымдар	5,6	33,3	30,3	10,1	20,7

Зерттеу нәтижелері жастардың ең жоғары деңгейдегі белсенділігі сайлау кампаниясы кезінде көрінетіндігін байқатады. Сайлауға қатысып көрген респонденттердің үлесі 48,5 %, өзінің ойына / сол сәтте орын алған шарттарға сай дауыс беруге ешқашан қатысып көрмегендердің үлесі 29,7 %, жасы жетпегендіктен сайлауға қатыспағандардың үлесі 17,2 % құрайды. Гендерлік деңгейде алып қарасак, сайлау кампанияларына жігіттерге (8 %) қарағанда қыздар (11,8 %) белсендірек қатысқан.


7-кесте. Дауыс беру құқығына ие болғаннан бері неше рет сайлауға қатысқаныңыз есіңізде ме?

<i>Жауап нұсқалары</i>	<i>Саны</i>	<i>Пайызы</i>
Мүмкіндігінше барлық сайлауға	99	9,9
Көпшілік сайлауға	101	10,1
Кейбір сайлауға	285	28,5
Ешқашан	297	29,7
Дауыс беретін жасқа жеткен жоқпын	172	17,2
Жауап беру қиынға соғады / Жауап жоқ	46	4,6
Барлығы	1000	100,0

Жастардың сайлау процестеріне қатысуына олардың өз дауыстарының биліктің орталық және жергілікті құрылымдарының

іс-әрекетіне ықпал ететіндігі туралы ойлары себеп болады деп айтуға болады. Респонденттердің 33,8 % (9,7 % - жоғары деңгейде, 24,1 % - біршама деңгейде) олардың дауыстары орталық органдардың (парламент пен үкіметтің) жұмысына әсер етеді; ширек бөлігі (23,2 %) аздап әсер етеді; одан сәл көбірек бөлігі (26,2 %) орталық органдардың жұмысына ешқандай ықпал етпейді деп санайды.

Жастардың биліктің жергілікті органдарына (мәслихаттар мен әкімдіктерге) қатысты ойларында да жоғарыдағыдан көп айырмашылық жоқ. Шамамен үштен бір бөлігі (31,5 %) оң жауап беріп, өз дауыстары жергілікті билік органдарының жұмысына әсер етеді деп санаса, төрттен бір бөлігі (25,1 %) олардың дауыстары аздап ғана әсер етеді, 26,3 % ешқандай әсер етпейді деген ойда.



9-сурет. Сіздің ойыңызша өз дауысыңыз құрылымдардың жұмысына қандай деңгейде әсер етеді?

Бұл тармақ бойынша ойымызды қорытындыласақ, төмендегідей тұжырымды баса айтуға болады. Сауалнама жастардың демократия туралы пікірі әлі қалыптасып үлгермеген деп пайымдауға мүмкіндік береді. Сол себептен болу керек, олардың саясат пен демократияға деген көзқарастары белгілі бір әлеуметтік топқа тиістілігіне байланысты емес немесе оған аз деңгейде ғана байланысты.

Зерттеу сонымен қатар жастардың айтулы бөлігі саясатқа ешқандай қызығушылық танытпайтындығын және олардың маңызды қоғамдық проектiлерге қатысу деңгейі төмен екендігін анықтады. Жастардың саясатқа деген қызығушылығының төмендігін жас ерекшелігімен және олар үшін саясаттан басқа да өз белсенділігін

көрсететін көптеген салалар бар екендігімен де түсіндіруге болады. Жастардың енжарлығы сондай-ақ сайлауға деген қатынасынан да көрінеді, дауыс беретін жасқа жеткендердің көбі сайлау кампанияларына қатыспайды. Әйтсе де өз дауысының алуан түрлі саяси субъектілердің іс-әрекетіне, соның ішінде ең алдымен мемлекеттік құрылымдардың жұмысына әсер ететіндігіне сенетін жастардың үлесі жеткілікті деңгейде салмақты.

Бірқатар зерттеушілер көптеген жастардың саясаттан оқшаулануын дарашылдық құндылықтарының басымдылығымен байланыстырса да, аталмыш зерттеу бұл екі сипаттың арасында тығыз байланыс пен өзара ықпалдың жоқ екендігін көрсетеді. Мысалы, қоғамдық бастамалар мен саяси іс-әрекеттерге қатысушылықтарының енжарлығы айқын болса да, қазақстандық жастар арасында дарашылдық құндылықтары бірінші орында емес. Бірақ саясат өздерін қызықтыратын басты сала емес болса да, жастар белгілі бір нақты саяси оқиғаларға немқұрайлы қарамайды.

3. Мемлекеттік басқару және ел дамуы

Бұл тармақта жастардың мемлекеттік құрылымдарға қатысты қатынасын зерттеуге, олардың саяси билік таңдаған даму бағытына қанағаттану деңгейін бағалауға назар аударылады. Сауалнама көрсеткендей, жастар елдегі экономикалық жағдайға ризашылық білдіріп, елдің болашақ дамуына жеткілікті дәрежеде оң баға береді. Экономикалық жағдайды «жақсы» деп бағалаған респонденттердің үлесі 76,4 %, «өте жақсы» – 8,0 %, «жаман» – 12,2 %. Сонымен қатар респонденттердің 55,8 % әлі де жақсарары деп күтсе, 36,4 % болашақта жағдай осы қалыпта қалады деген ойда.

8-кесте. Қазақстанның бүгінгі таңдағы экономикалық ахуалын қалай сипаттар едіңіз?

<i>Жауап нұсқалары</i>	<i>Саны</i>	<i>Пайызы</i>
Өте жақсы	80	8,0
Жақсы	764	76,4
Жаман	122	12,2
Өте жаман	1	0,1
Жауап беру қиынға соғады / Жауап жоқ	33	3,3
Барлығы	1000	100,0

Жастардың оптимистік көңіл-күйлері өздерінің қаржылай жағдайына беретін бағаларына сай төмендеп отырады. Қаржылай жағдайын «өте жақсы» деп бағалайтын респонденттердің тобында 81,2 % жағдайдың жақсаратынына, тек 14,5 % жағдай қазіргі күйде қалатынына сенімді. Ал өз қаржылай жағдайын «өте жаман» деп бағалайтын респонденттердің тобында 33 % жағдай жақсарады деп санаса, 66,7 % «осы деңгейде қалады» деп есептейді. Жастардың бұл мәселеге қаржылай жағдайларының ықпалын сонымен қатар елдегі ахуалдың дамуы үшін жауапкершілік кімнің қолында деген сұраққа қатысты жауаптардан да көруге болады. Онда өзінің қаржылай жағдайын «өте жақсы» деп бағалайтын респонденттер тобында 75,4% бұл Елбасының еңбегі деп санаса, қаржылай жағдайын «өте жаман» деп бағалайтын топтың басым бөлігі (66,7%) жауапкершілікті үкіметке жүктейді.

Әлеуметтік жағдай индексі елдің болашақ экономикалық дамуына қатысты оптимистік ой жоғары әлеуметтік топтарға жататын жастар арасында басым деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Олардың үлесі 66,7 % болса, төменгі әлеуметтік топтарға жататын жастар арасындағы ондай пікір иелерінің үлесі респонденттердің 34,5 % құрайды. Ал орта топқа жататын жас буын өкілдерінің арасында оптимистер саны 51 % (орта таптың төменгі буыны) - 59,3% (орта таптың жоғарғы буыны) арасында орын тебеді.

Бірақ әзірше жас буын экономикалық дамудың жақсы жақтарын мемлекет басшысының атымен, ал жаман жақтарын үкіметтің іс-әрекетімен байланыстырады деген қорытынды жасауға болмайды. Мұны респонденттердің материалдық жағдайды бағалауға қатысты басқа сұрақтарға (бизнесінің бар-жоқтығы, жеке меншігінің бар-жоқтығы және т.б.) берген жауаптарында өзара айырмашылықтардың жоқтығымен түсіндіруге болады. Барлық топтарда экономикалық ахуалға берілетін жағымды жауаптар басым және жауапкершілік Елбасына жүктеледі. Жалпы алғанда Қазақстан бойынша экономикалық жағдайға Елбасы жауапты деп санайтын респонденттердің үлесі 56,2 % болса, орталық үкімет жауапты деп санайтындардың үлесі 25,9 %. Экономикалық жағдайға деген жауапкершілік жергілікті әкімдіктің қолында деген пікірді бөлісетіндер респонденттердің 7,3% құрайды.



10-сурет. Елдің экономикалық дамуы үшін басты жауапкершілік кімнің қолында?

Сонымен қатар жастар елдің дамуы үшін жауапкершілікті өз қолдарына алуға дайын. «Егер мүмкіндік болса, Қазақстанның дамуына қатысар ма едіңіз?» деген сұраққа респонденттердің 60% міндетті түрде қатысатындықтарын білдірді. Респонденттердің 14,8 % ел дамуына өз басының пайдасы үшін қатысатын болса, қатысқысы келмейтіндердің үлесі 10 %. 15,1 % үшін жауап беру қиынға соқты.

9-кесте. Егер мүмкіндігіңіз болса Қазақстанның дамуына қатысар ма едіңіз?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Міндетті түрде қатысар едім	600	60,0
Өз басымның пайдасы үшін қатысар едім	148	14,8
Ешқашан	100	10,0
Жауаптан бас тарту	1	0,1
Жауап беру қиынға соғады / Жауап жоқ	151	15,1
Барлығы	1000	100,0

Этникалық деңгей респонденттердің елдің дамуына қатысуға деген дайындықтарында аздаған айырмашылықтың бар екенін көрсетеді. Мәселен, елдің дамуына қатысу тілегі орыс топқа қарағанда қазақ тобының өкілдері арасында жоғарырақ.

Мүмкіншілік болса Қазақстанның дамуына міндетті түрде қатысатын қазақтардың үлесі 65,8 % болса, орыстардың үлесі 49,7%. Ел дамуына тек өзінің бас пайдасы үшін қатысқысы келетін қазақтардың саны 16 %, орыстардың саны 11,7 %. «Өз басым ел дамуына ешқашан қатыспас едім» деп білетіндердің 7,7 % – қазақтар және 13 % – орыстар.

Бұл сұрақ бойынша өзінің қаржылай жағдайын жоғары бағалаған респонденттердің арасында белсенділері көбірек, олардың үлесі 71% болса, «жаман» деп бағалайтындардың арасындағы үлес – 62,3%. Бұған ұқсас аздаған айырмашылықтар сондай-ақ материалдық сипаттағы басқа өлшемдер (бизнесінің бар-жоқтығы, тіршілік ету шарттары, жеке меншігінің бар-жоқтығы) бойынша жауаптардан да байқалады. Әлеуметтік жағдай индексі ел дамуына қатысудағы белсенділік төменгі әлеуметтік топтардағы жастарға (44,8 % – 53,5 % арасында) қарағанда жоғары әлеуметтік топтардағы жастарда (64 % - 75 % арасында) көбірек байқалатындығын көрсетеді. Әйтсе де сауалнама нәтижелері жалпы алғанда жастардың ел дамуына қатысуға қатысты жоғары деңгейдегі белсенділігін көрсетеді, олардың үлесі қаржылай жағдайдың өсуіне қарай өсе түседі.


Жоғарыда атап көрсетілген үрдістер – жас буынның ел дамуының деңгейімен, қазіргі экономикалық жағдаймен қанағаттануы мен болашақта жағдай қазіргіден де жақсарады деген сенім дәрежесі кейбір жағдайда жастардың өз азаматтығын ауыстыруға қатысты жауаптарымен де өзара арақатынасқа түседі. Жас қазақстандықтардың басым бөлігі «Өз еліңіздің азаматтығын ауыстырғыңыз келе ме?» деген сұраққа ауыстырғылары келмейтіндігін айтты (90,3 %, оның ішінде «жоқ болар» дегендердің үлесі 12,9 %, «жоқ» дегендердің үлесі 77,4 %).

10-кесте. Өз еліңіздің азаматтығын ауыстырғыңыз келе ме?

<i>Жауап нұсқалары</i>	<i>Пайызы</i>	<i>Қазақ</i>	<i>Орыс</i>
Иә	3,4	0,8	9,1
Иә болар	4,4	1,4	10,7
Жоқ болар	12,9	8,2	22,4
Жоқ	77,4	88,4	54,5
Жауап беру қиынға соғады	1,9	1,3	3,2
Барлығы	100,0		

Жауаптардан қазақ және орыс жастарының арасында салмақты айырмашылық көрінеді: азаматтығын ауыстыруды орыс ұлтының 9,1% қаласа, қазақ ұлтының 0,8% ғана қалайды. Жастар азаматтығын таңдағысы келетін елдер Ресей (76,9%), Германия (6,4%) және АҚШ (5,1%).

Бұл сұрақта Ресейдің басым болуының бір себебі «Шетелде қанша рет болдыңыз?» және «Қай елге немесе елдерге барып көрдіңіз?» деген сұрақтарға берілген жауаптардан байқалады. Сауалнама нәтижелері бойынша 4,7% 3 реттен көп, 9,4% 1–3 рет, 11,4% 1 рет ел шекарасынан шығып көрген, жалпы алғанда ел шекарасынан тысқа шығып көрген жастардың үлесі 25,5%. Олардың ішінде 49,4% Ресейге, 32,2% Түркияға және 17,6% Қырғызстанға барған. Алыс шетелде болғандар: 8,3% – Еуропа елдерінде, 9% – Қытайда және 1,2% – АҚШ-та.



11-сурет. Өз еліңіздің азаматтығын қай елдің азаматтығына ауыстырғыңыз келеді?

(бұл сұраққа азаматтығын ауыстырғысы келетін респонденттер ғана жауап береді – 78 респондент (7,8%))

Жалпы алғанда жастардың ойынша бүгінгі таңдағы Қазақстан қоғамындағы ең өзекті проблемалар мыналар болып табылады: жұмыссыздық (жоғары деңгейде өзекті – 45,7%, біршама деңгейде өзекті – 32,7%), өсіп бара жатқан кедейлік (жоғары деңгейде өзекті – 34,2%, біршама деңгейде өзекті – 41,1%), экологиялық проблемалар (жоғары деңгейде өзекті – 35,5%, біршама деңгейде өзекті – 38,8%).

13-кесте. Сіздің ойыңызша төмендегі проблемалардың қайсылары қазақстандық қоғамға тән?

	Жоғары деңгейде	Біршама деңгейде	Төмен деңгейде	Тән емес	Білмеймін /Жауап жоқ
Өсіп бара жатқан кедейлік	34,2	41,1	12,2	9,3	3,2
Жұмыссыздық	45,7	32,7	10,1	8,8	2,7
Экологиялық проблемалар	35,5	38,8	15,7	7,1	2,9
Лаңкестік шабуылдар қаупі	14,0	33,3	27,1	22,0	3,6
АИВ/ЖИТС таралу қаупі	19,8	43,0	23,3	9,8	4,1
Жұмыс орнындағы өмір мен денсаулыққа төнетін қауіп	12,1	38,1	32,4	12,4	5,0
Заң бұзушылық	20,7	43,0	21,8	10,2	4,3
Көші-қон еркіндігі	8,5	29,6	23,5	33,1	5,3
Көше қылмысының қаупі	16,7	43,1	21,7	13,6	4,9
Есірткі	27,8	41,0	16,1	11,3	3,8
Қазақстан аумағының бөлінуі (сепаратизм)	7,2	28,8	24,9	31,2	7,9
Электроэнергия, газ, су жетіспеушілігі	13,0	31,1	23,1	27,1	5,7

Проблемалар өзектілігіне қарай төмендегідей орын тебеді:

- заң бұзушылық (жоғары деңгейде өзекті – 20,7%, біршама деңгейде өзекті – 43%);
- АИВ/ЖИТС таралу қаупі (жоғары деңгейде өзекті – 19,8%, біршама деңгейде өзекті – 43%);
- жұмыс орнындағы өмір мен денсаулыққа төнетін қауіп (жоғары деңгейде өзекті – 12,1%, біршама деңгейде өзекті – 38,1%);
- лаңкестік шабуылдар қаупі (жоғары деңгейде өзекті – 14%, біршама деңгейде өзекті – 33,3%);
- есірткі (жоғары деңгейде өзекті – 27,8%, біршама деңгейде өзекті – 41%);
- көше қылмысының қаупі (жоғары деңгейде өзекті – 16,7%, біршама деңгейде өзекті – 43,1%).

Жастардың пікірі бойынша мынадай проблемалардың өзектілігі төмен:

- электроэнергия, газ, су жетіспеушілігі (жоғары деңгейде өзекті – 13%, біршама деңгейде өзекті – 31,1%);

- Қазақстан аумағының бөлінуі (жоғары деңгейде өзекті – 7,2%, біршама деңгейде өзекті – 28,8%);
- көші-қон еркіндігі (жоғары деңгейде өзекті – 8,5%, біршама деңгейде өзекті – 29,6%).

Қалалық жастар үшін жемқорлық проблемасы өте жоғары орында болса (52,2 % 41,2 %-ға қарсы), ауыл жастары үшін – жұмыссыздық (жұмыс-шаруа мәселесі) және кедейлік (28,5 % (+4,3 %) 20,8 % (+1,8 %) -ға қарсы және 10,2 % 6,3 %-ға қарсы). Ұлт деңгейінде үрдістер ұқсас, оның сыртында орыс жастары үшін экономикалық проблемалар көбірек өзекті: жұмыссыздық – орыс жастарында 28,9 %, ал қазақтарда 22,1 %; жемқорлық онша өзекті емес: 36,7 % және 52 %.

Орыс жастары үшін сонымен қатар қылмыс проблемасы (5,8 % және 2,2 %) мен этносаралық шиеленістер өзектірек (3,2 % және 0,9 %). Проблемалардың өзектілігінде материалдық өлшемдерге қатысты айырмашылықтардың байқалмағандығын айта кету керек, атап көрсетілген проблемалар маңыздылығы жағынан жастардың барлық топтарын толғандырады.

14-кесте. Сіздің ойыңызша Қазақстан қандай бағытта дамып келеді?

<i>Жауап нұсқалары</i>	<i>Саны</i>	<i>Пайызы</i>
Дұрыс бағытта	299	29,9
Дұрыс бағытта болу керек	626	62,6
Теріс бағытта болу керек	35	3,5
Теріс бағытта	8	0,8
Жауап беру қиынға соғады	4	0,4
Жауап беруден бас тарту	28	2,8
Барлығы	1000	100,0

Атап көрсетілген проблемаларға қарамастан респонденттердің басым бөлігі Қазақстанның дұрыс бағытта дамып келе жатқанына сенімді: 29,9 % – дұрыс бағытта және 62,6 % – дұрыс бағыт болу керек деп санайды. Басқа деңгейлер бойынша айта қоярлық айырмашылықтар болған жоқ. Тек қаржылай жағдайдың шамасына қарай оптимистік бағаның төмендеуі байқалады. Өз қаржылай мәртебесін жоғары санайтын топта 65,2 % елдің дұрыс

бағытты таңдағанына сенсе, өз қаржылай жағдайын онша жоғары бағаламайтын топтарда ондай пікірдегілердің үлесі 28,6 % (жақсы) және 19,3 % (жаман) дейін төмендейді. Әлеуметтік жағдай индексі жауаптар арасында сәл ауытқушылықтар бар екенін көрсетеді, төменірек әлеуметтік топтарға жататын жастарға (34,5 %) қарағанда жоғары әлеуметтік топтардағы «еліміз дамудың дұрыс бағытын ұстанып келеді» деп санайтын жастар үлесі (41,7 %) жоғарырақ. Бірақ жалпы алғанда әлеуметтік жағдайға қарамай-ақ жастардың көпшілігі «Қазақстан дамудың дұрыс жолында келе жатыр» деген ойда.


Сондықтан да болар, жастар арасында биліктің мемлекеттік құрылымдарына деген сенімнің деңгейі жоғары. Сауалнаманың көрсетуі бойынша жастар ең алдымен Елбасына (64,6 % толық, 21,0 % біршама деңгейде сенеді), одан соң үкіметке (сәйкесінше 45,8 % және 35,6 %), парламентке (сәйкесінше 43,6 % және 36,5%) сенім артады. Жастардың билік органдарына, халықаралық ұйымдарға және қоғамдық институттарға деген сенімінің деңгейін орташадан жоғары деп бағалауға болады.

«Мен әзірше тек Елбасына ғана сенемін» (20 жасар жігіт, Астана, ФТ)

«Мен мемлекетіміздің басшысы Елбасына ғана сенемін» (21 жасар студент қыз Астана, терең сұқбат)

«Мына көрсетілгендердің жартысы маған бейтаныс, бірақ мен Президентімізге сенемін» (17 жасар студент қыз, Астана, ФТ).

Жергілікті билік органдарына толық сенетін жастардың үлесі 30,4%, армияға сенетіндердің үлесі 31,2 %; оларға біршама деңгейде сенетіндердің үлесі сәйкесінше 40 % және 32,4 %. Жастардың бес-тен бір бөлігі саяси партиялар, полиция, соттарға жоғары деңгейде сенім артады. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы және Еуразиялық экономикалық одаққа сенім артатын жастардың үлесі сәл азырақ, респонденттердің 40 % оларға біршама деңгейде сенеді. Ең аз деңгейде сенім артылатын ұйымдар қатарына банкілер, үкіметтік емес ұйымдар, кәсіподақтар, БАҚ және діни лидерлер, сонымен қатар Шанхай ынтымақтастық ұйымы жатады. Зерттеу жастардың әлеуетті құрылымдар, азаматтық сектор институттары секілді басқа саяси субъектілермен салыстырғанда ең алдымен орталық мемлекеттік құрылымдарға – Елбасына, парламентке және үкіметке – көбірек сенім артатынын көрсетеді.



13-сурет. Көрсетілген ұйымдарға қандай деңгейде сенім артасыз? Толық, біршама деңгейде, аздап сенесіз немесе мүлде сенбейсіз

Партиялардың бұқаралық іс-шараларына жиі қатысатындықтарына қарамастан жастардың оларға деген сенімдерінің жоғары емес екендігі саяси партиялардың өздерінің жастарды көбінесе саясатта тек көпшілікке арналған және бір реткі шараларда пайдаланатындықтарына байланысты болса керек. Партиялар мен жастар арасында қалыптасқан қатынастар сипаты саяси партияларға жастар арасынан сенімді тірек табуға мүмкіншілік бере қоймайды. Дегенмен бұл жерде партиялардың қазіргі таңда тек жастар арасында ғана емес, сонымен қатар халықтың көпшілігінің қолдауынан айырылып қалғанын атап өту керек.

Мемлекеттік құрылымдарға деген сенім туралы сұраққа қатысты әртүрлі деңгей көлемінде – қала-ауыл, этникалық топтар, өңірлер бойынша – айта қоярлық айырмашылықтар байқалған жоқ, олар елдік көрсеткіштермен сай келеді. Қаржылай жағдай өлшемін алсақ, Елбасынан басқа алуан түрлі мемлекеттік және саяси институттарға деген сенімнің деңгейі соған қатысты төмендей береді. Тек Елбасына деген сенімнің деңгейі өз жағдайын «өте жақсы» деп бағалаған топта да, «жаман» деп бағалаған топта да жоғары.

Бұл тармақ бойынша қысқаша қорытынды жасасақ, жастар елдегі экономикалық ахуалды жалпы алғанда оптимистік тұрғыдан

бағалайды, еліміздің дұрыс бағытта дамып келе жатқандығына сенімді, өздерінің елді басқару ісіне қатысуға дайын екендіктерін білдіріп, барлық жетістіктерді мемлекет басшысының атымен байланыстырады деуге болады. Сол себептен болу керек, жастар арасында биліктің мемлекеттік құрылымдарына деген сенімнің деңгейі жоғары, ал саяси институттар, азаматтық сектор, әлеуеттік құрылымдарға олар онша сенім білдірмейді. Халықаралық ұйымдарға деген сенімнің деңгейі де мемлекеттік құрылымдарға қарағанда төмендеу. Бұл жерде жастардың биліктің жоғары органдарына – Президентке, үкіметке және парламентке – сенім артатындықтарын атап көрсету керек. Биліктің аймақтық құрылымдары да жастардың сенім артатын ұйымдарына жатпайды.

Бұл жағдайдың себебі азаматтық сектордың да, саяси партиялар мен әлеуеттік құрылымдардың да жастарға көп көңіл бөлмейтіндігімен, жастармен жұмыс істеуге арналған лайықты бағдарламалардың жоқтығымен байланысты болуы мүмкін. Халықаралық ұйымдар туралы да осыны айтуға болады деген ойдамыз. Респонденттердің жауаптарына қарап, жастар арасында елдің даму бағдарламасымен келіспейтіндей «қарсы көңіл-күй» байқалмайды деген тұжырым жасауға болады. Олардың бүгінгі таңдағы мемлекеттік басқару жүйесіне деген көзқарасы жалпы алғанда оң және оны жоғары бағалайды.

«Қазіргі таңда бізде аздаған бюджет дефициті сияқты жетіспеушілік бар. Менің түсінігім бойынша ондайды бізде аздап жасырады, ол туралы айтпайды. Жуықта девальвация, яғни кенет үлкен өзгеріс орын алды, ал жалпы алғанда бізде тұрақтылық бар. Меніңше ең бастысы бізде мұнайдың бар екендігі болуы керек...» (жас жігіт, Астана, ФТ).

«Әрине, әрбір мемлекеттің өзінің қандай да бір проблемалары, өзіндік бейтарап қырлары, өзіндік сырлары болады. Бірақ мен Қазақстанда өмір сүретіндігім үшін, елдегі бейбітшілік пен тыныштық үшін қуанамын. Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан сияқты елдермен салыстырғанда көп артық жағдайда өмір сүріп жатқандығымызды ойласақ, біздің талаптарымыз, экономикалық дамуымыз қуантады. Қазақстан – өте бай ел, қорларымыз көп, соны неге пайдаланбасақ, сенің өз мемлекетің бар» (24 жасар қыз, әлеуметтік сала, Астана, ФТ).

«Мұнай жеке басқа тиесілі емес, әрине. Ал жалпы бизнес тұрғысынан алғанда Бүкіләлемдік банк рейтингісі бойынша 3 жол

екенін білемін. Сосын біздегі инвестиция үшін жақсы шарттар бар. Қазақстандағы инвестициялық климат жайлы, инвесторлардың біздің мемлекетімізге деген қызығушылығы жоғары, өріс алатын жер бар, бірақ біздегі нарық сондай кең көлемді емес, біздің өз мемлекетіміз меңгерген нарық әлі жоқ» (29 жасар юрист жігіт, Астана, ФТ).

Жалпы алғанда жастар Қазақстан дұрыс жолда келеді (29,9 %) және дұрыс жолда болу керек (62,6 %) деп санайды. Сауалнамаға қатысқан жастардың 4,3 % ел бағытын оң емес деп біледі.

«Оптимистік көзқарастамын. Үнемі жағдай бұдан да жаман болатын шығар деп ойлайтын едім, бірақ әрқашан жақсарумен келеді» (28 жасар жігіт, денсаулық сақтау саласы, Астана, ФТ).

4. Елдің сыртқы саясатқа қатысты бағдарлары және жастардың ұстанымы

Жастардың сыртқы саясатқа деген көзқарасы – зерттеу үшін қызықты мәселе, өйткені тәуелсіздіктен кейін туып-өскен жас буын елдің ересек буынындай емес, Ресеймен және басқа посткеңестік республикалармен саяси немесе эмоциялық байланысты сезінбейді. Сол себептен еңбектің бұл тармағында басты назар жастардың Қазақстан мен оның болашақ дамуы үшін қандай сыртқы саясаттық вектордың тиімділігі туралы ой-толғамдарына аударылды. Жастар Қазақстан қатысатын интеграциялық проектiлерге қандай баға береді, олар осынау экономикалық одақтардан болашақ көре ме? Жастар сыртқы саясатқа қатысты сұрақтардың шешіміне қатысқылары келе ме?

Сауалнама нәтижелері бойынша жастар халықаралық жаңалықтарға қызығушылық танытады, респонденттердің 74,9% халықаралық деңгейдегі оқиғалар өздері үшін қызықты екенін айтты: 19,7 % – өте қызықты және 55,2 % – қызықты. Жастардың 72% олар үшін әсіресе, Ресейдегі жаңалықтардың қызықты екенін білдірді: 17,3 % үшін – өте қызықты және 54,7 % үшін - қызықты. Орта Азиядағы оқиғалар респонденттердің 64,8 %, Еуропадағы – 59,6 % және Қытайдағы – 52,7 % үшін қызықты.

Әрине, бұл жерде Қазақстанның ақпараттық кеңістігінде ресейлік БАҚ басым екенін және оларды тарату тілі орыс тілі екендігін айта кету керек. Сауалнама нәтижелері оған қатысқан респонденттердің 49,7 % күнделікті тұрмыста орыс тілінде, 33,9 % қазақ тілінде және 15,9 % екі тілде де сөйлейтіндіктерін көрсетеді. Ағылшын

тілінде еркін сөйлеп, оқып, жазатын респонденттердің үлесі 6 %. Ақпараттардың таратылатын тіліне байланысты информацияларға қол жеткізу жеңіл болғандықтан алыс шетелге қарағанда Ресейдегі оқиғалар жас респонденттердің қызығушылығын көбірек оятатын болуы мүмкін.

15-кесте. Саяси оқиғалар сіз үшін қаншалықты қызықты?

	Өте қызықты	Қызықты	Біршама деңгейде қызықты	Қызықты емес	Мүлде қызықты емес	Ж/б қиын
Халықаралық деңгейде	19,7	55,2	22,5	2,0	0,3	0,3
Ресейде	17,3	54,7	24,7	2,4	0,3	0,6
Орта Азияда	13,2	51,6	28,8	5,0	0,8	0,6
Қытайда	8,0	44,7	36,3	8,6	1,3	1,1
Еуропада	10,1	49,5	32,9	5,8	0,6	1,1

Сондықтан да респонденттердің Қазақстан қай елмен жақын немесе қай елмен ұстамды әрі салқын қарым-қатынас жасауы керек немесе «статус-кво»-ны, яки дамудың қазіргі деңгейіндегі қарым-қатынасты сақтауы қажет пе деген сұраққа берген жауаптары қайран қалдырмайды. Алынған нәтижелер төмендегідей: тиімді ынтымақтастық бағыты ретінде жастар Ресейді (72 %), ЕО (37,6 %), Қырғызстан (35 %), Қытай (30,7 %) және Өзбекстан (29,8 %) елдерін атап көрсетеді.

Жастардың ойынша ұстамды және салқын қарым-қатынасты АҚШ (40 %), НАТО (34 %) және Иранмен (29,8 %), статус-кво-ны Үндістанмен (54,4 %), Оңтүстік Кореямен (52,4%) және Ауғанстанмен (51,2 %) сақтаған жөн. Респонденттердің 35,4 % АҚШ-пен қазіргі таңда қалыптасқан қарым-қатынасты қалдырған жөн деп санайды.

Басқа деңгейлерде елдік көрсеткіштерден айта қоярлық ауытқушылықтар жоқ. Жауаптарда қаржылай жағдайға қатысты аздаған айырмашылықтар байқалады. Басқа топтарға қарағанда өз қаржылай жағдайын жоғары бағалайтын 36,2 % жастар АҚШ-ты артық санайды. Ал қалған топтардағы ондай пікірдегілердің үлесі 17 % («жақсы») және 16,7 % («жаман»). Өз жағдайын «жаман» деп көрсеткендердің тобында 43 % жақын қарым-қатынасты Еуропалық Одақпен жасау керек деп біледі, басқа топтардағы бұл көзқарасты

қолдайтын респонденттердің үлесі 36,2 % («өте жақсы») және 37,3 % («жақсы»). Сөйтіп өз басының қаржылай жағдайына қалай баға беретініне байланысты жастардың ел таңдауы төмендегідей: өзінің қаржылай жағдайын «өте жақсы» деп бағалаған жастар Ресейді (71%), Кедендік одақты (43,5 %) және Қытайды (40,6 %) артық санайды. Ал өз жағдайын «жаман» деп көрсеткендер үшін Ресей (74,6 %), Кедендік одақ (50 %) және Еуропалық Одақ (43 %) маңызды.

Әлеуметтік жағдай индексі тағы бір қосымша қызықты үрдісті атай кетуге мүмкіншілік береді: жоғары әлеуметтік деңгейдегі жастар батыс елдерді – Еуропалық Одақты (66,7 %) және АҚШ-қа (25 %) басымдылық берсе, төменгі әлеуметтік топтардың жастары Иранмен (17 %) және Өзбекстанмен (27,6 %) ынтымақтастықтың болашағы бар деп санайды. Жастардың тек Ресейге қатысты ойлары ғана бір-бірімен сәйкеседі, Қазақстан солтүстік көршімен жақын қарым-қатынасты сақтауы керек деп сенетін жастар үлесі 65,5 % (төменгі әлеуметтік топтар) және 66,7 % (жоғары әлеуметтік топтар).

16-кесте. Әр ел немесе ұйым бойынша Қазақстан олармен жақын қарым-қатынас жасауға ұмтылуға; олардан алыстауға тырысуға; ұстамды, салқын қарым-қатынасқа көшуге немесе қазіргідей қарым-қатынасты сақтауға тиіс пе екенін айтыңыз

	<i>Жақын қарым-қатынас</i>	<i>Ұстамды, салқын қарым-қатынас</i>	<i>Қазіргідей қарым-қатынас</i>	<i>Ж/б қиын</i>	<i>Жауаптан бас тарту</i>
Ресей	72,0	4,5	20,5	0,5	2,5
АҚШ	18,3	40,0	35,4	0,9	5,4
Иран	15,0	29,8	47,9	1,4	5,9
Еуропалық Одақ	37,6	17,7	38,9	1,0	4,8
Өзбекстан	29,8	17,3	46,6	1,1	5,2
НАТО (САҚҰ)	15,0	34,1	41,8	2,7	6,4
Үндістан	19,8	18,8	54,4	1,3	5,7
Кедендік Одақ	48,9	11,3	33,5	1,5	4,8
Қырғызстан	35,0	14,2	44,1	1,3	5,4
Қытай	30,7	15,4	48,5	1,0	4,4
Ауғанстан	10,6	28,8	51,2	1,5	7,9
Оңтүстік Корея	20,8	19,6	52,4	1,3	5,9
Тәжікстан	23,5	19,1	49,4	1,2	6,8

Мұнымен қатар жастар табысты дамудың үлгісі ретінде Ресей (46,7 %), Еуропалық Одақ (19,2 %), Қытай (9,5 %), АҚШ (7,9 %) және Түркия (5,5 %) елдерін Қазақстан үшін бағдар бола алады деп көреді. Басқа деңгейлер бойынша Астана қаласынан басқа жерлерде жоғарыдағы елдердің алғашқы үштігі басым болып тұр. Солтүстік астана жастары дамудың үлгісі ретінде алғашқы орынға АҚШ-ты (38,5 %), екінші орынға Еуропа елдерін (28,8 %) қойды, ал 15,4 % үшін жауап беру қиынға соқты. Респонденттердің 11,5 % Ресейді үлгі боларлық бағыт ретінде біледі.

17-кесте. Қазақстан өзінің даму жолында кімді үлгі тұтқаны жөн?

<i>Жауап нұсқалары</i>	<i>Саны</i>	<i>Пайызы</i>
Ресей	467	46,7
АҚШ	79	7,9
Еуропа елдері	192	19,2
Қытай	95	9,5
Түркия	55	5,5
Ешкімді	22	2,2
Жапония	5	0,5
Біріккен Араб Әмірліктері	1	0,1
Сингапур	1	0,1
Барлығын	2	0,2
Жауап бере алмаймын / Жауап жоқ	81	8,1
Барлығы	1000	100,0

Зерттеу көрсеткендей, Ресей жас буын үшін қарым-қатынас дамыту тұрғысынан да, Қазақстанның болашақ даму жолындағы үлгі ретінде де оң ел болып табылады. Алғашқы үштікке Ресеймен қатар Еуропа елдері мен Қытай кіреді. Жастардың ойынша Қазақстан осы елдермен жақын қарым-қатынас сақтауға тиіс. Олардың қатарына АҚШ кірмейді. Сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігі АҚШ-пен белгілі бір қашықтық пен салқынқандылық сақтаған жөн деген пікірде.

Бұл тармақтың аясындағы келесі сұрақтар тобы жастардың Қазақстан қатысатын интеграциялық жобалар мен қатыспаса да болашақ дамуына әсері бар интеграциялық жобаларға деген

көзқарасына байланысты болды. Сауалнама респонденттердің 48,9% Қазақстан Кедендік одақпен, 37,6% – Еуропалық Одақпен және тек 15 % - НАТО-мен жақын қарым-қатынаста болуы керек деп санайтынын көрсетті. Сол себептен жастардың Қазақстанмен бірге Ресей, Беларусь, Армения және Қырғызстан яғни, посткеңестік кеңістік қатысатын Еуразиялық экономикалық одаққа және Орта Азия елдерінің интеграциясына деген көзқарасы қызықты болып табылады.

4.1. Еуразиялық экономикалық одақ


Жаңа интеграциялық проект «Еуразиялық экономикалық одақ»-тың (ЕАЭО) қоғамда көп пікірталастар тудырып жүргеніне қарамастан сауалнама бойынша жалпы алғанда жастар арасында оған деген оң көзқарас басым. Оң жауаптардың жалпы үлесі 90,9 % құрады. Бұл процеске респонденттердің тек 3,3 % оң емес көзқарас білдірді (2,7 % – «теріс көзқараста болуым керек», 0,6 % - «теріс көзқарастамын»). Қазақстанның ЕАЭО құрамына ілескені ақталды және қажетті қадам болды деген тұжырыммен келісетін респонденттердің үлесі 74,6 %. Бұл сұрақтағы қарама-қарсы көзқарасты ұстанатын жас қазақстандықтардың үлесі 10,6 % (14,8% үшін сұраққа жауап беру қиынға соқты).

Қазақстанның ЕАЭО ену процесіне деген қатынас



14-сурет.

Қазақстанның ЕАЭО қатысуы ақталды ма?



15-сурет.

Сауалнама көрсеткендей, Қазақстанның ЕАЭО құрамына енгенін төменгі әлеуметтік топтарға қарасты жастарға қарағанда жоғары тапқа жататын жастар көбірек қолдайды. Төменгі әлеуметтік топтарға қарасты жастардың 37,9 % және 36,8 % интеграциялық жобаға оң көзқарас білдірді, ал орта және жоғары тап жастарындағы мұндай

көзқарас үлесі сәйкесінше 51,2 % және 83,3 %. Қазақстанның ЕАЭО құрамына ену қажеттілігі туралы сұрақта да осыған ұқсас суретті көруге болады. Бұл жобаны көбінесе жоғары тап жастары – олардың үлесі 91,7 % – қолдайды, ал төменгі әлеуметтік тапқа жататын жастардың жартысынан азырақ бөлігі, яғни 48,3 % бұл пікірді бөліседі.

Респонденттердің 55 % пікірі бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болу Қазақстанның экономикалық және саяси тұрғыдан гүлденуіне әкелсе, 24 % экономикалық тұрғыдан өсуге, ал 4,9 % Қазақстанның саяси дамуына әкеледі деп, 5,5 % ешқандай өзгеріс болмайды деп санайды. Жастар ЕАЭО болашақ дамуына жоғары деңгейде оптимистік сипаттағы сенім артады және одан Қазақстанның дамуына көбінесе оң ықпал күтеді. Жастар арасында бұл мәселеге қатысты пессимистік көңіл-күй сирек.

Оптимистік баға, әсіресе, жоғары әлеуметтік топтарға жататын жастар арасында басым (58,3 %), ал басқа әлеуметтік топтар арасында жағымды көзқарастағылардың үлесі 41,4 % (төменгі әлеуметтік деңгей) - 55,8 % (орта тап) арасында. Сауалнама нәтижелері ЕАЭО мүшелігіне ілесудің салдарына жастардың оң көзқарас білдіруі олардың белгілі бір әлеуметтік тапқа тиесілі болуына байланысты деп атап көрсетуге мүмкіндік береді: жас респонденттің әлеуметтік деңгейі неғұрлым жоғары болса, ЕАЭО Қазақстан дамуының деңгейіне тигізетін жағымды әсеріне қатысты оптимизм деңгейі де соғұрлым жоғары.


18-кесте. Еуразиялық экономикалық одақ құрамына енуі қазақстанға қалай әсер етеді деп ойлайсыз?

<i>Жауап нұсқалары</i>	<i>Саны</i>	<i>Пайызы</i>
Экономикалық және саяси прогреске әкеледі	550	55,0
Экономикалық прогреске әкеледі	240	24,0
Саяси прогреске әкеледі	49	4,9
Ештеңені өзгертпейді	55	5,5
Экономикалық проблемаларға әкеліп соғады	9	0,9
Саяси проблемаларға әкеліп соғады	6	0,6
Экономикалық және саяси проблемаларға әкеліп соғады	10	1,0
Жауап беру қиынға соғады / Жауап жоқ	81	8,1
Барлығы	1000	100,0

Респонденттердің жартысынан көбі ЕАЭО ұлттық құндылықтар

мен барабарлық, технологиялық даму, адам құқықтары, тұрақтылық, ішкі саясат, шетелдік тікелей инвестиция мен экономикалық даму мәселелеріне жағымды әсер етеді деп санайды.

Одақ жоғарыда аталған бағыттарға зиянын тигізеді деген ойдағылардың үлесі 5 % – 10,8 % құрайды. Теріс көзқарастың ең жоғары үлесі барабарлық пен ұлттық құндылықтарға тиесілі (мұндағы қазақ жастары мен орыс жастарының оң және теріс пікірлерінің үлесі бір-бірімен шамалас). Одақ шарттарындағы экономикалық дамуға қатысты жорамалдың үлесі ең төменгі сатыға орын тепті. Нәтижелер бойынша Одақ адам құқықтарына ең төмен дәрежеде әсер етеді: бұл бағытта ештеңе де өзгермейді деп жауап берген респонденттердің үлесі 27,3 % құрайды. Шамамен соншалықты адам ұлттық құндылықтар мен барабарлық мәселесіне (26,4 %) және ішкі саясатқа (24,6 %) қатысты ешқандай өзгерістер болмайды деген ойда.



16-сурет. Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелікке ілесу процесі көрсетілген құбылыстарға қалай әсер етеді?

Еуразиялық одақтың елдің дамуына жағымды әсерінің деңгейіне берілген бағаның жоғары екендігіне қарамастан ЕАЭО мүшелікке ілесуге дауыс беретіндердің саны аздау. Бұл сұраққа қатысты шешім қабылдай алмағандардың үлесі респонденттердің 25 % құраса, 13,3 % үшін жауап беру қиынға соқты, тек 3,3 % ЕАЭО теріс көзқараста. Бұл жайттың себебі ЕАЭО өзінің жұмысын жаңадан бастап, әлі көзге көрінер табыстарға жете қоймағандығында, әзірше Одақтың тиімділігін көрсететін нақты нәтижелердің жоқтығында болуы

мүмкін. Сондықтан да жастар жалпы алғанда интеграциялық жобаға оң баға берсе де, оған мүшелікке ілесуге дауыс беруге дайын емес.

19-кесте. Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелікке ілесуіне референдумда дауыс бергіңіз келе ме?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайызы
Иә	496	49,6
Жоқ	121	12,1
Шешкен жоқпын	250	25,0
Жауап беру қиынға соғады / Жауап жоқ	133	13,3
Барлығы	1000	100,0

Сауалнама бойынша референдумда дауыс беруге дайын жастардың үлесі жоғары әлеуметтік топқа жататын жастар арасында жоғары, олардың үлесі 66,7 % құраса, төменгі әлеуметтік топқа жататын жастар арасындағы ондай пікірді колдайтындардың саны екі есе аз, яғни, 31 % құрайды. Бұл Қазақстанның ЕАЭО мүшелікке ілескеннен кейінгі даму болашағына берілетін бағаға байланысты болуы керек. Төменгі әлеуметтік топтарға қарасты жастар арасында берілген бағаның жоғары болмағаны түсінікті.

«Ондай референдум жүрілсе, міндетті түрде қатысар едім. Қазір адамдардың сауатты екенін, олар бұл құжатты алып оқып, саналы түрде дауыс беруге барар еді дегенді қайталап айтқым келеді» (26 жасар инженер жігіт, ұлттық компания, ФТ).

Жастар жалпы алғанда Одақ аясында жүргізілетін іс-әрекетте мемлекетке сенім артады және Қазақстан үкіметі ұлттық мүдделерді қорғауға дайын деп санайды. Мұнда үкімет толық дайын немесе дайын болар деп есептейтіндер респонденттердің 78,6 % құраса, дайын емес болар немесе дайын емес дейтіндер үлесі 11,4 %. Басқа да сұрақтар секілді мұнда да қазақ жастарының көзқарасы олардың орыс құрдастарымен салыстырғанда аздап негативті сипатта. Қазақстан үкіметі ұлттық мүдделерді қорғауға дайын емес деп санайтын қазақтардың үлесі 7,5 %, орыстардың үлесі 2,6 %.

Әлеуметтік жағдай индексі үкіметке, әсіресе, жоғары әлеуметтік тапқа жататын жастардың көбірек сенім артатынын көрсетеді. Респонденттердің 25 % үкімет ЕАЭО Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғауға дайын деп санайды. Ал төменгі әлеуметтік топқа жататын жастардың арасында ондай пікірді колдайтындардың үлесі сауалнамаға қатысқан респонденттердің 6,9 % құрайды.

20-кесте. Сіздің ойыңызша Қазақстан үкіметі Еуразиялық экономикалық одақта ұлттық мүдделерді қорғауға қаншалықты дайын?

<i>Жауап нұсқалары</i>	<i>Саны</i>	<i>Пайызы</i>
Толық дайын	242	24,2
Дайын	544	54,4
Дайын емес болар	57	5,7
Дайын емес	57	5,7
Жауап беру қиынға соғады / Жауап жоқ	100	10,0
Барлығы	1000	100,0

Респонденттердің Еуразиялық экономикалық одаққа баға берудегі жауаптары мен басқа сұрақтарға берілген жауаптары – соның ішінде мемлекеттік құрылымдарға сенім арту деңгейі мен Ресейді дамудың үлгілі сыртқы саяси векторы ретінде де, Қазақстан жақын да тығыз қарым-қатынас жасауға тиіс ел ретінде де ұнамды бағалау бар – өзара байланысты. Бірақ ол бағалар жастардың көпшілігінің Қазақстанның мүшелікке ілесуіне дауыс беруге дайын емес екендігінің салдарынан сияқты көрінуі мүмкін. Өйткені жастардың 51,4 % бұл мәселеде шешім қабылдамағанын атап көрсетті.

4.2. Орта Азия елдерінің ынтымақтастығы

Сауалнама бойынша жас қазақстандықтар Қазақстанның Орта Азия елдерімен интеграциялық ынтымақтастық құруына оң көзқарас білдіреді. «Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстан елдерін біріктірген Орта Азиялық Одақ құрудың қажеттілігі бар деп санайсыз ба?» деген сұраққа жас қазақстандықтардың 62,6 % – иә, 26,5 % – жоқ деп жауап берсе, 10,9 % үшін жауап беру қиынға соқты.

21-кесте. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстан елдерінің басын қосқан ортазиялық одақ құрудың қажеттілігі бар деп санайсыз ба?

<i>Жауап нұсқалары</i>	<i>Саны</i>	<i>Пайызы</i>
Иә	626	62,6
Жоқ	265	26,5
Жауап беру қиынға соғады / Жауап жоқ	109	10,9
Барлығы	1000	100,0

Сонымен қатар респонденттердің 29,8% Қазақстан-Өзбекстанмен, 35% – Қырғызстанмен, 23,5% – Тәжікстанмен жақын қарым-қатынас орнатуға тиіс деп санайды. Дегенмен жастар арасында Орта Азия елдерімен қазіргі таңдағы қалыптасқан қарым-қатынастарды сақтаған жөн деген пікір басым. Мәселен, жастардың 46,6% Қазақстанның Өзбекстанмен, 44% – Қырғызстанмен, 49% – Тәжікстанмен бүгінгі таңдағы қатынас деңгейіне қанағат білдіреді. ОА елдері ішінде Қырғызстан жастардың ең жиі баратын елі болып табылады, бұл елде болған жастардың үлесі 17,6%, Өзбекстанда - 7,1%, Түркіменстанда - 0,4%. Сауалнама бойынша жастар ОА елдерінің ішінде алдымен Қырғызстанға, одан кейін Өзбекстанға, содан кейін барып Тәжікстан және Түркіменстанға пікір білдіреді.

Сөйтіп жас қазақстандықтардың сыртқы саясатқа қатысты білдіретін басымдылықтары олардың ірі елдерге ден қоятынын және ондай елдер қатарына Ресей, Қытай және Еуропалық Одақ жататынын көрсетеді. Сауалнама Қазақстан үшін Ресейдің маңызды стратегиялық серіктес болып қалатынын, маңыздылығы жөнінен жастар үшін екінші орында Еуропалық Одақ елдері, ал үшінші орында Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап қарым-қатынас жасаған Қытай тұрғанын көрсетеді.

Сондықтан да Еуразиялық экономикалық одақ пен оның еліміздің дамуына тигізетін әсеріне берілген жағымды бағаға таң қалудың қажеті жоқ. Дегенмен үкіметтің интеграциялық жобаларда, соның ішінде ЕАЭО ұлттық мүдделерді қорғайтын қабілетін жоғары бағаласа да, жастардың көбірек бөлігі Қазақстанның ЕАЭО құрамына енуіне референдумда дауыс беруге дайын емес.

Жалпы, сауалнама көрсеткендей, жастар ортаазиялық интеграцияға оң көзқараста болса да, жас буынның ойынша Орта Азия елдері даму жолында үлгі боларлықтай елдер қатарына кірмейді. Жастар Қазақстан аймақтағы елдермен бүгінгі таңда қалыптасқан қарым-қатынасты сақтағаны жөн деген ойда. ОА елдерінің ішінен жастар ең жақын көрші Қырғызстанға басымдылық береді. Оның бір себебі жастардың бұл елді белгілі бір шамада көріп, білгендігінде болу керек. Маңыздылығы жағынан екінші орында Өзбекстан тұр. Тәжікстан мен Түркіменстан жас қазақстандықтар үшін онша қызықты емес. Жалпы алғанда Елбасы мен үкіметтің жүргізіп отырған сыртқы саясатына жастардың көңілдері толады және оны қолдайды деп қорытындылауға болады.

ҒТАМР
04.51.59

Абзал Нүкенов

*Қазақстан Республикасы Дін істері және
азаматтық қоғам вице-министрі,
саяси ғылымдарының кандидаты*

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ: БҮГІН БАСТАЛҒАН БОЛАШАҚ

Аңдатпа. Автор мақалада мемлекеттік жастар саясатын талдауға назар аударады. Мақалада негізгі басымдықты Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы статистикалық деректер мен мәліметтер қамтып, жастар саясаты саласындағы шешуді талап ететін кейбір шаралар жүйесін қалыптастыру туралы ұсыныстар жасалған.

Түйін сөздер: жастар, жастар саясаты, жоба.

Абзал Нүкенов

МОЛОДЕЖЬ КАЗАХСТАНА: БУДУЩЕЕ НАЧИНАЕТСЯ СЕГОДНЯ

Аннотация. В данной статье автор уделяет внимание анализу государственной молодежной политики. Статья в основном охватывает статистические данные и сведения о государственной молодежной политике Республики Казахстан, предложения по формированию системы и решению некоторых проблемных вопросов в сфере молодежной политики.

Ключевые слова: молодежь, молодежная политика, проект.

Abzal Nurkenov

KAZAKHSTAN'S YOUTH: FOUNDING THE FUTURE NOW

Abstract. In the article, the author provides the analysis of the state youth policy. The analysis is sourced by the statistical data and the White Papers on the youth policy in Kazakhstan. The author gives suggestions about the systemic approach to the youth policy and about the solutions of some pressing problems in this area.

Keywords: youth, youth policy, project.


Кіріспе

Жастар қоғамның қозғалтқышы, елдің келешегі. Сол себепті де олардың ой-арманы, жүріс тұрысы, өмірлік беталысы әр заманда аға буынның ерекше назарында болған. Сын сөз де, мақтау мен таң қалу да жетерлік.

Ал бүгінгі біздің жастар қандай? Қазір қоғамда кең тараған пікір – жастар бос уақытын, жалпы өмірінің көп бөлігін әлеуметтік желілерде өткізеді.

Отандық әлеуметтанушылардың зерттеуінше, ел жастарының 80%-дан астамы бос уақыттарын теледидар алдында, әлеуметтік желілер мен құрылғыларда өткізеді.

Әлеуметтік желілер бойынша жастар арасында танымал болып, алдыңғы орындарда тұрған «ВКонтакте» (70,7 %), Instagram (42,5 %), Facebook (27,8 %), «Одноклассники» (26,4 %). Бұл бүгінгі заманның ерекшелігі. Әрине, оның пайдасымен бірге зиян жағы да жетерлік. Жастар мен жасөспірімдердің өз өмірлеріне қол салуының көбеюі, бала психикасының бұзылуы, шынайы өмірден алшақтауы сияқты көптеген қатерлер туғызуда. Жастардың әлеуметтік желілер мен форумдарда үздіксіз отыруы олардың әлеуметтенуіне теріс әсер ететіні сөзсіз (*1-сурет*).



Алайда бұл жаңа заманда біздің жастарымыздың алдында тұрған қилы жолдың азғантайы ғана сыңды.

Жастар және заман

Демографиялық дүмпу мен дағдарыс. Бүгінде кеңінен етек алған ғаламдық үрдіс – адамның өмір жасының ұзарып, ал туу көрсеткіштерінің төмендей түсуі салдарынан бірқатар ұлттардың

қартая бастауы. Ол өз кезегінде әлеуметтік жүйеге қосымша салмақ салып, адамның экономика дамуына қатысуының жаңа жолдарын іздестіруге итермелеуде. Қазір көптеген елдер зейнет жасын ұлғайтып, сырттан арзан жұмыс күшін тарту мәселесін егжей-тегжейлі қарастыруда. Ал кедей елдерде, керісінше, орта жас мөлшері төмендеп, тұрғындар саны артып, жұмыссыздық пен әлеуметтік тұрақсыздық адамдарды қоныс аударуға мәжбүрлеуде.

Мәселен, Біріккен Ұлттар Ұйымының болжамынша, 2100 жылы жер шарында орташа есеппен 11,2 миллиардқа жуық адам өмір сүреді екен. Еуропа елдері халқының саны алдағы жылдарда кеми түспек. Ал көршіміз Ресейде адам саны 83 жылдан кейін 18,7%-ға азайып, 60 жастан асқан азаматтар саны бүгінгі 20%-дан 27,5%-ға дейін ұлғаймақ. «Жалпы, Азия аймағы адамдар санының өсуімен ерекшеленеді» – дейді ғалымдар.

Бүгінгі күні әлем тұрғындарының 46%-ы халық санының өсуін қамтамасыз ете алмайтын, туу көрсеткіші төмен елдерде тұрады. Бұл жалпы жер тұрғындарының қартаюына алып келеді.

Қазақстанға келсек, тәуелсіздік жылдары адамның орташа өмір жасы ұзарып, 70-тен асып жығылды. БҰҰ-ың сарапшыларына сенсек, 2100 жылы бұл көрсеткіш 80 жасқа жетпек. Ал Қазақстан халқының саны 24,7 миллион болады.

Әрине, бізге қатысты бұл соңғы болжамның көңілден шықпасы анық.

Екіншіден, шиеленістер мен түрлі әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты ауқымды көші-қон орын алған жағдайда қабылдаушы елдердің ішкі демографиялық, діни әрі мәдени қартаюы қаншалықты алашұбарлануы мүмкін екенін елестету қиын емес. Осы орайда бұл бағыттағы болашақ үрдістер құрлықтың кіндігінде орналасқан Қазақстан үшін аса маңызды болмақ.

Зымыраған заман. Ғылым мен техника дамуының жаңа кезеңі адамзат алдынан бұрын-соңды болмаған, тіпті армандап көрмеген дүниелерге жол ашты. Ғалымдардың пайымдауынша, осынау ауқымды өзгерістер бұдан да жедел қарқынмен жалғаса бермек. Осы өзгерістердің ерекшелігі – уақыттың жеделдеуі және адамның қатысуының азаюы. Мәселен, сандық технологиялардың дамуы мен интернеттің кең етек жаюы қала мен ауыл арасындағы ақпараттық алшақтықты айтарлықтай кеміткені біздің елде анық байқалады. Сонымен қатар, хат-хабар алмасудың дәстүрлі жүйелері қазір дағдарысқа түсіп, адамның атқарып келген көптеген қол жұмыстары қажетсіз бо-

лып қалуда, яғни, ол жұмыссыздық туғызуда. Жаңа зымыраған заман әкелген осындай өзгерістердің оң-теріс салдарына дайын болуымыз керек.

Аласапыран. Бүгінгі күні халықаралық сахнада күрделі өзгерістер орын алуда. Батыс пен Ресей арасындағы текетірес басылар емес. Таяу Шығыс пен Украина төңірегіндегі шиеленістердің беталысы бұл үрдістің жақын арада аяқталмайтынын көрсетіп отыр. АҚШ пен Қытай арасындағы тайталас жаһандық сипатқа ие бола бастады. Тіпті Батыстың өз ішінен де жанжал шығып, Еуропа одағының бірлігі сынақтан өтуде. Әлемде экстремистік пиғылдар белең алып, лаңкестік шабуылдар азаяр емес. Жаһандық экономикадағы өтпелі кезең геосаяси ойындармен толығып, өзінің теріс әсерінің аясын ұлғайта түсуде.

Осы және де өзге жағдайлар халықаралық және аймақтық тұрақсыздықтардың пайда болуына ықпал етуде. Сарапшылардың ой-пайымдарына көз жүгіртсек, бұл қарама-қайшылықтар мен шиеленістердің неге апарып соғатынын дөп басып айту қиын. Кейбіреулер тіпті халықаралық арасалмақ ауысып, жаңа әлемдік құрылым түзіледі деп болжауда. Бұл орайда бір нәрсе анық: алдымыз – аласапыран.


Сенім мен сананың сын сағаты. Әлем бойынша дін саласында күрделі құбылыстар орын алып жатқаны мәлім. Мәселен, кейбір сарапшылардың айтуынша, қазір әлемде атеизм күш алууда. Халықаралық «Гэллап» зерттеу орталығы жүргізген сауалнама нәтижесі көрсетіп отырғандай, 2005 пен 2011 жылдар аралығында өздерін қандайда бір дінге жататындардың қатарындамын деп атаған адамдар саны 77%-дан 68%-ға азайған. Ал, әлемдегі нағыз атеисттер үлесі 13% деп пайымдайды.

Келесі бір пікір, ол діни радикализмнің бірінші кезекте әділеттік пен әлеуметтік ахуалы төмен қоғамдарда кең етек жаюы. Дамуы жақсы, заң орындалатын елдерде зайырлы құндылықтар басым болып келеді, дейді ғалымдар.

Әрине, жер бетін жайлаған жаһандану мен ақпараттық ашықтықтың бұл жағдайға қосқан үлесінің жоқ емес екені анық. Осы ретте жаңа нәрсені жат немесе жақсылық деп қабылдаудың сыры неде? Бүгінгі сан алуан ағындардың арасында адастырмайтын анық амал – ұлтыңның, еліңнің тарихына, дәстүріне терең бойлау.

Мемлекеттік міндеттер

Статистика мәліметі бойынша, 2016 жылы Қазақстанда 14–29 жас аралығындағы жастар саны 4 099,6 мың адамды құрайды. (2014 жылы – 4 293,3 мың адам, 2013 жылы – 4 376,1 мың адам, 2012 жылы – 4 436,2 мың адам). Байқағанымыздай, соңғы жылдары жастар санының азайғанын көруге болады. Алайда мамандардың пікірінше, жақын арада бұл үрдіс 2000 жылдардағы туу көрсеткіштерінің жақсаруы салдарынан оңалуы тиіс. Әрине, бұл жағдай мемлекеттік жастар саясаты назарынан тыс қалмауы қажет (2-сурет).



Ресми статистикалық мәліметтер бойынша, жастар арасындағы жұмыссыздық 5% аспайды – 91 мың адамға жуық. NEET жастар үлесі – 10% жуық. Сонымен қоса, өзін өзі жұмыспен қамтыған жастар саны 500 мыңнан астам, олардың 100 мыңы – тұрақсыз.

Әрине, ресми статистика тек тіркелген азаматтырымызды ғана қамтиды, ал көпшілік әлі күнге дейін жұмыспен қамту орталықтарына баруды керек етпейді. Сол себептіде, сарапшылар жұмыссыздықтың ресми көрсеткіштеріне күмәнмен қарайды. Бұл әлеуметтік зерттеулердің қорытындыларымен де дәлелденуде – жастарымыздың 53% жұмыссыздық мәселесі алаңдатады.

Дей тұрғанмен, соңғы жылдары жастар саласында мемлекет тарапынан бірқатар жүйелі қадамдар жасалды.

2015 жылы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар

саясаты туралы» жаңа Заңы қабылданды. Оған сай мемлекеттік жастар саясатының негізгі мақсаты – жастардың азаматтық, әлеуметтік дербес тұлғалық қалыптасуын жүзеге асыру үшін қажетті құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық жағдайларды жасау мен нығайтуға, жастардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған. 2013 жылы «Қазақстан 2020: болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданған. Бүгінгі таңда тұжырымдаманың 2016–2020 жылдарға арналған екінші кезеңі іске асырылуда. Негізгі мақсаты – жастарды табысты әлеуметтеуге бағытталған мемлекеттік жастар саясатының тиімді моделін қалыптастыруды аяқтау, олардың әлеуетін еліміздің одан әрі дамуына бағыттау болып табылады.

Президент жанынан Жастар саясаты жөніндегі кеңес ашылды. Жергілікті әкімдіктер жанындағы Жастар ісі жөніндегі кеңестердің қызметі заңдастырылды. Мемлекеттік органдар мен жастар ұйымдары арасындағы байланысты нығайту мақсатында Жастар ұйымдарын дамытуға бағытталған үйлестіру кеңесі жұмыс жасайды. 2012 жылдан бастап облыстарда, Астана және Алматы қалаларында өңірлік Жастар саясаты мәселелер жөніндегі басқармалар ашыла бастады. Жастарға атаулы қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін Жастардың ресурстық орталықтарының желісі кеңейтіліп, бүгінде 207-ге жетті. Ол жастар ресурстық орталықтарда 1961 адам қызмет атқаруда.

Кәсіпорындар мен жоғары оқу орындарында Жастар ісі комитеті қызмет атқаруда (барлығы 880 болса, оның ішінде жоо-119, 586-колледжер, 175-кәсіпорындарда).

Елде жастарға арналған «Дипломмен ауылға», «Жасыл ел», «Серпін» сынды бірқатар мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылуда.

Бүгінгі күні жастар саясатын жүргізуге бағытталған осынау ауқымды инфрокұрылымдардың сапалық деңгейі сарапшылардың көңілінен шығар емес. Сөз жоқ, мамандардың біліктілігі мен кәсіби шеберліктерін ұштау, атқарылып жатқан жобалардың нақты нәтижелерін есептеу мен жалпы осы саладағы жұмысты жүйелендіру сынды міндеттер анық байқалуда.

Әрине, бұл жұмыстар бірінші кезекте елде қызмет атқаратын мыңға тарта жастар қоғамдық ұйымдарының өкілдерімен бірлесіп атқарылуы тиіс.


Осы және өзге де мәселелер Министрлік пен Үкіметтің биылғы

жылдағы алғашқы отырысына (10 қаңтар) талқыға шығарылды. Атап айтқанда, бүгінгі жастардың құндылықтық беталысы, білім беру мен жұмыспен қамту, әлеуметтену мен кәсіби бейімдеу, денсаулық және бос уақытын тиімді өткізу, өмірлік қиын жағдайға тап болған жастармен жұмыс, жас отбасылар, ақпараттық жұмыстар, жастар саласындағы мамандар мен мекемеаралық үйлестірудің деңгейі сияқты күрделі сұрақтар Дін және азаматтық қоғам министрі мен жастар ұйымдарының өкілдерінің баяндамаларында кеңінен көрініс тапты.

Министрлік аталған отырыста өңірлерде жеке кәсіпкерлікті кеңінен тарта отырып жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға арналған арнайы үшжылдық жоспарлар әзірлеу, жыл сайын тұрақты түрде барлық мектептерде бір уақытта ата-аналардың қатысуымен жалпыұлттық «Отбасы сағаты» акциясын өткізу, салалар мен өңірлер бойынша жастар саясатының жүзеге асырылу барысын бағалау тетіктерін жетілдіру сияқты ұсыныстар енгізіп, қолдау тапты.

Жалпы, осы отырыста Министрлік жастар саясаты саласында мына бес басым бағытты айқындады: 1) ауыл және қала жастарының арасындағы мүмкіндіктер алшақтығын төмендету, жастарды әлеуметтендіру мен олардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру; 2) «әлеуметтік лифтілер» жүйесін дамыту; 3) жас отбасыларды қолдау, бала тәрбиесіне ерекше назар аудару; 4) жастармен жұмыс істейтін аппараттың кадрлық әлеуеті мен сапасын арттыру; 5) ведомствоаралық үйлестіруді жетілдіру (3-сурет).

2016 жылдың басындағы қала және ауыл тұрғындары арасындағы жастардың үлесі



Бүгінде мемлекет өз жастарынан аянып қалып жатқан жоқ. Әлемдік үздік үлгі бойынша университеттер, дарынды балаларға арналған арнаулы мектептер ашу, жалпы мектептердің бүгінгі жабдықталуының жоғары деңгейі, озық технологияларды игерген емханалар мен ауруханаларды іске қосу, жастарымызды арнаулы бағдарлама арқылы шет елдердің ең үздік оқу орындарына жолдау сияқты көптеген ауқымды істердің негізінде осы жастарымыздың ертеңгі баянды болашағын меңзеу жатыр. Өз кезегінде жастарымыз аға буынның игі істерін табысты жалғастыруға дайын болуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақстан жастары» 2016 ұлттық баяндамасы
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы

ҒТАМР
04.51.59

Бектай Орманов

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының Оңтүстік Қазақстан облысындағы өкілдігінің жетекшісі

МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫ: АЙМАҚТЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР

Аңдатпа. Мақалада білім алатын жастар арасында жүргізілген зерттеулер негізінде анықталған Оңтүстік Қазақстан облысында мемлекеттік жастар саясатын іске асырудағы өзекті мәселелер қарастырылды.

Аймақтық жастар саясатын дамытудың орта мерзімді перспективаларының негізгі бағыттары мен жүзеге асыру барысында туындауы мүмкін қауіптер айқындалды. Зерттеулер нәтижесі мен теориялық қорытындылар аймақтық жастар саясатын қайта ұйымдастыруға, мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың жастармен жұмыс жасау формалары мен әдістерін қайта қарауға негіз болды.

Түйін сөздер: *аймақтық жастар, азаматтылық, патриотизм, жастар саясаты, жастар мәселелері.*

Бектай Орманов

ГОСУДАРСТВЕННАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ПОЛИТИКА: РЕГИОНАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ

Аннотация. В статье, на основании проведенного исследования среди учащейся молодежи, рассматриваются проблемные моменты реализации государственной молодежной политики в Южно-Казахстанской области.

Определены основные тенденции развития региональной молодежной политики на среднесрочную перспективу и риски в ее практической реализации. Результаты исследования и теоретические выводы стали основанием качественной реорганизации региональной молодежной политики, пересмотра форм и методов работы государственных и общественных структур с молодежью.

Ключевые слова: региональная молодежь, гражданственность, патриотизм, молодежная политика, проблемы молодежи.

Bektaı Ormanov

STATE YOUTH POLICY: REGIONAL ISSUES

Abstract. In the article, on the basis of the study conducted among the students, the problematic aspects of the implementation of the state youth policy in the South Kazakhstan region are considered.

The main trends in the development of regional youth policy for the medium term and the risks in its practical implementation are determined. The results of the research and theoretical conclusions became the basis for a qualitative reorganization of the regional youth policy, revision of forms and methods of work with young people of state and public structures.

Key words: regional youth, citizenship, patriotism, youth policy, youth problems.

Кіріспе

Саяси аксиоманы құрайтын тезис бойынша, жастар мемлекеттің басты стратегиялық ресурсы болғандықтан, олардың бәсекеге қабілеттілігі елеулі дәрежеде жастардың жан-жақты дамуына мынадай жағдайларды жасау мүмкіндіктері арқылы айқындалады: қоғамдық-маңызды құндылықтар мен бағыттарды қалыптастыру, қоғам өміріне белсене араласу, олардың бәсекеге қабілеттілігі мен карьералық өсуін қажетті деңгейде қамтамасыз ету.

Әлемнің дамыған елдерінің қалыптасу тәжірибесі көрсеткендей, жастар – мемлекеттіліктің саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге тез және тиімді бейімделе алатын басты инновациялық потенциалы.

Сол себепті, кез келген мемлекеттің жастар саясаты ең приоритетті бағыттардың бірі болуы тиіс.

«Бес институционалды реформаларды іске асырудың 100 нақты қадамы» Президенттің Ұлттық Жоспарында бірінші кезекте, Қазақстанның дамыған 30 елдің қатарына ену үшін, елдің бүкіл экономикалық жүйесін модернизациялауда негізгі потенциал жастар болуы тиіс деп атап көрсетілген. Қазақстанның болашағы жастардың саяси бағытына, ұлтжандылығына, сапалы біліміне, кәсіби шеберлігі мен

біліктілігіне байланысты. Жақында ғана жарияланып, қызу талқыланып жатқан, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, Біртекті Ұлт Болашағын жасау жөнінде нұсқаулық болып табылады, ол жерде негізгі тірек күш Қазақстанның жас ұрпақтары деп көрсетілген.

Республика бойынша және аймақтық деңгейде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру туралы материалдар Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы жұмысқа қабілетті және жалпы мемлекеттік идеологиялық жұмыстар концепциясына сай деп есептеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, іс жүзінде, мемлекеттік жастар саясатының мақсаттары мен мемлекеттік құрылымдардың жұмысында, әсіресе аймақтарда, жастарға деген көзқараста елеулі алшақтық бар.

Зерттеу нәтижелері. Жалпы алғанда, қазақстандық, оның ішінде оңтүстікқазақстандық жастар мәселелері жалпы біртұтас қоғам мәселесіне айналып отыр. Бұл мәселелер, бір жағынан, жаһандану, ақпараттану, жеке мемлекеттердің ішкі және сыртқа саясаттарында ұлттық тенденциялардың нығаюы сияқты қазіргі заманда болып жатқан объективті құбылыстарға байланысты туындайды. Екінші жағынан, олардың заманауи қазақстандық шындыққа және мемлекеттің жүргізіп отырған жастар саясатына байланысты туындайтын өздеріне тән ерекшеліктері бар.

Жалпы жоспар бойынша бірнеше жалпықазақстандық жүйелі сипаттағы мәселелерді атап көрсетуге болады.

Бірінші. Нақты жоспарларды практикалық іске асыру бөлігінде заңның орындалуы жыл сайын ішкі саясат мәселелері мен әлемдік тенденцияларға байланысты өзгерістермен толықтырылып отыруы тиіс. Ұзақ мерзімді, перспективаларға есептелінген іс жоспары жалпы республикалық іс-шаралардың желілік жоспарлары мен акциялары арқылы толықтырып отыруы тиіс, қосымшалар мен ескертулер енгізуге орын қалдырып отыру қажет.

Екінші. Жүзеге асырылатын жоспарларды аймақтық ерекшеліктерді ескермей унификациялау жастардың әлеуметтік топтарымен жүргізілетін нақты жұмыстарды формализмге әкеліп соқтырады және осындай формалды берілетін есептерді көбейтеді.

Үшінші. Интернеттің кең көлемде, әсіресе жастар арасында таралуын және әсер етуін ескере отырып, жастармен идеологиялық жұмыстың маңызды сегментін электронды БАҚ, әлеуметтік желілердегі (Facebook, Vkontakte, Instagram, Twitter) жұмыстар құрауы тиіс.

Бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізу. Бір реттік және әртекті жа-

рияланымдар, біртекті идеологиялық стратегия мен тактиканың болмауы, шамадан тыс позитивті есептер мен суреттер – позитивті емес, керісінше негативті ақпараттық сипат береді. Бұл ретте, әлеуметтік желілердегі нақты аймақтардағы жұмыстарға байланысты жалпы республикалық Концепция мен нақты жоспарлар жасау қажеттігі кезек күттірмейтін мәселеге айналып отыр. Жоспарлар кәсіби және ақылы негізде жасалынуы тиіс екендігін баса айту керек.

Шешілуге тиіс мәселелерді айқындай келе, республикадағы жастар саясатын түбегейлі өзгерту қажеттігі жоқ екендігіне, тек оны жаңа компоненттер мен аймақтық ерекшеліктермен толықтыру қажет екендігіне көз жеткізуге болады.

Оңтүстік Қазақстан облысында жастар саясатының даму тенденцияларын анықтау және практикалық жұмыстарды жаңа әдістер мен талдамалармен өзгерту мақсатында, 2017 жылдың қаңтар-ақпан айларында Қазақстан Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты ОҚО өкілдігі мен Оңтүстік Қазақстан облыстық ішкі саясат басқармасы студент жастар арасында мемлекеттік жастар саясатын жүргізудегі аймақтық ерекшеліктер мен негізгі проблемалық сәттерді анықтау мақсатында мамандандырылған әлеуметтік сауалнама жүргізді.

Оның эмпирикалық базасын «Оңтүстік Қазақстан облысындағы мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың проблемалық мәселелеріне ситуациялық сараптама» зерттеу материалдары құрады.

Сауалнама облыстағы жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттері арасында жүргізіліп, оларға барлығы 1800 респондент қатысты.

Сондай-ақ ОҚО жастар саясаты мәселелері басқармасының, облыс әкімдігі жанындағы жастар ісі жөніндегі Кеңестің, облыстық және аудандық жастар ресурстық орталықтарының, мемлекеттік емес жастар ұйымдарының, басқа да мемлекеттік құрылымдардың жастар тақырыбындағы материалдары мен құжаттары қолданылды.

Зерттеудің өзектілігі жоғарыда айтылғандардан бөлек, келесі факторлармен белгіленді:

- облыс тұрғындарының ішіндегі жастардың салмақты рөлі - ОҚО бойынша 2017 жылдың басында жастардың жалпы саны 762,1 мың адам болса, ол облыс халқының 26,8%. Олардың ішінде, ЖОО студенттері – 45 335 адам, колледж студенттері – 70 855 адам.

- жас буын өкілдері арасында құқықбұзушылықтар санының артуы, құқықтық немқұрайдылықтың белең алуы, құқықтық мәдениеттің төмен болуы.

- тұрғындар мен жастар арасында этносаралық қарым-қатынастағы және толеранттық тәрбиенің әлсіреуі, тұрмыстық және қылмыстық сипаттағы кейбір қылмыстардың тез өршіп кетіп, этносаралық шиеленіске әкеліп соқтыруы байқалды.

- идеологиялық сипаттағы себептері – жастар арасында радикалды діни идеологияның кең таралуы, облыс территориясында дәстүрлі емес діни ағымдардың қызмет жасауы және олардың тұрғылықты халықты өздеріне тартуы, жаңа қазақстандық ұлтжандылықтың қалыптасуына кедергі келтіретін мәселелер туындатты.

- мемлекеттік жастар саясатының декларацияларымен осы аймақтағы практикалық жұмыстар нәтижесінің сай болмауы.

Жастар ісіне арналған әлеуметтік сауалнама қорытындысы мен мемлекеттік және қоғамдық жүйелер жұмыстарына сараптама жасау жалпы сипаттағы позитивті жақтарын және проблемалық тұстарын айқындай отырып, мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жолдарының сапалы параметрлерін көрсетіп берді.

Оң сәттері ретінде жастардың жалпы елдегі болып жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге деген позитивті көзқарастарын, жоғары ұлтжандылық деңгейін, әсіресе өздерінің кіші отаны Оңтүстікке деген, сапалы білім мен үштілділікті меңгеру барысын айтуға болады.

Зерттеуге қатысқан студент жастардың басым бөлігінде нарықтық экономика жағдайындағы қоғам өзгерістерінде жұмыс жасауға және өмір сүруге бейімделуді байқауға болады. Олардың ұнататын нәрселерінің арасында прагматизм және кәсіби мен жеке карьералық өсуді мақсат ету байқалады. Олардың дәстүрлі құндылықтарды сақтауы негізінен, өздерінің ішкі ой-саналарымен емес, оңтүстіктік менталитет пен аға ұрпақтың оң әсер беретінімен байланысты.

Аймақтық жастар саясатының оң жақтары жалпы сипатта болғандықтан, негізгі акцент проблемалық мәселелерге жасалынды.

Зерттеу барысында мемлекеттік жастар саясатының тек қана облыс бойынша емес, жалпы республика көлемінде жұмыстарын іске асыру барысында кездесетін негативті негізгі қағидалар анықталды.

Соның ішінде:

- жастар арасында жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы; оқу орнын тәмамдаған мамандық бойынша жұмысқа орналасудың қиындығы; жастарды тұрақты жұмыс орнымен қамтуда жұмыс беруші тарапынан әлеуметтік кепілдіктің берілмеуі (сауалнамаға қатысқан респонденттердің 27,4%).

Ресми статистикалық мәліметтерге сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облысында жастар арасындағы жұмыссыздық көрсеткіші 3,5% құрап

отыр. Олардың ішінде негізінен, арнайы мамандығы жоқ жұмыссыз жастар, олар арнайы білімдері болмаған соң вахталық жұмыстарға, мақта терімге, уақытша құрылыс жұмыстарына жегілуге мәжбүр, ал жыл соңында олар қайтадан жұмыссыздар қатарын толықтырады.

- жастарға арналған бос жұмыс орындары туралы бірыңғай республикалық дерекқорының жоқтығы (сауалнамаға қатысқан респонденттердің 19,7%).

- жастарды карьералық өсуде қолдайтын меритократия принциптерінің толық қолданылмауы немесе ашық түрде сақталмауы, мемлекеттік құрылымдарда, экономика және саясатта әлеуметтік өсу лифтінің, декларациялардың тек сөз жүзінде болуы (26,5% респонденттер санынан).

- ақысыз негізде білім алуға мүмкіндік беретін мемлекеттік гранттардың жеткіліксіздігі, ақылы білім алу құнының жоғары болуы (сауалнамаға қатысқан жалпы респонденттердің 18,6%).

- радикалды діни идеологияның, әсіресе, әлеуметтік желілер мен жеке жүздесулер арқылы салафизм идеясының жаппай таралуы (сауалнамаға қатысқан респонденттердің 20,4%).

- экстремистік және заңға қайшы мазмұндағы ақпараттардың интернет пен әлеуметтік желілерде қолжетімділігі (сауалнамаға қатысқан респонденттердің 20,6%).

- студент жастар арасында есірткіге елітушіліктің, спирттік ішімдіктерге әуестіліктің, жезөкшеліктің белең алуы (сауалнамаға қатысқан респонденттердің 13,3%).

Облыс бойынша жалпы сипаттағы мәселелермен бірге, тек қана осы оңтүстік облысқа ғана тән, жергілікті тұрғындардың әлеуметтік -экономикалық және қоғамдық менталитет ерекшеліктеріне орай мәселелер анықталды.

- ВИЧ-позитивті жасөспірімдердің білім алуы мен қызмет жасауына орай туындаған өзекті мәселелер, осы диагнозға байланысты кездесетін кедергілер мен стигматизациялармен күрес. Қазіргі кезеңде облыс бойынша ресми түрде 225 ВИЧ-позитивті балалар мен жасөспірімдер тіркеліп отыр.

- зерттеу нысаны болып таңдалған жоғары оқу орындары мен колледждерде студенттік жатақханалар санының жеткіліксіздігі.

- зерттеу нысаны болып таңдалған оқу орындарының профессорлары мен ұстаздарының құрамы тарапынан студенттерді оқыту сапасының төмендігі, білім үдерісінде, әсіресе, емтихандық сессиялар барысында сыбайлас-жемқорлық сипатындағы келеңсіздіктердің орын алуы.

- зерттеу нысаны болып таңдалған жоғары оқу орындары мен коллед-

жер кітапханаларының қоры заманауи оқу-әдістемелік құралдармен, арнайы әдебиеттермен, ақпараттық материалдармен жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілмеуі.

- студент жастарға отбасы және неке ұғымдарын түсіндіру, олардың арасында ерте жүктіліктің алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру сынды мәселелер бойынша жүйелі профилактикалық жұмыстардың жүргізілмеуі.

- студенттерге арнайы пәндерді қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде оқытатын кәсіби ұстаздардың жоқтығы.

- оқудан тыс уақытта және маусымдық демалыс кезеңдерінде қосымша табыс табуға мүмкіндіктің жоқтығы.

- әсіресе студенттердің құқықтарын қорғау мен жұмыспен қамту мәселелері бойынша жергілікті мемлекеттік құрылымдағы жастардың қоғамдық кеңестерінің және жастардың үкіметтік емес ұйымдарының жұмыстары әлсіз екендігін көрсетеді. Облыс бойынша қазіргі уақытта 56 жастардың қоғамдық бірлестіктері, республикалық жастар ұйымының 7 филиалы және этномәдени орталықтарының жастар қанаттары жұмыс атқарады.

- жастардың бос уақыттарын дұрыс ұйымдастырмау. ОҚО жастар саясаты мәселелері басқармасының ақпараты бойынша, жалпы жастардың 27,9% спорт секцияларына қатысады.

Зерттеу нәтижесі мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру жөнінде мынадай ұсыныстар мен қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

1. Зерттеу қазақстандық жастар санасындағы әлеуметтік жағдай мен мотивацияның өзгеруіне қоғамда болып жатқан позитивті өзгерістердің оң әсер беретіндігі туралы тезисті дәлелдеді.

Жалпы жоспар бойынша, зерттелген студент жастар арасында болашаққа деген сенім мен позитивті көзқарас қалыптасқан. Алайда, болашақ жұмыспен қамтылу және ары қарай «ересек» өмірге деген сенімсіздік пен мазасыздық байқалған. Осыған байланысты, жастар ортасында үнемі сапалық өзгерістер жүргізіп отыру қажеттілігі туындайды.

2. Облыстық деңгейдегі мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жастар арасында және студенттік ортада жұмыс формалары мен әдістеріне қажетті мемлекеттік жүйелерде сапалық өзгерістер енгізуді қажет етеді.

3. Облыстағы жастар арасындағы жұмыссыздық жоғары пайыздық көрсеткішке ие болып отыр.

Жұмыссыздықтың басты мотивациясы болып аз жалақыға жұмыс жасағысы келмеу немесе жұмыс берушілердің бос жұмыс орында-

рына тәжірибесі жоқ мамандарды қабылдағысы келмеуі болып табылып отыр. Одан бөлек, қазіргі уақытта жас мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің төмен жағдайында облыста гуманитарлық білімі бар жоғары және арнаулы орта білімді мамандар саны көп болып отыр, бұл өз кезегінде техникалық және жұмысшы мамандықтарына кері әсерін тигізуде.

4. Мемлекеттік құрылымдардың күш салуына қарамастан, радикалды діни идеологияның таралуы тоқтар емес, олардың жағына көптеген жастар өтіп жатыр. Бұрынғы, радикалды ағымдар қатарына тек қана әлеуметтік аз қамтылған адамдар ғана кіреді деген түсінік қазіргі кезеңде жоққа шыққан.

Аймақтық баспа және электронды БАҚ көздерінде жарияланатын діни экстремизмге және діни нанымдарға қарсы жазылатын ақпараттар сын көтермей тұр, олар жұрт санасына еш әсер ете алмай отыр

Сондықтан аймақтағы дін саласындағы барлық жұмыс формалары мен әдістеріне, конфессионалды мәселелерді жариялайтын ақпараттық саясатқа түбегейлі сапалы өзгерістер енгізіп, кәсіби мамандарды тарту қажеттілігі туындап отыр.

5. Ұлтжандылықтың жоғары деңгейі және іске асырылып жатқан саяси құбылыстар саяси құбылыс ретінде жастар арасында толық қолдау таба алмай отыр және осы ұлттық жобаларды іске асыру барысында жастардың ерекшеліктері толық ескеріліп отырған жоқ.

Осыған байланысты, заманауи жастар саясатының негізгі міндеттерінің бірі ретінде жастардың қоғамның саяси-қоғамдық өміріне белсенді араласу мүмкіндігіне жағдай жасау, декларативті емес, нақты әлеуметтік лифтілер жасау мәселелері қарастырылып отыр.

Қорытындылар

Қорыта келе, азаматтықтың жоғары деңгейі, сонымен қатар қазіргі заман жастарының айқын прагматизмі жастар ісіне деген инновациялық көзқарасты талап етеді. Зерттеулер нәтижесі мен теориялық қорытындылар аймақтық жастар саясатын қайта ұйымдастыруға, мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың жастармен жұмыс жасау формалары мен әдістерін қайта қарауға негіз болды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімшілігінің ресми сайты // <http://ontustik.gov.kz/ru> (доступ 25.06.2017)

ҒТАМР
02.15.51

Қарлығаш Нұрмұхамет
Философия ғылымдарының кандидаты

«АЗАМАТ» ЕРЛЕР ФИЛОСОФИЯСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі қоғамдағы өзекті болып табылатын ерлердің элеуметтік мәселелері көтеріліп, мәселені шешуде философиялық тұғырдан қарауға шақырады. Автор халық дүниетанымына сүйеніп ердің жасы, жігіттің түрлері, өңірлік айырмашылықтарын талдай келе ұл баладан азамат тәрбиелеу керектігін пайымдап өз тарапынан әдістеме ұсынады. Отандық фәлсафада ұлттық негізде арнайы «азамат» деп аталатын ерлер философиясының жасалуын және оның түбегейлі зерттелуін қажет екенін көрсетеді.

Түйін сөздер: жігіт, қоғам, гендер, сенім, рух, ұлттық дәстүр.

Карлығаш Нурмухамет **Понятие «Азамат» в казахском миропонимании**

Аннотация. В статье поднимаются социально-психологические проблемы воспитания мужчин в казахском обществе и подчеркивается необходимость философского подхода при их рассмотрении и решении. Автор, опираясь на народное миропонимание, анализирует возрастные, личностные и региональные особенности мужчин и выдвигает свою методику воспитания из мальчика мужчину-гражданина – «азамата». Кроме того, в статье подчеркивается насущная необходимость активизации усилий по разработке специальной философии мужчин «Азамат», опирающейся на национальную основу духовно-культурных ценностей, и проведения фундаментальных исследований по ней.

Ключевые слова: мужчина, гражданин, общество, гендер, вера, дух, национальная традиция, философия.

Karlygash Nurmukhamet Concept of «Azamat» in Kazakhs' Worldview

Abstract. The author raises the socio-psychological problems of the education of men in the Kazakh society and emphasizes the need for a philosophical approach to their consideration and solution. The author, having analyzed demographical, psychological and regional characteristics of men, puts forward a particular method of educating “Azamats” (men citizens). In addition, the article emphasizes the need of philosophical conceptualization of men citizens that would be based on the national spiritual and cultural values and urges to conduct fundamental research thereon.

Key words: *man, manhood, citizens, society, gender, national tradition, philosophy.*

Бүгінгі таңда феминистік дүниетанымды ұлықтаудан гөрі еркекті өсіру, ер адамның бағасын беру, еркектің тиісті орнын көрсету біздің қоғамымыз үшін қажет болып отыр. Қазақ жігіттерінің ауылды жерлерде үйлене алмай жалғыздық пен жұмыссыздықты бастарынан өткеруде, үйсіз-күйсіз қаңғырып жүрген еркектердің жылдан-жылға санының артуы, сәл басына қиындық түссе асыла салатын не болмаса шөлмекке жүгіретін әлсіз еркектердің болмысы кімді де болса қатты аландатады. Мақсат – күйзеліске түскен еркектерді тығырықтан шығаратын жол іздеу.

М.Әуезов, ер адамның қоғамда алатын орнын суреттеп: «**Қай уақытта, қай халықта болсын, білім жолында жұрт қатарына жетерлік халық болу жолында ең керекті шарт – ақ жүректі екпінді ерлер. Халықты ілгерілететін солар. Оларсыз мақсатқа жақындау мүмкін емес**», – деп айтқан болатын [1, 24].

Сондықтанда бүгінгі міндет – заман талабы мен қоғам сұранысына орай баба аманаттарын кәдеге жаратып ұрпаққа тапсыру. Ер азаматтардың мінсіз бейнесін жасаған қазақ ойшылдарының даналық ойлары еліміздің баға жетпес асыл қазынасы. Қазақ дүниетанымындағы ұл баланың туылуынан бастап, бозбала, жігіттік, әке атанған кезеңдерін жүйелей келе шығаратынымыз, халқымыз ұлдан Азамат жасауды басты мұрат етіп алады. Қазақ дүниетанымында «Азамат» түсінігін саясаттануда кездесетін азаматтық қоғам, азаматтық неке, азаматтық қорғаныс ұғымдарымен салыстыруға мүлдем келмейді.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «Азамат кәметке келіп ер жеткен адам. Адамгершілігі мол, құрметті саналы адам. Базар жырау: «Азамат ерден қол үзбе, күндердің күні болғанда, басыңа қиын іс түссе, қайырылмай саған кетпейді. Алуан түрлі бала бар, солардың бәрінен азамат өсіріп шығару қиын өнер», – деп анықтама берілген [2, 111].

Азамат болу ол әрбір ер бала үшін философиялық мәні бар зор ұйғарым, өйткені ер адамның болмысын, руханиятын, ерлер құндылықтарын, сонымен қатар ғасыр қойнауындағы философтардың «ер адамға» - деген көзқарас-тарын тұжырымдайды. Азамат деп – бүкіл адамилық жақсы қасиетті бойына жиған, биік белестерді бағындырған, қазақпын деп жүрегі соққан, халыққа пайдасы тиген ерлердің ерін айтады.

Әл-Фараби «Ғылымдар классификациясы» еңбегінің «Азаматтық ғылым» атаулы үшінші тарауында: «Азаматтық ғылым еріктен туған әрекеттер мен мінез-құлық түрлерін зерттейді. Азаматтық ғылым осы әрекеттер мен мінез-құлықтың арасын ажыратып қарайды. Бұл ғылым шын Бақыт дегеніміздің не екенін түсіндіреді», – деп жазады [3, 191].

Ердің азаматтығы қай ғасырда болмасын қарапайымдылығымен, қайрат-керлігімен, көсемдігімен, жанының кәусарлығымен өлшенбек. Елі үшін еңбек, ұрпағына қызмет еткен ерге халық әділ бағасын беріп жатса, қаһармандығы ардақталса, одан артық азамат үшін бақыт бар ма?

Азамат кім деген сауалға жауап іздеу орынды. Сонымен азаматты халық қалай түсінеді?» – деп сауалдар қойып, талдаған академик М. Қозыбаев «Өркениет және ұлт» еңбегінде былай дейді:

Азамат деп пенденің кәметтік жасқа келіп, төлқұжатқа ие болған кезін айтатыны рас, ал іс жүзінде кең мағынада:

Азамат деп әке-шешенің ғана емес, ел баласы болып өскен, елінен ауа жүріп емес, халқымен бірге өмір кешкен, қиын – қыстау жерде замана түйінін шешкен парасатты жанды айтады.

Азамат деп ата-ана, ел үмітін ақтаған, сенімін бойтұмар қып сақтаған, достың сырын шашпаған, зұлымдық жолын баспаған, сегіз қырлы бір сырлы арлы жанды айтады.

Азамат деп ата-анасының жанынан ұзап, ат жалын тартып, мініп, қатарынан озып, биіктегіге қол созып, мен боламын, тезірек өсіп толамын деген екпінді де қарымды талапкер жасты айтады.

Азамат деп ата-анасына, еліне, халқына адал, туысқанға бауыр-мал, ізгі жанды айтады.

Азамат деп қай істі болса да өнер деп білген, өмір жолын еңбек жолы деп сүйген, Отаны үшін жалынға шарпылып, отқа күйген ел перзентін айтады.

Азамат деп ез болып отыра бермейтін, замана талқысына көнбейтін, талап пен талантын жегіп, терін төгіп, құлашын кең сермейтін батыл да батыр өр адамды айтады.

Азамат деп қате басқан жері болса, қайталап түзеп, өз мінін өзі мінеп, сүрінсе мұқалмай, бір тізерлей тік тұрып, қайта түлеп, үзіліп қалған қатарына жетіп, одан әрі өтетін қайран есіл ерді айтады.

Азамат – деп алды тар, арты жар күрес жолында тұла бойы құласада тіккен туды құлатпаған, артын шулатпаған, тірісінде есімі аңызға айналған. қылығы мен түрлері біртуар ұлын айтады» [4, 111].

Адам өмірінің мәні бала сүю. Сәбиіңнің күлкісін есту, сөйлеген былдыры мен тай-тай басып жүруін көру сөзбен айтып жеткізе алмайтын нұрлы сәт. Шығыс халқында ғана емес, жер бетіндегі қандай халық, ұлт болмасын жанұяда қыздан гөрі ұл бала жарық дүниенің есігін ашатын болса, ол отбасы үшін үлкен бақыт саналатын. Өмірге қыздан гөрі ұлды әкелу әлі күнге дейін әрбір әйел үшін зор мақтаныш болып табылатыны да рас. Отбасына ұл бала дүниеге келсе, «үзілгені жалғанды, өшкені жанды, ендігі жерде өсіп-өндік, ұрпағымыз әулет болатын болды» деп, ауқатты жанұялар ертеректе отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап жататын. Ұл баланы қазақ халқы абыройлы әке, қадірлі отбасы, елді қорғайтын ер, ұлттың намысты азаматы ретінде тәрбиелеуді өздеріне парыз санаған. Ерте кезде аяғы ауыр әйелдің ненің етіне жерік екеніне байланысты болашақ туылатын сәбидің бет-болмысын, мінез-құлқының қандай болатынын сырттай топшылаған. Ана бөрі етіне жерік болса, төмендегідей түсінік болған: «Қазақ – екі қабат әйел көкбөрінің етіне не жүрегіне жерік болса, кейін туылған баласы көкжал бөрідей қайсар, жажүрек батыр болады. Ел қорғайтын ер, сөз бастайтын шешен, қол бастайтын көсем, көреген көзді алып азамат болады деп ырым етеді... Ал анасы осындай аты шулы жыртқыш аңның етіне жерік болып туылған бала батыр болмай кім болады, өңі сұсты, өткір көзді, қанжар жүзді, шымыр денелі, қарымды азамат болып өседі деп нанады. Көкбөрінің барлық қасиеті балаға дариды деп сенеді. Ер жеткенде ер жүрек батыр болады. Қарсы келген жауларын апырып-жапырып жалғыз жеңеді. Елін қорғайды, елін сақтайды. Ал егер: «Қазақ ана түйе етіне жерік болса, кейін туылған баласы түйедей үлкен, дәу азамат болады. Ірі мінезді келеді. Нар көңілді болып туылады деп ырым етеді. Түйе етінің

жерігінен туылған бала қара жұмысқа келгенде қайыспайды, жүктің ауырын көтереді, алда жүреді. Әрекеті баяу болады, мінез құлқы бірқалыпты болады. Еш уақытта ұшып қонбайды, жеңілтектенбейді. Он ойлап бір пішеді. Әр істің обал - сауабын біледі» [5, 47]. Осылай түйенің етін жеген ана сәбиді он екі ай көтеріп нардай азаматты дүниеге әкеледі деген ел арасында сенім қалыптасқан.

Дүниеге келген перзент ұл болса:

Айдарынан жел есіп,
ат ойнатар ер болсын.
маңдайынан күн сүйіп,
ақыл-ойы мол болсын! –

деп, үлкен құрметпен ауыл-аймақ, туған туыс игі-тілектерін білдірген. Ары қарай ұл баланы дүниеге әкелген соң 37–39 күндері қырқына жеткізбей-ақ шығарып жіберген. Халық қамын ойлайтын ер-азамат ерте өсіп, жігіт болу керек, осыдан соң шапшаң, пысық жігіт болады, қырқынан асып кетсе, үйкүшік, болбыр, ынжық болып қалады деп ырымдаған екен. Қырқынан шығарда қырық бір қасық су құйып шомылдырады. Сәбидің қарын шашын алып, оны матаға орап тығып қояды. Халқымызда ұл балаға арнайы орындалатын құрсақ шашу, жарыс қазан, кіндік кесер, бесікке салу, тыштырма, тұсау кесер, тіл ашар, тоқымқағар, сүндет той деп аталатын дәстүрлері бар. Жігіт бойына халқымыздың игі дәстүрлерінің берері мол. Балаға есім беру де қазақтың салт-дәстүрі бойынша жүзеге асқан. Алдымен азан шақырып, жаратушыға ризашылығын танытқан ата-ана сәбидің есімін жора-жолдасты, көрші-қоланды шақырып шілдехана үстінде жариялаған. Т. Жанұзақов: «Қазақ есімдері де санаулы жыл ішінде тосыннан пайда бола қалмаған. Оның өзіне тән тарихы, шығу, пайда болу жолдары бар. Қазіргі есімдеріміздің ішінде сол ерте замандарда қойылып, көненің қарт куәсі, жұрнағы ретінде өмір сүріп келе жатқандары да орта ғасырға тән және жаңа дәуірде жасалғандары да көп. Ол есімдер адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің қыр-сырын да көрсете алады», – дейді [6, 11]. Адамның тағдыры есіммен тікелей байланысты болады деп ұғынған көшпенділер, балаға есімді де жайдан-жай бере салмаған. Қазақтар елге пайдасы тиген ел ағасының, сөзі өтер халық данасының не болмаса жасы ұзақ болсын деп үлкен қарияның таңдаулы есімдерін берген. Есім берген соң, перзентіне ата-ана дұрыс тәрбие беруге тырысып, қоғамның жақсы бір мүшесіне айналуына ықпал жасайды. Бір

шаңырақта екі ұл болса, тұңғышын аға, артынан ергенін қазақ бауырым дегізген, өйткені аға есімі әркезде асқақ та ардақты естіледі. Алдымен ата-ана кеудесіне алса, артынан бауырына басатын осы ағаң. Ақылы асқанды халқымыз қашанда аға тұтқан ғой, сондықтанда үйдің үлкені болсаң ініге ұлағат айтар ұстаз, абзал аға бола білу керек. «Ағаға қарап іні өсер» даналығы тегін тумаған, алдыңдағы ағаңнан өнеге алып, оған қарап бой түзеп, өкшесін басып, соңынан ересің. Ағасы болсаң, бауырыңа бауыр етім деп, барыңды беріп, жоғын түгендеп, жөнге саласың. Іні болсаң, үйдің үлкені айтса қате болса да қарсы шықпай үнсіздік танытасың, бауыр әрдайым ағаның айтқанын мүлтіксіз орындауға тиіс. Қазақтардың отбасы институтында ежелден ағаменінің арасында осындай үлкен сыйластық орын алған.

Әрбір жанұя ұлдары есін біліп қалған шақта шежірені тарқатып жеті атасын, тегін жатқа үйреткізетін. Еліміз өзінің тегін білмейтін ұрпақты, жеті атасын білмейтін жетесіз деп атаған, сондай сөзді естімес үшін намысты ұлдар шежірені жанын салып жатқа айтатын. **Жеті атасын білу деген сөз**, ол тек дәстүрді сыйлау ғана емес, сонымен қатар, өз істері мен әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіну дегенді білдіреді. Ата-баба аруағын сыйлау, әулетке дақ түсірмеу әрбір **қазақ азаматы** үшін қасиетті борышы болып саналады. «Текті жерден шыққан, көргенді жердің баласы», – деген өлшем ұлттық құндылық болып қала бермек. Мінез адамға әуелі тек арқылы дариды, содан кейін тәрбие арқылы қалыптасады деген де ұғым бар. Тектілік пен тексіздік жайлы ой кешу қазақ философиясының маңызды тақырыптарының бірі. Халқымыз ген арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жақсы-жаман қасиеттің даритынын ерте заманнан-ақ білген, сондықтанда биологиялық тұрғыдан алғанда да тұқым сапалығын жетілдіруді ойлаған. Жеті атадан қыз алыспаған қазақтар адам табиғатын жете түсінген сияқты.

Еліміз еркектің үш жұрты барын айтады. Ең бірінші ағайын жұрты, жігіттің өз туыстары олар бір-бірінен жеті атадан қыз алыспаған, бұл тәртіпті берік сақтаған. Кімде-кім бұл дәстүрді бұзатын болса, ол адамға қатаң жаза тағайындалған. Жігіт өз жұртын үрім-бұтағым дейді, бұлардың бәрі бір атадан тараған ұрпақ екенін білдіреді. «Тек ежелгі түріктерде ата жағынан ғана туындамайды, шеше жағы да есепке алынатын. Адамның текті болуы үшін оның әке жағынан, әрі шеше жағынан бірдей текті болуы қажет» [7, 108]. Баланың жақсы қасиетін нағашы жұртынан деп те айтып жата-

ды. Өйткені, ананың сүтін емеді, сүт арқылы жақсы-жаман қасиеті баланың қанына сіңеді деп түсінеді. Әлемнің бірінші ұстазы Аристотель басқаша пікір білдірген. Ол: еркектік принцип өмірді туында-тады, жақсы қасиет сәбидің әкесіне байланысты және әкесі арқылы ғана беріледі деп пайымдаған. Әке өз баласының міншісі, сыншысы, басты тәрбиешісі. «Әке асқар тау», «Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық» деп жатады. Сыншы әке кіндігінен туған ұлының ұлағатты болып өсуіне ықпал етеді. Қазақта: «Бір бала бар әкеге жете туатын, бір бала бар әкесінен өте туатын, бір бала бар кері кете туатын» деген парасатты нақыл бар. «Әкенің аты баласымен шығады, тек жақсы өмір деген бәйгеден оза келсе» деп, жүрегі соғады дейді.

Әке концептісінің тіл, мәдениеттану тұрғысынан сипатталуына тоқталсақ, мұнда жас кездегі әке, орта жастағы әке, қартайған шақтағы әке деп бөліп алып қарастырған. Әке концептісінің логикалық жағы әке қамқорлығы, мейірімділігі, үстемдігі, асқар таудай биіктігі, басшылығы, асқақтығы т.б. фреймдермен ұғынылса, тілдік қолданыстағы репрезентация-сы – ер адам, әке, ата, бозбала, жас жігіт, дүр жігіт, арыс, шал, қарт, қария болады. Бүгінгі ұл бала – ертеңгі ер азамат, отағасы, әке, ата. Ал азаматтың арқалайтын жүгі ауыр. Әкелік деңгейді анықтайтын ер адамның негізгі қызметі баланың өмірге келуімен байланысты.

Әке өз перзентін қашанда ұлы істердің басынан көргенін қалайды. Кішкене кезінде әкесімен бала мақтанса, бала өскен соң әкесі мақтанатындай болса, онда өміріңнің баянды болғаны. Қазақ жанұясындағы әрбір әкенің істеген ісі, басқан қадамы, жүрген жүрісі балаға үлгі болуы тиіс. Әкенің сөйлеген сөзі, қылығы балаға қатты әсер етеді, жас өскін әкенің істерінен өмірлік сабақ алады. Отбасындағы әр нәрсе әкенің рұқсатымен шешіледі. «Әкең бұл мәселеге қалай қарайды», «соңғы шешімді әкең айтады» деп, үйрету әр отбасына бекітілген міндет болуы шарт. Қазақ мақалдарының ішінде жарайтыны бар, жарамайтыны бар деп Абай ағамыз айтпақшы, «әкенің жақсысы жездедей-ақ» деген мақалға мүлдем келіспеймін. Әке – жанұя құрушы, баланы тудырушы, ақша табушы, тамақ тауып, оқытып, киіндіруші. Отбасындағы балалар әкенің айқайынан емес, қабағынан именгені дұрыс. Әкесі «нағыз ер» өсіргісі келсе, баланы жастайынан ерте тұрғызып, темірден ұсталықты, ағаштан шеберлікті, бау мен бақшаны салуды үйрету керек. Мұндай тәрбиені алған ер бала кез-келген жерді тесіп шығады. Үйдегі анасы: «нағыз ерлер» қыз баланы ренжітпейді, алдап кетпейді, өтірік айтпайды деп

күнделікті айтса, ондай ер бала махаббатқа адал, болашақ құратын отбасына жауапты болып өседі. Жауапкершілігі жоқ адамнан айтулы азамат шықпайды. **Досқа адал, дұшпанға айбар, ағайын жұртқа мейірлі, туған елге қайыры тиер жігіт қана азамат атануға тиіс.**

Бүгін күні ер баланы азамат етіп тәрбиелеу басты мақсат, ер бала «Қазағым» десе, санасының жоғары деңгейге жеткені деп білеміз. Ж. Молдабеков: «Қазақтыққа жараудың бас белгісі – ел-жұрттық дәстүр мен азаматтық борышқа қызмет ету, ел тізгінін қолына алу, болашаққа деген сенім мен үмітті нығайту. Оның түйіні мен түбірін «Мен де бір қазақпын» деген бітімді сөзбен жеткізуге болады. Байыбына барсақ, әрбір азаматтың ойы, сөзі, мінез-құлқы, іс-әрекеті елі мен жерінің жанаруына, замандастарының топтасуына үлес қосса, ықпал етсе, осындай басты арнада өз орнын таба алса, ондай тынымсыздар өзін «мен де бір қазақпын» дей алады немесе ондайларды нар қазақ, нағыз қазақи деп орынды марапаттайды. Сөзі мен ісі, мінезі мен әрекеті арқылы өзінде қазақтық қасиетті көрсете де сақтай алған кісіні ұлтжандылар алдымен қадірлейді, мақтан тұтады.

Қазақтыққа жарағандар ұлтымыздың тілін, ділін, болмысын қорғайды және қазақтық ұлттық даралығын қалыптастыруға, жетілдіруге өзінің шығармашылық үлесін қоса алады», – деп тұжырымдайды [8, 47].

Этникалық мәдениет қазіргі кезеңде өзінің келбетін сақтау үшін ұлттық даралығын білдіретін құндылықтар жүйесіне көңіл аударуда дейміз. Ата-бабаларымыздың ерлерге қатысты талап еткен, ер балаға жүктеген, еркек кіндікке міндеттеген өзіндік дүниетанымдарынан ұлттық даралықты байқауға болады.

Қазақ халқы жігіттің сөзі мен ісіне қарап, жалпы болмысына талдау жасаған. Ер жігіттің кескін-келбетіне тоқталып өтсек:

1) «Өнді жігіт» еңсегей бойлы, өткір көзді, қара қасты, қыр мұрынды, кең маңдайлы, кең иықты, жуан білекті, темірдей саусақты.

2) «Өрен жігіт» қырандай алғыр, сұңқардай өр, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қасқырдай өжет, жылқы мінезді, жау жүректі жігіт.

3) «Көсем жігіт» – ел басқаратын жігіт.

4) «Жомарт жігіт» – пейілі кең, риза болса астындағы атын сыйға беретін жігіт.

5) «Шешен жігіт» – дау дамайды шешетін жігіт.

6) «Батыр жігіт» – елін жаудан қорғайтын, бес қаруы сай қайсар жігіт.

7) «Сері жігіт» – аттың жүйрігін, иттің алғырын ертіп, қыранның қырағысын баптап, ән салып, күй тартатын өнерлі жігіт.

8) «Палуан жігіт» – мойны жуан, жауырыны қақпақтай, алып күш иесі деп бөлген.

Елімізде жігіттің он үш жастан жиырма бес аралығында өмір кезеңдерін жырға қосқан Ақан сері еді. Ақан сері жас кезінен өнерімен көзге түсіп кейін ақындық, әншілік өнері кемелденген соң алты алашқа мәлім сері атанған. Оның ойынша: «Бірінші жігіт ақылды, дана, жеті ойланып, бір кесетін болса, екінші жігіт, алмас қылыш баулы құстай дегені епті, алғыр, қабілетті. Үшінші жігіт, мақтаншақ, өзі білгенін іс жүзінде қолдана алмайды. Төртінші жігіт, ауыр мінезді, жер сілкінесе қозғалмайтын ешкімге зияны жоқ, аса бір пайдасы жоқ адам. Бесіншісі, құдайдың қуы атағын алған. Бірді-бірге соғып пайда табады. Біреуді айдап салып шетінде тамашалап тұрады. Алтыншы жігіт, ашық ауыз аңқылдаған болып келеді. Өлер жерін білмейтін, өз пайдасынан гөрі өзгені көбірек ойлайтын, арысздардан зиян тартып қалатын жігіт түрі. Жетінші жігіт, сөзінің байлауы жоқ, желдей ескен шынынан өтірігі көп, аузын ашса көмекейі көрінетін сыр алдырып қоятын жеңілтек жігіт. Сегізінші жігіт, сегіз қырлы бір сырлы. Беталды сөйлемейді. Ісі мен сөзі бір жерден шығатын жігітті қазақтар мұндай Бекзат жігіт дейді. Тоғызыншы жігіт өзімшіл. Біреуді алдап пайда тапса оны ақыл деп санайтын, елдің арты емес, кісіден алады, алдыға озбай өмір ағымынан қалмайтын жігіт. Бас пайдасын біледі. Оныншы жігіт, қатынжанды, жасық әйелдің айтқанынан аспайтын ынжықты айтады. Он бірінші жігіт суайт, өйтіп берем, сүйтіп берем деп жақсы көрінгісі келетіндер, өтірікшілер. Он екінші – кербез, сал, өнер иелерін айтады. Тәкаппар келеді. Ақыл кеңесті селқос, алмас. Ат - тұрманы жүріс-тұрысы, бет әлпетін сұлулап әрлеп алады. Он үшінші қара күш иесі, біртоға, арамдықтан аулақ, адал» – деп, ақын он үш түрлі ер жігіттің сипатын осылай көрсетеді» [9, 118].

Ата-баба жігіттің мінез-құлқы мен кескін-келбетімен қоса жігіт жасына да мән беріп, жас ерешеліктерін «қозы жасы», «қой жасы», «жылқы жасы» деп үшке бөліп қарастырған. Оның себебі, әрбір қазақ отбасында ұлы он жастан асқан соң қозы, он беске толғанда қой бақтырса, жиырма беске толғанда жылқы бақтырған. Қозы жасы ер баланы еңбекке баулудың бастамасы, жасы онға шыққан баланың міндеті – қозы бағу болса, он беске шыққанда қозы бағатын кәсіптен қой жаю кәсібіне ауысатын. Он беспен жиырма беснің арасын қой жасы деп атап, осы шақта ата-ана отау иесі атанады деп

ұлынан үміт күткен. Жиырма беске келген жігіт тепсе темір үзетін күштің иесі деп білген, қазақ жиырма бесті жылқы жасы деп те айтты. Жігіттің жақсы жасы жиырма бес есептелген, жиырма бес дене бітімі пісіп жетілген, ақыл ойының кемеліне толысқан кезі екенін білдіреді. Қазақтар ес білген қозы жасынан бастап, жиырма беске шекті ұлдарын батырлыққа тәрбиелеген.

Батыр дегеніміз иран тілінде, баһадүр, ержүрек, қаһарман адамдарға беріледі. Тарихшы Е.К. Майендорф 1820 жылы Бұқараға сапар жасайды, «Орынбордан Бұқараға саяхат» еңбегінде: «Қырғыздар рубасыларды ақсақалдар, билер, батырлар, сұлтандар арқылы басқарады. Батырлар деп батыл, әділ, алғыр адамдарды айтады, жорық кезінде олар керемет шабандоздар», – деп батырларға өз анықтамасын береді [10, 41]. Қазақ батырлары туралы ең алғашқы маңызды деректерді жазып, ел тарихына назар аударған Ш. Уалиханов. Ғалым: «Батырлар туралы тарихи аңыздар» атты мақаласында қазақ батырларының есімдері аталып, батырлардың әлеуметтік табиғаты жайында «Батыр жүректі, екпінді, халықтың да, ханның да құрметті адамы» [11, 186]– деп мағлұмат береді. Абай ағамыз өзінің он төртінші сөзінде «жүректі» талдау барысында «тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақта жүректі кісі дегені – батыр дегені» [12, 68] – деп, халқымыздың көзқарасынан мағлұмат береді.

Халық әрдайым бұрынғы қол бастаған батырлары мен ел бастаған даналарын еске түсіріп, солардың істерін үлгі тұтып, елдің рухын жоғалт-пауға тырысқан. Әрбір қазақ отбасында «Отаның», «Туған жерің», «Елің» деген ұғымды Қаһармандық жырлар арқылы ашып берген. Қаһармандық жырлардың мақсаты – жеңілмейтін батырдың тұлғасын жалпы жұртқа үлгі етіп ұсыну, ел қамын жеген қамқор жандар етіп суреттеу. Жырдың мұраты – халық үшін қайрат жұмсаудан артық қасиетті іс болмайтынын, елдің бүтіндігін, ынтымағын, тәуелсіздігін қорғайтын **«мінсіз ердің»** бейнесін ел есіне мәңгілік ғибрат етіп қалдыру. Шығыстың лирикалық жырларының көпшілігі аянышпен бітіп жатса, батырлар жыры әрдайым сәтті бітеді. «Ал батырлар жырында махаббат көбінесе нәтижелі аяқталады, ер тұлға махаббат пен майданда сыналады, сынақ биік тараптармен шартталады, қазақ даласы қатаң сынақ аймағына айналады, тұлғалар кемелденудің шарттарының өткелдерінен өтеді. Ондағы тұлғалар өз болмысының құрсауын бұзып, әлемдік ерікпен тоғысады, еркіндікті жеңіп алу үшін өзінің онтологиялық мағынасын қайтадан ашады.

Мұндағы махаббат философиясында сұлулық пен үйлесімділік, сенімділік пен жігер, адалдық пен қайырымдылық сияқты моральдік ұстанымдар негізгі идеяға айналады және оны іс-жүзінде көрсете білудің нақты формуласы әдіптеледі. Себебі, батыр рухының еркіндік әлемі дала заңын мойындамауға емес, керісінше, халқының еркіндігі мен азаттығын қамтамасыз ету арқылы бостандыққа қол жеткізу болып табылады. Демек, халқы еркін болса, батыр өзінің еркіндігін толықтай сезінеді» [13, 204].

Баяғыда жасы жетіп өлгелі жатқан қыпшақтың билеушісі Баяндыр хан: «Жігіттер мен мына жалған дүниемен қоштасқалы жатырмын. Жарық дүниенің қызығына тоя алмай барамын, биліктің құмарына қана алмай барамын деп өкінбеймін. Көзіме жас алып, жылап жатқан себебім, ат үстінде ата жаумен алысып өлмедім-ау деген арманда кетіп барамын. Ер жігіт өз үйінде, өлең төсегінде өлмеуі тиіс», – деп налыған екен [14, 35].

Қазақтардың ер балалардың болмысын зерделеуде өзіне тән өңірлік, аймақтық, ерекшеліктері байқалады. Саралап қарасақ, Оңтүстік Қазақстан жігіттері намысқой, бауырмал, өжет мінезді болып келеді. Оңтүстік жұртшылығы қыз баланы жат жұрттық деп отбасылық өмірге даярлайды, арлы, ұятты, жібектей мінезді қылып тәрбиелеуге жандарын салады. Қыз балаға карьера емес, перзенті ретінде жерге қаратпай барған жеріңе дұрыс болып, бірнеше баланың анасы атансаң жеткілікті, ата-ананың басты парызын орындағаның болып есептеледі. Ал ұлдарына келгенде мүлдем басқа әдіс-тәсілді ұстанады: қызымнан гөрі, ұлдың оқығаны дұрыс, болашақта «әкім», ары барса «министр» болып қалар деп бар күштерін жұмсайды. Оңтүстікте төрде қыз емес ұл отырады, өйткені, ұл болашақта мұрагер, қара шаңырақтың иесі. Осындай сенімдік танытып еркіндікпен өскен бала ширақ, іске епті, тапсырылған жұмысқа іскерлік танытады.

Батыс өңірінің жігіттері өздеріне сенімді, намысшыл, қызба, ұр да жық тік мінезді болып келеді. Батыс қанша айтқанмен Кіші жүздің өңірі, тарихымызда көптеген көтерілістер осы жүзбен байланысты. Ер баланың орны жоғары бағаланады, қыздан гөрі ұлдарына қатал талап қойып, уақытында орындамаса сыбағасын алатын. Ұлға жауапкершілікті көп жүктейтін өңірдің нәтижесі жаман емес сияқты. Шығыс Қазақстан, Семей, Талдықорған жанұяларында мүлдем өзгеше, «ер бала жанымызда қалады ғой» деп, көп нәрседен тиып тастап отырады, бұл жақтың ер балаларының көнбіс, жуас болып

шығатыны осыдан. Қызымыз ертең кетеді, сондықтан осы алысын, кисиң, жесiң, оқысын деп қыздарын төбелерiне көтередi. Осы себептi Шығыс Қазақстан, Талдықорған, Семей жақтың қыздары өжет, шапшаң, икемдi, тiк мiнездi болып келедi. Мұхаметжан Тынышпаевтың зерттеулерiне сүйенсек: «Наймандар Шығыс Қазақстанда, Алакөл, Балқаш маңында, Атбасар, Ұлытау төңірегінде, Қытайдың шыңжаң өлкесінде қоныстанған [15, 21]. «Найманның қыздары тым пысық» – деген қаңқу сөздердiң ерiп жүретiнi де осыдан келiп шығып отыр. Қарағанды, Петропавл, Қостанай, Павлодар аймағында әйелдiң көңiлiн таба бiлетiн, жұмбақ әйелдiң табиғатын түсiнуге тырысатын жiгiттердiң болмысын көреміз. Олардың мiнез-құлқы тiк мiнездi болғанмен, тез ренжiп қалатын, әйелдiң айтқанын екi етпейтiн, жүрегi нәзiк жiгiттердi көреміз. Осылай жiгiттердiң өңiрлiк болмысын саралауда мiнез-құлықтың айтарлықтай айырмашылығын көреміз, мiнез ерекшелiктерi түптеп келгенде тәрбиенiң берiлу әдiсiнде. Тәрбие қоғам дамуында орасан рөл атқарады. Бүгiнгi таңда ер баланы тәрбиелеуде жiберiлген қателiктер қоғамға керi әсерiн тигiзуде. **Асылбек Байтанұлының «Қайда кетiп барасың қазақ еркегi?»** мақаласында: «Қазiр қарап тұрсаңыз, қазiргi қазақ әзiл-сықақ театрлар сахнасын бiр өңкей қатынша киiнген еркектер жаулап алған екен. Бұл да жарасатын үрдiс емес.

«Бауыржан шоу», «Шымкент шоу», «Шаншар», «Тұрсынбек шоу», т.б. қаптаған шоуларда Күлпаш тәрiздi қатын-еркектер әдепкi жағдайға айналғаны сондай, қазiр екiнiң бiрi әйел рөлiн қымсынбай ойнай беретiн болды.... Әкесiнiң қатын болып ойнағанын көрiп өскен ұл ертең кiм болмақ?» - деп ашына жазған жан айқайы да тегiн емес [16, 70]. Шоу бағдарламалар думандатып елдi күлдiреміз деп, жеңiл-желпi, үстiрт қарайды, оның терең қабатында ер баланың бойына жағымсыз терiс қылықтарды егiп жатқанына мән бермейдi. Қойылымдар сахнаға шықпас бұрын бiрнеше сыннан өтiп ғана көпшiлiктiң алдына ұсынылса қана ел игiлiгiне жарайтын едi.

Нұртөре Жүсiп «Жақсы кiтап жан азығы немесе боямсыз өмiр» деген шығармасында былай дейдi: «Қазақ екi нәрсеге сенбе деген: бiрi – астыңдағы атыңа, екiншiсi қойныңдағы қатыныңа.....

Бұрынғы қазақ пен қазiргi қазақта қандай айырма бар? Бұрынғылар атына қарайтын, қазiргiлер қатынына қарайды.....

Қатын ерiнiң қабағын бағатын, көңiлiн табатын. Бүгiнгi еркек бiткен әйел атаулының қабағына қарап қалды. Дүние өзгермедi деп кiм айта алады.

Қазіргі қоғамдағы ерлердің болмысына сын айтқан Нұртөре Жүсіп енді бір жолында: «...**біздің қоғамда ер мен еркек ұғымы көмескі тартты:** мектеп толы әйел мұғалім – ер балалардың еліктеп өсетін ер азаматы шамалы; үйде тілін безеп шешесінің жағы талмайды, түзде өзі жабысып қыз соңынан қалмайды, сосын, ұл балалардың қыз қылықты, әйел мінезді майысқақ келетіні, қиындық атаулыға оңай көнетіні, еркектік ірілік кесек мінезден ада боп, әйелше сөзге, өсекке еретіні, елдік һәм еркектік мәселеден гөрі кілең майда ұсақ-түйекті теретіні...» деп, қоғамымызда белең алып отырған проблеманың шетін көтереді [17, 41].

Аулада ХХІ ғасыр, ағымына ілесуің керек, әйтпесе керексіз ғып лақтырып тастайды, тездете түрленген тіршілік кестесі еркектен еңбекқорлықты, ептілікті, жылдамдықты талап етеді. Әйел затынан өмір бойы тәрбие алған ер баланың жүрегі расымен де нәзік, сөзге жақын, ер адамның істейтін тірліктерінен хабарсыз болады. Аталардың тілімен айтқанда ынжық болмай қайтсін әйелдің жетегімен жүріп, кейін келе езге айналамасқа кім кепіл. Соңында оңбаған еркек қайдан шыққан? – дейміз. Оңбаған еркек ер балаларға кішкене кезінен берілетін тәрбиенің дұрыс ұйымдастырылмауынан шығады. Қоғамдағы жалғыз басты ана, алданған қыз, алиментін төлемей қашып жүрген әке, жанұясын тастап кеткен еркек, қырықтан асса да отырып қалған кәрі жігіт – осының барлығы ер адамның рухани әлсіздігі мен жауапсыздығынан туындап отыр. Тәрбиені кішкене кезден қолға алсақ, жоғарыдағы мәселенің бірі болмас та еді.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде жанұя мен мектептің алдына қойған міндеттерді жаңа талаптармен ұштастыра отырып, тәрбиеге ұлттық мазмұн беруге басымдық танытқанымыз жөн. Мінсіз еркектің тұлғасы саналатын азамат тәрбиелеу үшін ұсынылатын әдіснама төмендегідей бөлімдерден тұрады:

1. Ер бала үшін маңызды бірінші компонент – сенім

Ер балаға сенімділік қажет. Өзіне сенімді болған перзент қана қоғамда өз орнын таба алады. Балаға сенім артатыныңды әрдайым білдіріп отыруың қажет.

2. Ер бала үшін маңызды екінші компонент – рух

Рухты азықтандырып отыру керек. Рухани қасиетке суғарылған жүрек ізгілік жолына бастайды деп тегін айтпаған. Ел намысын қорғайтын азамат тәрбиелеуде Бабалар руханиятының берері мол.

3. Үшінші компонент ер баланың мүмкіндігін ескеру

Ер баланы тәрбиелеу мен қатар оның мүмкіндігін де ескергеніміз

жөн. Ата-ана өздерінің орындалмаған арманын баладан табамыз деп, зорлық таныту да дұрыс емес. Ер баланың ішкі жан дүниесімен, мүмкіндігімен санаспай, тек өзім қалаған адам жасап алам деу қате пікір. Әскери қызметті қаламаса да күштеп оқыту, дәрігер болғысы келмесе де оқуға түсіру барып тұрған өзімшілдік. Ол оқып шыққанменде дұрыс маман болмайды. Ертең ер азаматтың өзіне де, өзгеге де пайдасы тимейді. Баланың қызығушылығына, табиғи берілген дарындылығына мән берген дұрыс. Ер баланың ептілігіне қарап мамандық таңдауына қолқабыс жасауға тиіспіз.

4. Төртінші компонент еңбекке баулу

Қазақ халқы өзінің өмір сүру барысында баланы ерте жастан еңбекке араластырудың мүмкіндіктерін жан-жақты ойластырған. Ер бала еңбектен-генді жақсы көрсе, кейін одан жаман азамат шықпайды.

5. Бесінші компонент – салауатты өмірге тәрбиелеу

Адамның жан-жақты жетілген, қоғам талабына сай жеке басының қалыптасып, саналы азамат болуы үшін спортпен айналысуға барлық жағдайын жасау керек. Қай кезде де ұрпағының аман-сау, дене күші мығым азамат болып өсуін армандаған халық ең алдымен дене күтіміне көңіл бөлген. Қазақтың салт-дәстүрі «Көкпар, бәйге, аударыспақ батылдыққа, ептілікке баулитын, бұлшық етті шынықтыратын, құмарлықты оятар, есеппен тәуекелге бел байлауға, тіпті өзінің ары мен тағы үшін өлімге бас тігуге дейін баратын дәстүрлі спорттық ойындар. Бұл ойындардың игілікті екенділігіне ешқандай күдік болмауы тиіс» – деген еді Бауыржан Момышұлы [18, 79].

Отандық фәлсафада арнайы ерлердің дүниетанымын қарастыратын «азамат» деп аталатын ерлер философиясы қажет, ол бөлім ғалымдар тарапынан түбегейлі зерттеуді қажет етеді.

Еркегі мықты қоғамның, іргесі мықты екенін ескеріп, гендерлік саясатта қазақ жігіттерінің қадірін арттыратын негізде ғылыми ізденістер жүргізілсе, ерлерге арналған жобалар, теледидарлық бағдарламалар жасалса еліміздегі әлеуметтік мәселелер дұрыс шешілсе, азаматты тәрбиелеу ісі де алға басары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. М. Әуезов. Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы: «Дәуір, Жібек жолы», 2014. – Т.1. – 462 б.

2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Құрастырғандар: Т. Жанұзақов, С. Омарбеков, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы: «Арыс», 2006. – Т.1.– 752 б.
3. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алма-Ата: «Ғылым», 1973. – 446 б.
4. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. – Алматы: «Сөздік– словарь» баспасы, 2001. – 369 б.
5. Бопай Б. Қазақ мінезі: Салт – дәстүр мінез негізі. – Алматы: «Үш қиян», 2015. – 392 б.
6. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің анықтамалығы. – Алматы: «Арыс», 2009. – 552 б.
7. Зия Көкалып. Түрікшілдіктің негіздері. – Алматы: «Мерей», 2000. –108 б.
8. Қазақтану өрісі. Ред. басқ. Молдабеков Ж.–Алматы: «Қазақ университеті», 2013. – 204 б.
9. Ақан сері Қорамсаұлы. Құрастырған Оразбек Н. – Алматы: «Қазақстан», 2013. – 384 б. 10. Майендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару. – Москва: «Наука», 1975.– 369 с.
11. Уалиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Толағай групп», 2010. –Т.1. – 552 б.
12. Абай. Қара сөз. – Алматы: «Международный клуб Абая», 2010. – 338 б.
13. Аташ Б. Философия. – Алматы: «Қыздар университеті», 2013. –276 б.
14. Анар. Қорқыт ата // Жалын. – №10. – 2007. – 36-45б.
15. Тынышпаев М. Қазақ шежіресі. – Целиноград: «Қаламгер», 1991. – б.
16. Байтанұлы А. «Қайда кетіп барасың қазақ еркегі» // Ақиқат. – №6. – 2016. – 70-73 бб.
17. Жүсіп Нұртере. Жақсы кітап жан азығы // Ақиқат. – №6. – 2016. – 45-49бб.
18. Момышұлы Б. Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.Мутанов. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016. – 379 б

ҒТАМР
03.01.09

Рауан Кемербай

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қаласы, Қазақстан

МӘҢГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫ – ЖЕРҰЙЫҚ

Аңдатпа. Мақалада көшпенділер өркениетінде аты аңызға айналған, абыз, ойшыл, қазақ елінің алғашқы шекарасын белгілеп Қазақ хандығының қалыптасуына ерен еңбек еткен Асан қайғы және оның негізгі философиялық ойларына талдау жасалады.

Түйін сөздер: Асан қайғы, Жерұйық, Қазақ елі, Мәңгілік ел, Қилы заман.

Рауан Кемербай

ЖЕРҰЙЫҚ – ИДЕЯ МАНГИЛИК ЕЛ

Аннотация. В статье анализируются философские идеи легендарного в кочевой цивилизации мыслителя Асана Кайгы, выдающегося деятеля, внесшего существенный вклад в становление Казахского ханства и в обозначение его границ.

Ключевые слова: Асан кайгы, Жеруыйык, Казак ели, Мангилик ел, Килы заман.

Rayan Kemerbai

ZHERUYIYK – THE IDEA OF MANGILIK EL

Annotation. The article analyses philosophical ideas of legendary thinker in nomadic civilisation Asan Kaigy, an outstanding figure who made a great contribution to the establishment of Kazakh khanate and its demarcation.

Key words: Asan Kaigy, Zheruyiyk, Kazakh Yeli, Mangilik el, Kily zaman.

Кіріспе

Мақалада Қазақ елінің далалық өркениетінде аты аңызға

айналған, абыз, ойшыл, би, алғаш рет Қазақ хандығының шекарасын сызып берген Асан қайғы туралы болмақ. Қазақ хандығының рухани атасына айналған Асан қайғының философиялық ойларын қазіргі Қазақ елінің жеткен жетістігімен байланыстыру маңызды. Өйткені сол дәуірде басталған ақарман Жерұйықты іздеуі бүгінгі күннің заңды жалғасы екендігі анық. Осы аралықта Қазақ елінің басынан қаншама қиын замандар өткенін тарихтан білеміз. Оны:

«Қилы-қилы заман болмай ма?

Суда жүзген ақ шортан,

қарағай басын шалмай ма? – деген жыр жолдары-

нан байқаймыз. Осыған байланысты Қазақ дүниетанымында «ақыр заман», «қилы заман», «нар заман», «зар заман» және «амал заманы» деген түсініктер кездесіп отырады.

Зертеудің мақсаты мен өзекелігі. Асан қайғы ғұмыр кешкен дәуірде рулық, тайпалық қақтығыстар, жер дауы өршіп, мал жайылымдарын бөлісе алмаған мазасыз жылдар болатын. Әбілхайыр ханның әділетсіз үстемдігіне наразы халық жан-жаққа бас сауғалап, не істерін білмеді. Өте қиын заман, яғни Асан қайғыша айтқанда «қилы-қилы заман» болды.

Жоғарыда айтылған жыр жолдары, сол кезеңдегі қилы, яғни қиын заманның бір көрінісі болуы керек. Алайда, Асан бабамыз қайғыға салынбай бейбіт өмірді, қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын заманды аңсады. Қазақ хандығының негізін қалаушы Жәнібек пен Керей хандар аты аңызға айналған Асан атамыздан ақыл, кеңес алып, хандықтың мәңгілік болуын қалаған. Қазақ хандығының орналасатын мекенін анықтап беруді тапсырған. Себебі Асан қайғы тура сол заманның тыныс, тіршілігін білген көріпкелдік қасиеті бар, ойшыл, саяхатшы, сал-сері болғанға ұқсайды.

Сегіз қырлы, бір сырлы Асан атамыздың дүниетанымдық ойларын, сол заманның ақиқатымен зерделеп, бүгінгі күннің қажеттілігімен сабақтастырып зерттеу мақаланың басты мақсаты.

Елімізде Асан қайғы туралы тырнақ алды зерттеулерді Қазақ әдебиеті тұрғысынан қарастырған ғалымдардың ғылыми мақалалары, жыр, толғауларынан білеміз, және де олар көп жерде қайталанып отырады. Айталық, Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Бес ғасыр жырлайды» атты 2 томдық кітап шығарды. Құрастырушысы жазушы Мұхтар Мағауин (1989 жылы). Аталған еңбектерде бабамызға қатысты шағын ғана мәлімет берілген.

Майқы бидің алтыншы немересі болған Асан атамыздың өмір жолын, шығармашылығын, дүниетанымын 3 үлкен жүйеге бөліп қарастыруға болады. Ең алдымен Асан бабамыздың халық алдында енді таныла бастауы, екінші елінің, жерінің қамын ойлап қайғыға салынуы, үшінші қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған Жерұйықты іздеу, яғни желмаяға мініп ел-жер аралауы.

Қазақ хандығы және оны құраған ру-тайпаларының басын біріктіріп, елін, жерін жау алмайтын, малға жұт келмейтін, шөбі шүйгін, сулы, нулы қоныс іздеу Асан қайғының ең негізгі мақсаты болған. Ол қонысты «Жерұйық» деп атады.

Асан қайғы шамамен 1456 жылдары Шу өзені мен қара Ертіс аралығында құрылған қазақ хандығы дәуірінде өмір сүрген. Асан қайғы Қазақ хандығының іргесін қалауға қатысқан және оның саяси және рухани өмірінде өзіндік із қалдырған ойшыл, мемлекет қайраткері. Асан өзі өмір сүрген дәуірдің саяси-әлеуметтік, мәдени оқиғаларына талдау жасаған, болашағын болжаған. Асан қайғы шығармаларының негізгі идеясы қазақ жерінің төрт тарабына берген бағасы, сыни көзқарастары мен қазақ хандығының болашағы туралы ой-толғаныстары.

Зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында, тақырыптың өзектілігі мен мақсатына жету үшін салыстырмалы, тарихи әдістер қолданылды. Сонымен қатар Асан қайғының жырларына герменевтикалық талдаулар жасалады.

Зерттелу барысы. Ең алдымен Асан қайғы туралы аңыздарды зерттеп, жинақтаған ғалым-зерттеушілерден Шоқан Уәлиханов, Григорий Потанин, Халел Досмұхамедов, Мұхтар Әуезов, Әуелбек Қоңыратбаев, Балтабай Адамбаев, Мұхтар Мағауин, Сейіт Қасқабасовтар халқына құтты қоныс іздеген, ханның жыршы, ақылшысы, аты аңызға айналған Асан бабамызды әдеби шығарманың авторы ретінде зерттеген.

Қазақ халқының алғашқы ғалымы, шығыстанушы Шоқан Уәлиханов Асан қайғыны сол дәуірде хандық еткен Жәнібекпен байланыстырып, ноғайлының дала философы деген айдар тақты.

Одан кейін орыс ғалымы Григорий Потанин Асан туралы аңыздарға тоқталып, XIX ғасырларда қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятуға өзіндік үлес қосқан «Дала уәлаятының газетінде» Асан қайғы есіміне қатысты деректерге назар аударып, зерттеу жұмыстарын жүргізе бастады.

«Белгілі тарихшы Құрбанғали Халид «Тауарих хамса» атты еңбегінде Асан есімі бұрын «Хасан болған» десе ғалым, әдебиеттанушы Мұхтар Әуезов Асан қайғы туралы аңыздардың төркінін зерттей отырып, оның өз-Жәнібектің тұсында өмір сүруі тарихи шындыққа сай келмейтінін аңғарды. «Әдебиет тарихы еңбегінде» Асанның Абылайдың тұстасы болмаса да, соған жақын кезеңде өмір сүргенге ұқсайды деген пікір айтады. «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты еңбегінде Асан туралы ойды толғай отырып, ол туралы аңыздарды халық аңсаған арман-тілек бейнеленген кейіпкер екенін аңғартады [1, 174].

Академик Сейіт Қасқабасов «Миф пен эпсананың тарихилығы» атты зерттеу еңбегінде Асан туралы әңгімелерді халық прозасының эпсана жанрына жатқызады. Сонымен қатар халық пікірінде әлеуметтік утопияның үш сатысы болатынын, Асан туралы эпсаналардағы «Жер ұйық» іздеу сарынын осы әлеуметтік утопияның алғашқы екі сатысына, халықтың орнаған қоғамға немесе әміршіге деген наразылық (протест) пен қарсылық (оппозиция) білдірген утопиялық ойлары түскенін жазады, «Жерұйық» мотивінің түп-тамыры көк, жер, жер асты әлемі туралы шамандық ұғыммен байланысты екеніне назар аудартады [2, 89].

Дегенменде, Асан қайғы туралы аңыз, жырларын зерттеу ХІХ ғасырдың екінші жартысында қолға алына бастады. Советтік дәуірдің дәурені дүркіреп тұрған заманда зерттелінген тақырыптың алғашқы нұсқасы өзгеруі де мүмкін. Алғашқы түп нұсқасыда беймәлім.

Асан қайғы туралы аңыздарға арнайы тоқталған ғалым Балтабай Адамбаев «Тарихи аңыз-әңгімелер» атты еңбегінде Асанның жерге берген сындары арқылы оның жүрген жолын, бағытын бағдарлауға болады деген болжам жасап, Майқы бидің ісін жалғастырушы деп бағалайды.

Тақырыптың өзектілігін ашу үшін басқада тарихи көздерден іздеп көру маңызды болмақ.

«Асан қайғы туралы аңыздар» тақырыбында Мамиева Бахыткүл Октябрьқызы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

Ал, Қазақ философиясында алғаш рет қалам тербеп Асан қайғының ойларын, дүниетанымдық көзқарастарын зерделеуге үлес қосқан ғалым, философтар Аманжол Қасабек, Жақыпбек Алтаев, Мұқанмадияр Орынбеков, Қанапия Нұрланова, Қ. Бейсенов, М. Айтқазин болды.

Сонымен қатар, Философия және саясаттану институтының ғалымдары, профессор Әбдімәлік Нысанбаев, Серік Нұрмұратов, Қ. Әлжан бастаған ғалымдар құнды зертеулер жасап, Асан қайғы философиясына тың серпін берді.

Тарихшы, философ көп жылдар бойы Асан қайғыны кешенді түрде зерттеумен айналысып келе жатқан Кенжалы Толысбай «Асан қайғы» атты кітап (2006 жылы) шығарды. Онда автор қорытынды сөзінде «Асан Қайғы тектес ойшылдарымыздың мәдени философиялық мұраларының негізгі идеяларын жаңғырту арқылы бірлік философиясын қалыптастыру еліміздің толыққанды рухани дамуының шарттары болып саналады» - дейді [3, 269].

Бес ғасыр ғасыр өтседе, Қазақ халқы өзіндік болмысынан айырылып, жойылған жоқ. Керісінше ұшқан құстың қанаты талатын дархан даланың иесіне айналды. Әлемдегі жер аумағы жағынан ондыққа кірді. Бұған Асан қайғыныңда үлесі бар екендігі дау туғызбайды. Себебі сол дәуірде Асан бабамыз желмаясына мініп суреттеп, шекарасын сызып берген жер атаулары, қазіргі Қазақ елінің шекарасына енген.

Мың өліп, мың тірілген қазақ халқы қилы-қилы замандардан аман-есен өтіп екінші мыңжылдыққа қадам басып келеміз. Заман өзгерді. Уақыттың да үдерісі жылдам. Осы замандағы адамдардың пейілі, өмірлік құндылықтары мүлдем басқа. Технология, инновация бірінші орынға шықты. Қазақ халқының қолы ауызына жетіп, өз алдына жеке дербес мемлекет атанды. Асан қайғының басты арманы орындалып Қазақ елін жасадық. Асан қайғы жырларындағы ата қонысқа орнығып, ұйысып мемлекет құрдық, шекарамыздың қазығын мығымдадық.

Бұл тарихи сәтті белгілі қоғам қайраткері, академик Ғарифолла Есім Түркістан газетінде былай сипаттайды: «Қазақ халқының азаматтық бірлігі, тұтастығы саяси мәнде күшін жойғанмен, Қазан төңкерісіне дейін, «Қазақ» деген ұран Күн тәртібінен түскен жоқ. Мұның басты себебі – хандық дәуірде қалыптасқан Жер-ұйық идеясының, азаматтық идеяның, яғни, қазақ болу идеясының (қарға тамырлы қазақ) қуаты кейінгі отаршылдық жылдарда сақталып, мұра ретінде бізге жетті» [4, 174].

Ата-бабамыз аңсаған мұратқа жетіп, Қазақ мемлекетінің іргетасын қаладық. Осындай тарихи кезеңде Нұрсұлтан Назарбаевтың Мемлекет Басшысы болып сайлануы тарихи оқиға болды. Егемен ел болған күннен бастап, Елбасы-Тұңғыш Президентіміз жыл сайынғы

дәстүрлі жолдауларында өткен тарихымызға көз жүгіртіп, Асан қайғы, Жәнібек пен Керей хандардан басталған Қазақ елінің тарихын сөз етіп, содан күш-қуат алып отыратындығын үзбей айтып келеді. Осындай жауапкершілік, ата-бабаларымыздың ақарманы Елбасыға сенімділік артуда.

Соның бір дәлелі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлт жоспары – ақ арманға бастайтын жол» атты мақаласын жариялап, Ұлттың даму стратегиясын анықтап берді» [5].

Осындай амал заманында (Ғарифолла Есім) Елбасының Мәңгілік Ел идеясы мен Ұлт жоспары атты мақаласы Қазақ Елінің үмітін үкілеп, болашаққа деген сенімін арттырды. Кезінде Жәнібек сұлтан мен Керей хандардың басын біріктіріп, арты ұлан ғайыр мемлекетке айналдырған осы «Қазақ елі» болу идеясы еді. Керей мен Жәнібек хандардың жанынан табылып, Қазақ хандығының орналасатын, мекендейтін қонысын іздеп, алғаш рет географиялық картасын жасаған Асан қайғы рухының алдында мәңгілік қарыздармыз.

Бес мың жыл өтседе, Асан қайғының «Жерұйық» идеясы қайтадан жаңғырып, өзектілігі арта түсті. Себебі әлі күнге дейін Қазақ елін мекендеген әр халық өкілдерінің арман тілегі, мүддесі бір арнаға түйіспей отырғандығы. Оған бірнеше себеп бар.

Ең бастысы Қазақ елін мекендеген ұлт өкілдерінің «қазақ тілі» біріктіруші фактор екендігін жете түсінбей жатқандығы. Мәселен тәуелсіздіктің 25 жылдығында, мемлекеттік тілдің әлі күнге дейін толыққанды іс жүзінде орындалмауда. Тығырықтан шығатын жол Асан қайғының «Жерұйық» идеясы болмақ. Себебі еліміздің әр тұрғыны Абай атамыз айтқандай, бауырымыз. Тілегі, арманы бір – «Қазақстан» атты отбасының мүшелері емеспіз бе?! Яғни еліміздің әр азаматы Қазақстанды «Жерұйық» деп қабылдап, барлық күш-жігерін мемлекетіміздің өркендеуіне жұмсауында.

Сондықтанда, Асан қайғы бабамыздың «Қазақ елі – Жерұйық» атты елді біріктіруші концепциясын кеңінен халық арасында түсіндіріп насихаттау маңызды. Себебі «Жерұйық» тұжырымдамасында қазақ халқының рухы мен салт-дәстүрі тұнып тұр. Тек оны заман талабына сай жандандырып, құлпыртып жіберсе болғаны. Бұл идея Қазақ елін одан әрі өркендетіп, дамыған 30 елдің қатарына кіру үдерісін жеделдететіндігі анық.

Философ Ғарифолла Есім Асан қайғының қазақ этносын әрі мемлекетін қалыптастырып, нығайтуда «Жерұйық» деген жаңа ілім жасағанын айта отырып, бұл ұлттық мемлекет құрудың иде-

ясы болғанын, мемлекеттің басты мәселесі жер, жерұйық туралы ілім дей келе – «жер» – ұлттық дүниетанымның басты ұғымы. Жерұйық деген жер асты ұйық 2 сөзден тұрады. Ұйық, яғни үю деген – халықтық қауымдасып ұлт және мемлекет білдіретін түсінік «Асан қайғы ұлттық идеяның тарихи негізі салған ойшыл, оның тарихи аталуы-Жерұйық. Бүгінгі географиялық түсініктегі Жерұйық дегеніміз-Қазақстан Республикасы» – деп жазады [6].

Шын мәнісінде ата-бабамыздың ақарманы орындалды. Ұйысып мемлекет құрдық. Қазақ философиясының дүниетанымдық ұғымдарын қалыптастырдық. Ендігі мақсат Қазақ ойшылдарының озық ойларын «Мәңгілік Ел» болу идеясымен ұштастырып, елге, жерге қызмет етуін қарастыру. Ел болашағы жастардың бойына ата-бабаларының рухани мұрасын, бойына сіңдіріп толыққанды Жақсы Қазақ атануына атсалысу қажет деп ойлаймын.

Мәдениеттанушы ғалым, профессор Ақтолқын Құлсариева «Қазақ ұлтынан қазақ еліне» атты мақалалар жинағындағы «Тәуелсіз Қазақстан идеясы – Жерұйық Қазақстан» атты мақаласында: «Біздің ұлттық идеямыз да, ұлттық идеологиямыз да биік азаматтық құндылықтарға негізделген ұлттық келісім рухы негізінде құралып, тәуелсіздік құндылығын ұлықтауы тиіс. Ал сол айтылғандардың барлығын өз бойына сыйдыратын, қысқа да нұсқалығымен бағалы идея «Жерұйық Қазақстан» болмақ», – дей келе, «Жерұйықты желмаямен іздеген арманшыл Асан қайғыдай өз еліне малға шүйгін жері бар, жанға жайлы елі бар болашақ тілейтіні мәлім. «Құтты қоныс» іздеу – әлем халықтарының дүниетанымында жақсы өмірді күткен арман-аңсардан туған рухани интенция» [7, 179], – деген тұжырым жасайды.

Қарға тамырлы Қазақ құтты қоныс іздеп жайлаудан күзеуге, күзеуден қыстауға, қыстаудан көктемгі қонысқа көшудің өзіндік сыры бар екендігі анық. Басты мақсат табиғатпен үндестікте болу. Жер Ананы құрметтеу. Асан қайғы да өзінің негізгі идеясы Қазақ халқын, елін құтты қонысқа орналастыру, Жер-Ананы қадірлеу болатын.

«Қыран ұшса қиядағы тозатын, құлан жортса тұяғы тозатын ұланғайыр дала төсінде ата-бабаларымыз жүздеген жылдар бойы арлы-берлі жөңкіле көшіп тіршілік құрды, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен туған жерін қорғады, әр заманда ордалы жұрттың туы сол жердің сан қаласына тігілді. Тіпті халқымыз жаппай отырықшылыққа көшкен кешегі жиырмасыншы ғасырдың өзінде

Алаш жұртының астана алмастыруы Орынбор, Қызылорда, Алматы болып жалғаса берді. Астананы қазақ елінің қақ ортасында – арқаға алып келуі арқылы еліміздің сан ғасырларға созылған ұлы көші діттеген жеріне жетті, халқымыз осылайша межелі мекенге мәңгілік қазық қағып, тәуелсіздігін тиянақтады» [8, 9].

Асан қайғы суреттеп кеткен құтты мекенге қазығымызды қағып, Астанамызды Нұра өзенінің іргесіне қоныстандырдық:

Жер екен ат семіртер алты күнде,
Тоқтатты онан кейін мүлде сөзді.
Тіс жарып енді айтпады басқа сөзді,
Артық сөз қоса алмадық бізде – дейді.

Дүниенің төрт бұрышын шарлап келіп Нұра өзені туралы өлең жолдары шын мәнісінде аталған жерде болғандығын айғақтайды. Себебі отырықшылыққа бет бұрған Қазақ халқы арналы өзендердің бойына үлкен қалаларды салуды мұрат еткен. Сол дәстүрді жалғастырып бізде Астананы Нұра өзенінің жағасына орнықтырдық. Қазіргі күнде де Нұра өзені балығы мол, шұрайлы, көпшіліктің демалатын орнына айналған.

Ата-бабаларымыздан асыл мұра болып қалған жауһарларымызды өскелең ұрпаққа түсіндіріп, құлағына құйып отыру маңызды. Себебі бүгінгі күн, кешегі күннің жалғасы. Ата-бабаларымыздың төккен терінің нәтижесі, қалдырған мұрасы. Демек, барды бағалап, одан әрі келесі ұрпаққа қалдыру ата аманаты болмақ.

Қазақ еліне әртүрлі мақсатпен келген шығыстанушы ғалымдар көп болды. Солардың бірегейі поляк ғалымы Адольф Янушкевич «Қазақ даласынан жазылған хаттар» атты еңбегінде қазақ халқының мәдениеті мен өнеріне тәнті бола отырып, оның жарқын болашағы жайында былайша ой түйіндейді: «Тәңірім осыншама қабілет дарытқан халық өркениетке жат болып қалуы мүмкін емес, оның рухы қазақ даласында аспандай көтеріліп, жарқырап сәуле шашатын болады» [9, 232].

Қазақ халқының ішкі әлеуетін сезіп, оған үлкен үміт артқан ғалымның сөзінің жаны бар. Әлемдік қауымдастықта қазақ халқының рухы асқақтап, қыран бүркіті аспанда қалықтап ұшып, күн сәулесіндей нұрын төгіп тұр. Тарих көрсетіп отырғандай «Қазақ» өте дарынды, кең пейілді, жақсылыққа жаны құмар, еркін ойлайтын ізденімпаз, іскер. Қолынан бәрі келетін бес аспап халық.

Қазақ өркениеті деген ұғымды қалыптастырып, кеңінен насихатап, зерттеп жүрген профессор Еренғайып Омаров былай дейді: Егер де

біз әлемдік өркениетке қазақтардың қосқан үлесін тізетін болсақ, бұл бір мақаламен шектелмейді. Қысқаша айтар болсақ, ол төмендегідей: Олар құрған мемлекеттер – Шөмер (Қазақтардың арасында үлкен ру – шөмеке бар), математика ғылымының отаны болған. Шөмерден бастауын тапқан төл жазуымызды ойлап тапты. Ол кейін Орхон-Ене-сей жазуы, руникалық сына жазуына айналды. Арий, Элам (Әлімдер –Аландар) Парфиялықтар және Вавилондықтар, Ұлы Ғұндар, Батыс және Ақ Ғұндар (Эфталиттер), Қорезм, Қошан, Парфия, Скиф, Сақ (қасақ, масақ), Қаңлы, Сармат, Үйсін, Қарлық, Қимақ, Қыпшақ, Авар, Қазар, Түрік, т.б. ұсақ мемлекеттер. Түріктер қазақтардан шыққанын ұмытпайды, Қазақстанды ата жұрт дейді. Осынша, мемлекет құра білген қазақ халқының ұрпағы болғанымызға қуанбасқа болмас.

Мәдениет пен өркениеттік тұрғыдан алғанда, кітапхана бар жерде жазу, сызу, білім мен ғылым бар деген сөз. Кітап – ғылымның негізгі құралы, қайнар көзі. Кітап шығаратын жерде қағаз өндіру өнері, кітап баспаханалары да дамиды. Оған қоса, қалалар салынып, халықтың мәдениеті де артады. Кітапханасы бар қалаға ғалымдар да шоғырланады, мектептер мен медреселер ашылады және ондай қаладан атақты ғұламалар шығады.

Нағыз өркениет деген – осы және бұл Қазақ Өркениеті. Өркениет – қоғамның материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы болғандықтан, жоғарыда рух туралы айтылған ойлардың маңыздылығы ашыла түседі. Осы ретте Қазақтың ұлттық идеясын қалыптастыру – алда тұрған келелі мәселе. Рухты көтеретін – тек қана ұлттық идея [10, 4 б.].

Белгілі ғалымның пікірімен толық келісуге болады. Себебі өткен тарих көрсетіп отырғандай, Араб, Батыс, Шығыс, Түркі өркениеті болса, неге Қазақ өркениеті болмауы керек. Қазақ өркениеті тарихта болған, тек оны айтуға мүмкіндік бермеді. 300 жылдан астам уақыт бодандықта болған Қазақ халқының тамырынан ажыратып, тегінен айыру саясаты жүрді. Дініміз бен ділімізден айырылып, тегімізді ұмыта жаздадық. Тәуелсіздіктің ақтаңы атып, ата-баба дәстүріне қайта оралдық.

Шыққан тегіміз түркі болғандықтан, түркі қағанаттары, оның ойшылдарының қанатты сөздерінің бізге жақын екендігін ұмытпаған дұрыс. Себебі мәңгілік ел болу идеясы осы түркілердің тасқа қашап жазған мәтіндерден көруге болады. Айталық, «Түркілер ұғымында Мәңгілік мақсатты көздемеген іс оңбайды, оны Тәңірі жарылқамайды» деген сөз тіркесі қалыптасқан [11, 382].

Ең маңыздысы қайда баратындығымыз анық. Мақсат міндетті туғызып, нені қалай жүзеге асыратындығымызды жоспарлап алдық. Ата-бабаларымыздың тасқа таңбалап, ұрпаққа мирас қылып қалдырған жауһарларымызды жандандырып, қалың оқырманның ауызына салып отыру уақыт талабы.

Түркілер – жаужүрек, еркін, дүниетанымы кең, табиғатпен үндестікте өмір сүрген. Дүниетанымдық сөз тіркестерінде елдік, жер, су, тәуелсіздік, даналық, жомарттық, адами қасиеттерге толы ұғымдарды кездестіреміз. Тәңірі жаратқан, тәңірінің сүйікті құлына айналған түркі халықтары сондықтан болар ең ұзақ үстемдік еткен империяның ұрпағы. Бодандықтың бұғауына түспеген халық.

Түркі хандығының заңды жалғасы Қазақ елі тарихи кезеңге қадам басып келеді. Екінші мың жылдық Қазақ елінің сыналар кезеңі болмақ.

Белгілі түркітанушы ғалым, Ахмет Ташағыл көне түркілер үшін тәуелсіздіктің маңызын Орхон-Енисей жазбаларының мән-мәтінімен түсіндіреді. Оның ойынша «Жерұйық» – түркілер дүниетанымындағы тәуелсіздікпен байланысы бар құтты мекен. «Себебі, түркілердің тәуелсіздікке қол жеткізуі және оны жоғалтуы жайында Орхон жазба ескерткіштерінде барынша тәптіштеліп түсіндірілген. Онда тәуелсіздікті жоғалтудың халық үшін өліммен тең екені, тәуелсіздікті алудың қайта тірілумен, жанданумен бірдей болатындығы және халықтың осындай оқиғалардан сабақ алу керектігі баса айтылған» [12], – деп атап көрсетеді.

Қорытындылар

Құтты мекенде ұйып Қазақ елін – Жерұйыққа айналдыру қазақ жерінде мекендеп жатқан барлық азаматтың асыл арманы болуы тиіс. Осындай жағдайды қаншама ғасырлар бойы ата-бабаларымыз аңсап, қасық қаны қалғанша күресті. Өз алдына ел болғысы келді. Міне оғанда жеттік. Шүкіршілік. Бірақ тоқмейілсіп отыратын заман емес. Заман секундап өзгеріс үстінде. Ең маңыздысы Асан қайғының «Жерұйық» идеясын барша халықты бір мақсат, бір мүддеге тоғыстыратын құралға айналдыру.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Өуезов М. Шығармалар жинағы. 12 томдық. 2-том. Алматы: Жазушы, 1969. 325 бет.

2. Қасқабасов С. Миф пен әпсананың тарихилығы// Қазақ фольклорының тарихилығы А., 1994.-312бет.
3. Толысбай Кенжалы. Асан Қайғы. Алматы: Дайк-Пресс-2006. 284 бет.
4. Қазақ болу – Ренассанстық идея//. Түркістан газеті. 28.05.2009 жыл.
5. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-ult-zhospary-kazakstandyk-armangabastaityn-zhol-makalasy
6. Есім Ғарифолла. Қазақ философы. // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 20 маусым. – 3 б.
7. Құлсариева А.Т. Тәуелсіз Қазақстан идеясы – жерұйық Қазақстан // Қазақ ұлтынан қазақ еліне. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 178-179 бб.
8. Астана. 1994 – 2013 жылдар аралығында «Егемен Қазақстан» газетінде Елорда туралы жарияланған мақалалар, сұхбаттар, сараптамалар, өлеңдер. Құраст. Жылқыбай Жағыппарұлы. Астана, 2013 жыл. 768 бет.// Сауытбек Абдрахманов. Алашты асқақтатқан Астана.
9. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. / Құрастырған Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. Алматы: Рауан, 1994. – Т. 1. – 320 б.
10. Омаров Еренғайып. Қазақ өркениетіне – 3000 жыл. // http://aikyn.kz/ru/news/show/9690-_aza_rkeniet_ne_3000_zhyl
11. Жұртбай Т. Өлімші халықты тірілткен Мәңгілік ел нысанасы. // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер. – Алматы: Ғылым, 2001-389 бет.
12. Ташағыл А. Түрік қағанатындағы адами құндылықтар// Тарих – Адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. – Астана: Фолиант, 2006. - Т.10: Түркі халықтарының тарихи ойы. – 369 б.